

Турдиева З.М., Муканова Л.К.

«ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕЛДАЛДАРЫ»

Оқу құралы

Семей 2018

УДК 336 (083)
ББК 68.231я87
М 83

Рецензенты:

Аманбаева А.А. – PhD докторы, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университетінің Экономика және менеджмент кафедрасының меңгерушісі

Орынбасарова А.А. – PhD докторы, Қазақ инновациялық университетінің Экономика, қаржы және есеп кафедрасының доценты, оқу әдістемелік және инновациялық бөлімінің басшысы.

Турдиева З.М., Муканова Л.К.

М 85 Қаржы нарығы және делдалдары [мәтін]: оқу құралы/ Турдиева З.М., Муканова Л.К. – Семей: ИД Интеллект, 2018 – 101 б.

ISBN 988-607-7815-68-0

Қаржы нарығы және делдалдары оқу құралы экономикалық мамандықтар студенттеріне арналған. Арнайы оқу құралын көбінесе қосымша мәліметтер көрсетілген, сонымен қатар шетел тәжірибесі бойынша мәліметтер көрсетілген. Арнайы құралды студенттер өздік жұмысына дайындау барысында пайдалануға болады.

УДК 336 (083)
ББК 68.231я87

Оқу құралы «Экономика және бизнес» мамандықтар бойынша ҚазИГЗУ ОӘК баспаға ұсынылды.

ISBN 988-607-7815-68-0

Турдиева З.М., Муканова Л.К., 2018

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ СӨЗ	4
1	ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕЛДАЛДАРЫ	5
2	НЕСИЕ НАРЫҒЫ ОНЫҢ МАҒЫНАСЫ МЕН МӘНІ	17
3	САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚР ДА ДАМУ	23
4	ЗЕЙНЕТАҚЫ НАРЫҒЫНЫҢ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КОМПАНИЯЛАР МЕН ҚОРЛАР.	30
5	БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ	35
6	ҚАРЖЫ ДЕЛДАЛДЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ДЕЛДАЛДАРЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ БАНКТИК ҚЫЗМЕТІ	40
7	ҚАРЖЫНЫҢ НАРЫҒЫ	50
8	ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ.	61
9	МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ	69
10	САЛЫҚ ЖӘНЕ САЛЫҚ НАРЫҒЫ	79
11	МЕМЛЕКЕТТІҢ АҚША-НЕСИЕ НАРЫҒЫ ЖӘНЕ САЯСАТЫ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ	88
	СӨЗДІКТЕР	97
	ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	101

КІРІСПЕ СӨЗ

Жаһандану экономикалық кеңістікпен негізгі экономикалық санаттар арасындағы шекараны жояды және олардың өзара байланыстарының маңыздылығын арттырады. Әлемдік қоғамдастық стандарттарына сәйкес келетін оқылатын курс мазмұнын өзгерту білім және ғылымның бүгінгі үрдісі талап етеді. «Қаржы нарығы және делдалдары» бекітілген «Қаржы нарығы» курсы толқтырылғаны және жаңартылғаны болып табылады.

Қаржы экономикалық жүйенің маңызды элементі болып табылады. Ғылыми әлемде «Қаржы нарығы» ұғымына әр түрлі түсіндірілулер бар. Алайда, қаржы қоғамдық қызметтің әр түрлі деңгейлеріндегі ақша қатыстары аясының және олардың ресурстарының кең ұғымын қамтитын күмәнсіз факт болып табылады.

1. Қаржы нарығы және делдалдары

1. Қаржы нарығы және оның сегменттері
2. Қаржы нарығының делдалдары
3. Ақша нарығы және капитал нарығы, олардың айырмашылығы
4. Бағалы қағаздар нарығының түсінігі мен қатысушылары
5. Қазақстанның қор биржасы
6. Валюта нарығының түсінігі мен функциялары

1. Қаржы нарығы және оның сегменттері

Қаржы жүйесімен жүзеге асырылатын уақытша бос ақша ресурстарының әр түрлі инвестицияларға айналу процесі қаржы нарығының қызмет етуімен және қаржы институттарының қызметімен тікелей байланысты. Егер қаржы ресурстарын шоғырландыру мен орналастыру процесінде қаржы институттарының негізгі рөлі меншік иелерінен қарыз алушыларға қаражаттардың мүмкіндігінше тиімді өтуін қамтамасыз ету болып табылады, онда қаржы ресурстары сатушылар мен сатып алушылардың арасындағы қаржылық активтер мен міндеттемелердің саудасын ұйымдастыру қаржы нарығының міндеті болып табылады. Мұндай нарықтардағы сатушылар мен сатып алушылардың экономикалық субъект ретіндегі үш тобы бар:

- 1) Үй шаруашылығы (жеке тұлға);
- 2) Меншік формасына қатыссыз барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер;
- 3) Мемлекеттік басқару органдары.

Олардың кез келгені нақты уақыт кезеңінде өз бюджетінің балансталған, оның дефициті мен профициті жағдайында болуы мүмкін. Шаруашылық жүргізуші субъектілермен мемлекетке қаржылық қаражаттарды қарызға алу қажеттілігі немесе уақытша бос қаражаттарын өзіне тиімді шатпен орналастыру мүмкіндігі пайда болады. Қаржы нарығы түпкі мәні бойынша әлеуетті сатушылар мен сатып алушылардың, сондай – ақ делдал институттардың мүдделерін тиімді ескеріп, жүзеге асыруға арналған.

Нарықтық экономика – өндірісті әлдеқайда тиімді ұйымдастырудың формасы. Бұл көптеген әлем елдерінің даму тәжірибесімен дәлелденген. Қазақстан республикасы үшін шаруашылық жүргізудің жаңа әдістері қаржы нарығының әлеуетті мүмкіндіктерін, ең алдымен елдің жан-жақты өсуін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді пайдалануды талап ететін еркін нарыққа өтуді білдіреді. Бұл мағынада, қаржы нарығы- ғылыми-техникалық прогрестің базасында дамитын, жалпы қоғам әл- ауқаттын қажетті деңгейіне қол жетікі және экономикалық тиімді өсу үшін барлық экономиканың саларын ресурстармен қамтамасыз ететін жеке бастамалар мен бәкелестікке үлкен мән беретін қоғамдық өндірісті ұйымдастырудың озық формасы.

Біздің көзқарасымыз бойынша, қаржы нарығы елдің барлық ақша ресурстарының, сонымен қатар әртүрлі экономика субъектілерінің тарпынан

осы ресурсқа деген сұраныс пен ұсыныстың ықпалын ұдайы қозғалыс үстінде болатын ақша ресурстардың жиынтығын білдіреді. Алайда ақша ресурстары мен шаруашылық жүргізуші субъектілер-қаржы нарығы емес. Ол ақша ресурстары мен шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында тікелей қатынас орнағанда ғана пайда болады. Сонымен, қаржы нарығы-бұл ең алдымен әртүрлі экономика субъектілернің арасындағы бос ақша капиталы мен жинақтарды мәміле жасау жолымен қайта бөлу және олардың қозғалысы бойынша пайда болатын ақшалай қатынастар.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, қаржы нарығының функциясын анықтайтын алғы шарттарға мына факторларды жатқызуға болады:

- 1) Қаржы ресурстарын қайта бөлуде мемлекеттің рөлі барынша азайту;
- 2) Монополияны шектеу және бәсекелестік дамыту мақсатында барлық меншік түріндегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің толық дербестігін қамтамасыз ету;
- 3) Бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін елдегі Орталық банктің ссудалық қорын пайдалануды тоқтатып, бұл мәселелерді мемкеттік зайымдарды яғни облигацияларды және басқада міндеттемелерді айналысқа шығару арқылы шешу қажет;
- 4) Бағалы қағаздарға инвестициялану мүмкін шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың ақшалай табыстарын тұрақты өсуі.

Қаржылық қатынас кез келген ел экономикасының даму негізі болып табылады. Қаржы ресурстарының айналымы мен қайта бөлінуі қаржы нарығын анықтап беретін олардың айналысының өзіндік аймағын қалыптастырады. Нарықтық экономика жағдайында қаржы нарығы тұтастай алғанда елдегі нарықтық қатынастар жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. «Қаржы нарығы» ұғымы қалыптасқан әлемдік тәжірибе мен әрбір мемлекеттің экономикалық дамуының өзіндік ерекшеліктеріне сай әр түрлі түсіндіріледі.

Ол ақша, депозит, несие, валюта, қор, сақтандыру, зейнетақы нарықтарының қаржылық құралдарымен ұйымдастырылған сауда жүйесін білдіреді. Мұнда ақша қаражаттарының ағымын меншік иелерінен қарыз алушыларға бағыттап отыратын қаржы институттары негізгі рөлді ойнайды. Онда төлем құралдары мен бағалы қағаздар тауар ретінде қолданылады. Қаржы нарығы кез келген нарық секілді қаржы ресурстарының сатушылары мен сатып алушылары арасындағы тікелей байланысты орнатуға арналған.

2. Қаржы нарығының делдалдары

Қаржы нарығының ажырамасы бөлігі қаржы делдалдары, олардың нарықтық экономика жағдайында атқаратын қызметтері өте зор.

Оларға: несие жинақтау мекемелері, инвестициялық қорлар, зейнетақы қорлары, сақтандыру компаниялары, ломбардтар, клирингтік компаниялар жатады. Өркендеген мемлекеттерде бұл институттар коммерциялық

банктермен қаржы нарығында бәсекеге түсіп, халыққа, фирмалар мен компанияларға сан алуан түрлі қызмет көрсетуде.

Делдалдар жүргізетін негізгі операциялар:

- халықтың ұсақ жинақтарын тарту;
- тұтынушылық, ипотекалық несиеле беру;
- сыртқы сауды операцияларын қаржыландыру және ұйымдастыру;
- халықаралық есеп-айырысуды және халықаралық сауданы жүргізу;

Факторинг – банктің делдалдық және сауда-комиссиялық қызметіне беріледі. Ол комиссиялық байланыстың делдалы және қысқа мерзімді несиенің айрықшалау түрлерінің экспорты болып табылады.

Факторинг – клиенттің айналым капиталын несиелеуге ұқсас сауда – комиссиялық операциясының бір түрі; ұсақ және орташа фирмаларға (клиенттерге) коммерциялық олардың еншілес фактор-бөлімдерінің фирма көрсететін қаржылық қызмет түрі. Оның мәні мынада, факто – бөлімі клиенттен олардың борышқорларына қоятын талабын өтеу мерзімі жеткенге дейін сатып алып, оның 70 тен 90%-ға дейінгі мөлшерде қарызын қайтарады.

Пайызды шегергеннен кейінгі қалатын бөлігі клиентке қарызды толық төлеген соң қайтарылады. Нәтижесінде фактор-бөлімінің клиенті өзінің қарызын тез арада қайтарып алады, бірақ ол үшін фактор-бөлімге белгілі бір пайыз төлейді.

Форфейтинг – коммерциялық кредиттің банктік кредитке айналу формасы. Форфейтинг кезінде тауар сатушы форфейтордың көмегімен тауар сатушының төлем документін инкоссациялауға тырысады (ақшаға айналдыруға). Коммерциялық вексельді сатып алу жолымен экспортты несиелеу.

Банк (форфейтор) экспортердан (сатушыдан) тауары үшін импортердың (сатып алушының) берген ақшалай міндеттемесін (вексельді) сатып алу арқылы экспортердың сатқан тауарының құнын толық немесе жартылай төлейді.

Фьючерс – белгілі бір мерзімді келісімдер нарығында несиелік, қаржылық активтермен жасалынатын келісімдер. Фьючерстік операция - проценттік өсімақы контрактілерін сатып алу мен сатуға байланысты операция. Фьючерстік операцияның негізгі екі мақсаты бар:

- 1) Спекулятивтік – алып сату арқылы пайда табу.
- 2) Хейджинг – сақтандыру, кепілдік арқылы пайда табу.

Хейджирование дегеніміз – бағалардың, кірстардың немесе пайыздық өсімақылардың өзгеруінен келісім объектілерін сақтандыру. Яғни фьючерстік операциялардың көмегімен ақшалай несиелік айналымдардың өзгеруінен сақтануға болады.

3. Ақша нарығы және капитал нарығы, олардың айырмашылығы

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық қызметінде, яғни олардың ағымдағы өтімділігін қамтамасыз етуде тауарлар мен қызметтерді сатушылар мен сатып алушыларға ақшалай қаражатты бөлу және қайта бөлу

механизмін қамтамасыз ететін ақша нарығының қаржылық құралдары маңызды рөл ойнайды. Кез келген қаржы құралының негізін ақша құрайтыны белгілі.

Эволюция процесінде олар ұдайы өзгеріп отырады әрі олардың бүгінгі күнгі жағдайын толық аяқталған кезеңіне жатқызуға болмайды. Белгілі бір сатыда құнның эквиваленттік формасы пайда болды: ар жиынтығынан бір тауар жеке бөлініп алынады, осының нәтижесінде қалғант басқа тауарлар өзгереді. Эквивалент – тауарларға қойылатын талап әзірленді:


- бөлінушілік;
- ықшамдылық;
- біртектілік.

Жалпы эквивалент осы аталған ерекшеліктерге ие болғандықтан эквивалент тауарлардан жеке бөлінеді. Одан ары дамыту процесінде металдан тауарлардың жалпыға ортақ эквиваленті ретінде ақша бөлініп алынады, қйткені аз ғана сан үлкен құнды қамтиді.

Осылайша, тарихи ақша тауарлардың жалпы әлемінкен бөлініп, ең алдымен оның өзі бір мезгілде жай және өзіндік ерекшелігі бар тауар-ақша болды. Одан арғы тарихында ақшаның тауарлық формасы жойылады да жаңа формаға көшеді.

Осы заманғы кезеңде борыштық міндеттемелер туралы тиісті жазуы бар банк ақшалары пайда болады. Оның пайда болуына тауар алмасу процесін жүзеге асыруға қажетті тауарлық қатынастардың тұрмыс тіршілікте кеңінен қолданылуы себеп болды.

Тауар-ақша қатынасын сызба бойынша көрсетуге болады:



Осы тауар айналымын бұлайша бөлуге ақшалай қатынастардың дамуы, жинақтау құралы және төлем құралы ретіндегі ақша функцияларының пайда болуы себепкер болды. Ақшалай қатынастардың пайда болуы мен дамуы тікелей баспа-бас операцияларын жүзеге асырудың мүмкіндіктерін бірден төмендетіп тастады. Ақшаға деген қажеттілік нақты тауар ретінде болатын еңбектің екі жақтылық сипатындағы қайшылықты жою үшін туындайды. Ол тек бір ғана жолмен – жалпыға ортақ эквиваленттегі тауарлардан ақшаны жеке бөліп алумен шешіледі.

Ақша бастапқыда әр түрлі ұлу қабыршағы, мал-мүлік және т.б. формаларында болды. Содан кейін оларды алтын, күміс және бақыр тиындар алмастырды. Ал, тиын формасын несие деп аталатын ақша алмастырады.

Несиелік ақшаның ең алғашқы тарихи түрі – вексель. Ол иесіне (беруші жақ) қарыз алушылардан белгіленген мерзім ішінде осы аты аталған

ақшалай соманы төлеуін талап етуіне құқық беретін борыштық міндеттеме ретінде болды. Вексель, сондай-ақ, басқа тұлғаға да берілуі мүмкін. Ол осылайша белгілі бір ақша түрінде болады, алайда мұнда жалпыға ортақ эквивалент рөлін атқармайды.

XIV ғасырдың соңында алтын монометаллизм жағдайында банкир векселі ретінде болатын несие ақшасының әр түрлілігі ретінде банкнот пайда болды. Банкнот эмиссиясын бастапқыда кез-келген банк жүзеге асыратын, алайда эмитент рөлін мемлекет өз мойнына алды.

XVI- XVII ғасырларда қолма-қолсыз ақша есеп айырысу қолданысқа ене бастады. Сонымен бірге, несие ақшасының жаңа формасы – белгілі бір ақша сомасын чек иесіне төлеу немесе оның атына аудару турасындағы банк шоты иесінің жазбаша бұйрығын білдіретін чек пайда болды.

Бүгінгі таңда тәжірибеде таурлар алтынмен емес, қағаз-несие ақшасымен дарытады, ал алтынмен арадағы байланысының үзілуіне оларды қымбат металдармен еркін айырбастаудың тоқтауы себеп болды. Ендігі жерде несие-қағаз ақша жалпыға эквивалент ретінде алға шығып, алтынның рөлін атқарады. Ақша ретінде құн белгілерін пайдалану оған бірқатар тауарлық сипаттарды дарытады: олар сатылады және сатып алынады, тауарларға айырбасталады. Алайда ақшаның тауарға тән ең басты ерекшелігі жоқ – оның өзіндік құны болмайды. Осылайша, ол (ақша) құн өлшемі рөлін атқарады.

Салыстырмалы түрде ақшаның жаңа формасына девиз (французша devises) – халықаралық есеп айырысуда қолданылатын шетелдік валютадағы төлем құралы болып табылады. Бастапқыда ол экспорттаушы импорттаушының атына жазып беретін коммерциялық аудармалы вексельдер (тратт) түрінде болды. Ол алтын девиз стандарты кезінде банкноттық эмиссия мен ұсақ қорларды қамтамасыз етумен қызмет етті. Банкердің корреспонденттік байланысының және әлемдік сауданың ұлғаюына орай девиз банк төлем құралының формасына енеді: вексель, чек, аккредитив, телеграфтық аудару, сондай-ақ мемлекетаралық өзара қысқа мерзімді несиелер («своп»). Девиздер халықаралық төлем айналымында банкнот және шетелдік бағалы қағаздар түрінде болады. Елдердің валюталарында тұлғалануы арқылы халықаралық сауда мен төлем айналымында негізгі рөлді де ойнайды. Соңғысы ретінде орталық банкердің, қазынашылық және үкіметтік органдардың өтемдік ресурстардың құрамына кіретін резервтік немесе салыстырмалы түрде тұрақты, қайтарылатын валюталар алға шығады.

Белгілі болғандай, ақша мынадай функцияларды орындайды:

- құн өлшемін;
- айналым құралын;
- төлем құралын;
- жинақтау құралын;
- әлемдік ақша.

Ол құн өлшемі ретінде мінсіз болып табылатындықтан тауар құнын бағалауға мүмкіндік береді. Ақшаның осы функцияларындағы майда (ұсақ)

еместері есеп айырысу үшін пайдаланылады, яғни бұл арада саны арқылы жоспарланған тауардың құнын бағалауға болатын ақша турасында айтылып отыр.құн өлшемі ретіндегі ақша функциясы макроэкономика шеңберінде кәсіпорындардағы НД, ЖҰӨ есеп айырысуларында белсенді түрде қолданылады. Ол бизнес-жоспардың негізгі көрсеткіштерін бағалауға мүмкіндік береді.

4. Бағалы қағаздар нарығының түсінігі мен қатысушылары

Бағалы қағаздар нарығы- бағалы қағаздарды сатушы мен сатып алушы арасында туындайтын экономикалық қатынастар жиынтығы. Аталған нарықтың жіктелінуі бағалы қағаздардың жіктелінуіне сәйкес келеді. Бағалы қағаздар нарығының жіктелуі мына ретпен жүргізіледі.

- 1) Халықаралық және ұлттық бағалы қағаздар нарығы
- 2) Ұлттық және аумақтық нарықтар
- 3) Бағалы қағаздардың нақты түріне қатысты нарықтар (акция, облигация, т.с.с.)
- 4) Мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар нарығы
- 5) Негізгі және туынды бағалы қағаздар нарығы

Бағалы қағаздар нарығының басты қызметтеріне қайта бөлу және бағамен қаржы тәуекелдерін сақтандыру функциясын жатқызуға болады. Нарықта бағалы қағаздарды сатып өткізу тәсіліне байланысты.

- 1) бастапқы және қайталама
- 2) ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған
- 3) биржалық және биржадан тыс
- 4) дәстүрлі және компьютерленген
- 5) кассалық және мерзімді нарықтарға топтастыруға болады.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары.

1. Сауда аландарын (биржалық, биржадан тыс)
2. Сауда агенттері (брокер, диллер, т.с.с.)
3. Қор нарығының инфрақұрылымының қатысушылары
 - Депозитари
 - Тіркеушілер
 - Клиринг ұйымы
 - Кастодиандар

Бағалы қағаз портфелін басқарушылар.

ҚР бағалы қағаздар нарығының құрылымы

ҚР азаматтық кодекс бойынша бағалы қағаздар деп – мүлікті құқықты бекітілген нысанында және мідетті деректемелерді сақтай отырып қуәландыратын құжат.

Бағалы қағаздардың экономикалық мәнін ашуда құжаттың бағалы қағаз мәртебесіне ие болуы үшін қосымша сапаларын анықтау қажет:

1-ден, бағалы қағаздар өз кезегінде меншік титулы насанында мүліктік құқықты (корпорация акциялары, вексельдер, коносаминттер және т.б.)

немесе құжат иесімен оны шығарушы тұлға арасындағы қарыздық қатынасты куәландыратын ақша құжаты.

2-ден, бағалы қағаздар бағалы қағаз қорларының инвестициялары туралы куәландыратын құжат ретінде қызмететеді. Бұл жерде олар инвестицияны жоғары нысаны ретінде басты рөлді ойнайды.

3-ден, бағалы қағаздар – бұл нақты активтерге (акциларға, чектерге, коносаменттерге, тұрғын үй сертификаттарына және т.б.) талап етуі көрсетілетін құжат.

4-ден, бағалы қағаздардың экономикалық мәнін түсіну үшін маңызды сәті олардың табыс әкелуі болады. Алайды, мұндай капиталының нақты капиталынан айырмашылығы бар, ол өндірістік процесс қызмет етпейді немесе қатыспайды.

Бағалы қағаздар ерекше тауар ретінде, яғни өзіне тиесілі ұйымдары және онда жұмыс істеу ережелері бар нарығы боу керек.

Алайды, бағалы қағаздар нарығында сатылатын тауарлар ерекше тауар болып табылады. Себебі, бағалы қағаздар – бұл тек меншік титулы табыс алуға құқық беретін, бірақ нақты капитал алуға құқығы жоқ құжат.

БҚН-дағы басқа нарықтар сияқты күрделі ұйымдық және техникалық циклдардың толықтығымен аяқталғандықтан жоғары деңгеймен ұсынады. Онда бағалы қағаз баға кешенін қолдаун арқылы сатып алу, сату зат ретінде пайдаланылады. Бұл жай тауардан ерекшеленеді.

Бағалы қағаздардың айналымға түсуі уақыт пен әдісіне байланысты, олардың нарығы алғашқы рет екінші болып бөлінеді.

Алғашқы нарықта жаңадан шығарылған бағалы қағаздарды, олардың иемденушіге сатады.

Екінші нарықта бағалы қағаздардың айналысы, яғни олардың иеденушілердің ауысуы.

Бағалы қағаздардың атаулы, эмиссиялық және нарықтық бағасы болады.

Атаулы баға – дивиденттерді, пайыздарды есептеу базасы ретінде нақты есептік мәні бар және одан кейінгі есеп айырысуда қолданылады.

Эмиссиялық баға – бағалы қағаздарды алғашқы орналастыру кезіндегі сатылу бағасы. Ол табыстық және несиелік пайыздық деңгеймен анықталады.

Нарықтық баға – бағалы қағаздарды екінші нарықта айналу бағасы. Оның көлеміне сұраныс пен ұсыныстың ара қатынасы әсер етеді.

5. Қазақстанның қор биржасы

Қор биржасы деген бағалы қағаздар сатып алынатын және сатылатын негізгі нарық орны. Қор биржаларында ірі банктер қожалық етеді. "Биржа" деген термин ежелгі грек сөзі - "бурзэ" , яғни әмиян деген мағынаны білдіреді. Алғашқы қор биржасы XVI ғ. Голандияда бағалы қағаздар (облигация, содан кейін акция) шығару және сату үшін пайда болған. Ал XVII ғ. Биржалар тауар және қор биржасы болып бөліне бастады. Қор биржаларының ең кең түрде дамыған кезі капитализмнің монополизм

сатысына өту кезі, яғни ХХ ғ. бас кезі. Ол уақытта қор биржаларының негізгі операциялары өндіріс кәсіпорындарының акцияларын шығару және сату болды. Биржа өнеркәсіп циклын және жалпы елдің экономикасы мен саясатындағы өзгерістерді қадағалап отыратын барометр сияқты. Сондықтан қор биржасы өнеркәсіптің өрістеу фазасында экономиканың өсуіне, ал дағдарыс фазасында оның баяулауына себепші болады.

Экономикасы дамыған мемлекеттерде биржалар бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы:

- 1) қор биржасы (бағалы қағаздар сатады);
- 2) валюта биржасы;
- 3) тауар биржасы;
- 4) еңбек биржасы.

Сонымен, биржа — нарықтың ұйымдасқан түрі, онда сұраным мен ұсыным негізінде тауармен, бағалы қағаздармен сауда жасалады және қызметкерлер жалданады. Ол — сатушылар мен сатып алушылар келісімге келу үшін кездесетін орын.

Қор биржасы жеке кәсіпкерлік принципінде жұмыс істейді (мысалы, Лондон, Нью-Йорк биржалары), немесе оны мемлекет ұйымдастырады (мысалы, Францияда, Италияда). Қор биржасын ұйымдастыру және оны басқаруда әр елде көптеген өзгешеліктер бар. Қор биржасын жұмысы жарғы бойынша ұйымдастырылады. Жарғыда қор биржасын құру, оны басқару тәртібі және оның әрбір буынының қызметі, мүшелерінің құрамы және сол сияқты ұйымдастыру принциптері анықталады. Биржаның басшы органы болып *биржалық комитет* саналады, ал оның мүшелерін *брокер* деп атайды. Олар бағалы қағаздар нарығында клиенттердің есебінен және солардың атынан делдал болып операциялар жүргізеді. Себебі нарыққа клиенттердің өздері қатысуға болмайды. Брокерлер сол жұмысы үшін *куртаж* деп аталатын төлемақы алады. Брокерлермен қатар өз есебінен ақша жұмсап алыпсатарлықпен айналысатын дилер де жүреді. Дилердің табатын пайдасы бағалы қағазды сататын және сатып алатын бағасының айырмашылығын я болмаса клиент берген мәміле сомасының белгілі бір келісілген нақты пайызы болуы мүмкін. Бұл әрине келісім шартта көрсетіледі.

Сонымен қор биржасы — бағалы қағаз иелерінің биржа мүшелері, яғни делдалдар арқылы бағалы қағаздарды сату және сатып алу жөнінде мәміле жасайтын нарық.

Биржада жеке компаниялардың, мемлекеттік органдардың немесе шетелдердің бағалы қағаздары (өдетте, тек акциялар мен облигациялар) айналымға түседі. Айналымдағы шетелдік қағаздардың құрылымы мемлекет бойынша ажыратылады.

Мысалы, қай мемлекеттен қанша бағалы қағаз айналымға түсетіні алдын ала анықталады. Францияға карағанда АҚШ-тың, Германия Федеративті республикасының және Жапонияның биржалық операцияларында мемлекеттік бағалы қағаздар мөлшері өте көп емес. Биржа комитетінің шешімі бойынша биржа айналымына, әлбетте, ірі

компаниялардың бағалы қағаздары түседі. Мысалы, АҚШ-та егер корпорацияның биржадан түсетін таза пайдасының төменгі шегі 1 млн. доллардан кем болмаса, сонда ғана ол корпорацияның бағалы қағаздары биржаға жіберіледі. Ол үшін алдын ала биржа басқармасы кеңесінен келісім алып, оны бағалы бағалы қағаздар операциясы комиссиясында тіркеуден өткізуі керек.

Биржа операциялары *кассалық және мерзімдік* болып ірі екі топқа бөлінеді.

Біріншісі бойынша келісімге келген бойда есеп жүргізіледі, яғни сатып алушы қағаз үшін ақша төлеп, орнына сатушыдан бағалы қағазды алады.

Екіншісінде есеп мәміледе көрсетілген мезгілде жүргізіледі: ол айдың ортасы немесе аяғы болуы, болмаса үш, алты ай және с.с. уақыт өткеннен кейін болуы мүмкін. Операцияның екі түрі де рұқсат етілген биржаларда өтеді. Бағалы қағаздардың курсы әртүрлі болуы мүмкін. Онда кассалық бағасы, мерзімдік мәмілеге түсетін қағаздардың бағасынан өзгеше болады. Шын мәнінде мерзімдік мәміленің айырмашылығы да оның курсына, яғни қағаздың бағасына. Сондықтан мерзімдік мәмілені алыпсатарлық мәміле деп те атайды.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби мамандары:

1. Брокерлер — делдал ретінде келісімге қатынасатын адамдар. Брокер келісімін жасасатын әрбір жақты табыстыруды көздейді. Брокер өкіл емес, ешбір жақтың шарттық қатынастарына қатыспайды, жекелеген тапсырмалар негізінде жұмыс істейді. Брокерге әрбір жеке келісімді жасасуға арнаулы өкілеттік берілді. Ол тек сол өкілеттік шегінде әрекет етуге міндетті.

2. Дилерлер - өз капиталымен келісім жасайтын делдалдар.

3. Джобберлер — нарық конъюнктурасын бақылаушылар.

Осы мамандармен қатар бағалы қағаздар нарығына банк қызметкерлері, инвестициялық қорлардың қызметкерлері және нарық қызметін реттейтін ереже - заң шығаратын мемлекеттік шенеуніктер мен заң қызметкерлері қатысады.

6. Валюта нарығының түсінігі мен функциялары

Валюталық нарықтар – уақтылы есеп айырысуларды жүзеге асыруды, валюталық қаражаттарды біршама тиімді пайдалануын, валюталық операцияларға қатысушылардың валюталық бағамдар айырмасы түрінде пайда алуын, валюталық тәуекелдерді сақтандыруды, валюталық бағамдарды реттеуді, валюталық саясатты жүргізуді қамтамасыз ете отырып, ішкі және халықаралық төлем айналымына қызмет етеді.

Валютаны айырбастау операциялары ежелде «ауыстыру ісі нысанында» ерте заманда және ортағасырларда пайда болып, бірақ қазіргі түсініктегі валюталық нарық XIX ғасырда қалыптасты. Олар келесідей негізгі ерекшеліктермен сипатталады:

- байланыстың электронды құралын кеңінен қолдану және олар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруда шаруашылық қызметті

интернационалдандыру негізінде валюталық нарықты интернационалдандыру күшейеді;

- операциялар барлық елдер түпкірінде тәулік ішінде үздіксіз жасалынады;
- валюталық операциялар техникасы әйкестендірілген, есеп айырысулар банктің корреспонденттік есепшоты арқылы жүргізіледі;
- валюталық және несиелік тәуекелді сақтандыру мақсатында валюталық операциялардың кең дамуы;
- алып – сатарлық және төрелік операциялар коммерциялық мәмілемен байланысты валюталық операциялардан біршама асып түседі. Олардың қатысушыларының саны бірден өсті және олардың құрамына банктер мен ұлт аралық корпорациялардан (ҰАК) басқа заңды және жеке тұлғалар да жатады;
- тұрақты экономикалық жағдайларға тәуелсіз өздерінің биржалық тауарларына байланысты тенденциясы бар валюталық бағамның тұрақсыздығы.

Халықаралық есеп айырысудың өзіндік ерекшелігі барлық елдер үшін жалпыға бірдей қабылданған төлем құралының болмауында. Сондықтан да сыртқы сауда, көрсетілген қызметтер, несиелер, инвестициялар, мемлекетаралық төлемдер бойынша есеп айырысудың қажетті шарты сатып алу – сату формасында бір валютаны екінші біріне айырбастау болып табылады.

Валюталық нарықтарда шетел валютасына деген сұраныс пен ұсыныстың ең алдымен сатылған тауарлар және көрсетілген қызметтер үшін валюталық түсім алған экспортерлардан; сатып алған тауарлары мен көлік және кеме компанияларынан алынған қызметтері үшін төлемдерді төлеуде импортерден; сондай – ақ көрсеткен қызметтері үшін фрахты, сақтандыру сыйақысы, брокерлік және банктік комиссия түрінде валюталар алатын сақтандыру қоғамдары мен банктерден; дивидент төлеуге, займды, несиені және оған есептелген пайызды және т.б. қайтаруға міндеттемесі бар заңды және жеке тұлғалардан туындайды.

Атқарымдық көзқарас тұрғысынан валюталық нарық келесілерді қамтиды:

- 1) халықаралық есеп айырысулардың уақытылы жүзеге асырылуы;
- 2) валюталық және несиелік тәуекелді сақтандыру;
- 3) әлемдік валюталық, несиелік және қаржылық нарықтардың өзара байланысы;
- 4) банк, кәсіпорын, мемлекеттің валюталық резервтерінің әртараптандырылуы (диверсификациясы);
- 5) валюталық бағамды реттеу;
- 6) қатысушылардың валюталық бағам айырмасы ретінде алатын алып-сатарлық пайдасы;
- 7) экономиканы мемлекеттік реттеуге бағытталған валюталық саясатты жүргізу.

Валюта нарығы – сұраным мен ұсыным негізінде валюталарды сатып алу – сату шоғырланған ресми орталық және шетел валютасымен төленетін төлем құжаттарын сатып алу– сату жөніндегі тұрақты экономикалық және ұйымдық қатынастар жүйесі. Мұнда еуродепозиттер нарығы, еуронесиелер нарығы, еурооблигациялар нарығы қамтылады. Биржалық валюталық нарық және биржадан тыс (банкаралық) валюталық нарық түрлеріне бөлінеді. Дүниежүзілік аса ірі валюталық нарықтар АҚШ– та, Ұлы Британияда, ГФР–де, Францияда, Швейцарияда, Жапонияда, Сингапурде, орналасқан.

Валюта нарығында операциялардың екі түрі қолданылады, олар: «спот» (валютаны дереу жеткізу) «форвард» – келісілген бағам бойынша уағдалы уақыттан кейін (бір айдан және одан көп уақыттан кейін) жеткізу. Қазіргі валюталық нарықтарда мынадай ағымдарды бөліп қарауға болады:

- 1) шаруашылық байланыстардың интернационалдануы негізінде валюталық нарықтардың интернационалдануының күшеюі;
- 2) байланыстың жаңа жүйелерін пайдалану;
- 3) әлемнің барлық бөліктеріне тәулік ішінде үздіксіз операцияларды жасау;
- 4) банктердің корреспонденттік шоттары бойынша жазбаша түрде негізделетін валюталық операцияларды жүргізу техникасын біртұтастандыру;
- 5) коммерциялық валюталық мәмілелермен салыстырғанда алыпсатарлық және арбитраждық валюталық мәмілелер көлемін ұлғайту.

Сонымен, валюталық нарықтарда валюталық операцияларды жүргізуге халықаралық сауда мен оған байланысты көрсетілген қызметтер және халықаралық капиталдар мен несиелер қозғалысы негіз болып табылады.

Валюталық нарық белгілеріне қарай мынадай түрде жіктеледі:

- 1) Орналасу аумағына қарай:
 - Халықаралық;
 - Ұлттық (жергілікті);
 - Аймақтық.
- 2) Валюталық шектеуге қатысты:
 - Еркін нарық;
 - Еркін емес нарық.

Халықаралық валюталық нарықтар ірі дүниежүзілік қаржы орталықтарында шоғырланған. Олардың ішінде: Лондондағы, Нью – йорктегі, Франкфрут – на – Майенедегі, Париждегі, Цюрихте, Токио, Сингапурдағы, Гонконгтағы валюталық нарықтарды бөліп айтуға болады. Бұл нарықтарды халықаралық төлем айналымында кеңінен қолданылатын валюталармен операциялар жүзеге асырылады.

Аймақтық және жергілікті нарықтарда белгілі бір конвертирленетін валюталармен операциялар жүргізіледі. Оның қатарында сингапур доллары, сауд риалы, кувейт динары және т.б. бар.

Ұлттық валюталық нарықтар деп, ережеге сәйкес, халықаралық операцияларды жүргізуге маманданбаған, өз клиенттеріне (олардың

қатарында компаниялар, жеке тұлғалар және банктер болуы мүмкін) валюта бойынша қызмет көрсететін сол елдің аумағында орналасқан банктердің жүзеге асыратын операцияларының жиынтығын айтады. Сонымен қатар, ішкі ұлттық нарықтағы операцияларға жекелеген компаниялар арасында жасалатын операцияларды, жеке тұлғалар арасындағы операцияларды, сондай-ақ валюта биржасында жүргізілетін операцияларды да жатқызады. Жоғарыда келтірілген сипаттамаға қарап, Қазақстанда ұлттық нарықтың жұмыс жасайтынын айтуға болады. 2000 жылы операциялар көлемі USD – 1136574 мыңды құрайды.

Сол немесе басқа елдің ішкі валюталық заңдылықтарының ырықтандырылуына байланысты ресми валюталық нарық «қара нарықпен» толықтырылуы мүмкін. «Қара нарықтың» болуы барлық ТМД елдеріне тән сипат. Қазақстанда Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің жүргізетін саясаты, айырбас орындарының көптеп ашылуы пайда массасын өсіру үшін банктер арасында бәсекені ұлғайта отырып, «көше» нарықтарында валютамен сауданы азайтуға және соның нәтижесінде «қара нарықтың» әрекет ету аясының қысқаруына әкелді.

2. Несие нарығы оның мағынасы мен мәні.

1. Қаржы нарығы жүйесіндегі несие нарығының орны.
2. Ұдайы өндірістік процесс кезіндегі несиенің рөлі.
3. Несие нарығының құралдары. Несие түрлері.

1. Қаржы нарығы жүйесіндегі несие нарығының орны.

Несие (лат. *creditum* — несие, *credo* - сенемін, сенім білдіремін), несие белгілі-бір мерзім бойы пайдаланып, қайтарылу үшін әдетте, пайыз төлеу шартымен ақшалай немесе тауар түрінде берілетін қарыз. Оның қозғалысы кезінде несиелер мен қарызгер арасында белгілі бір экономикалық қатынастар қалыптасады.

Несиедің дамуы ұдайы өндіріс үрдісіндегі капиталдың ауыспалы айналымының заңдылықтарына орайлас келеді: шаруашылықтың белгілі бір телімдерінде уақытша еркін айналымдағы ақша капиталы бос қалады да, басқаларында оған деген мұқтаждық, яғни несие алу қажеттілігі туады. Капиталдың ауыспалы айналымы негізінде пайда болған уақытша еркін айналымдағы ақша капиталы, халық пен мемлекеттің ақшалай жинақтары несие көзін құрайды.

Несиелік қатынастар жүйесінде несие операцияларын жасау үшін қаражат тартудың да маңызы зор. Мұндай қызмет әр түрлі несиелік қатынастар үшін біркелкі бола бермейді. Айталық, коммерциялық несие кезінде несиегердің сырттан қаражат тарту қажеттілігі туындамайды, ал банктік несиелеуде сырттан тартылған қорлардың кеңінен пайдаланылуы көзделеді.

Экономиканы дамытуда несиенің рөлі маңызды әрі сан салалы. Несие өнімнің өндірілуі, өткізілуі мен тұтынылуы үрдісіне және ақша айналысы саласына әсерін тигізеді, яғни өнімді өндіру мен өткізу үрдістерінің іркіліссіз болуына ықпал етеді, өндірістің маусымдылығына орай туындаған қаражатқа деген ділгірлікті уақытша қанағаттандыруда, өндірісті кеңейтуде үлкен рөл атқарады.

Тұтыну несиесі халықтың әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға септігін тигізеді. Несие, негізінен, коммерциялық несие және банк несиесі түрлеріне бөлінеді.

Айрықша түрі халықаралық несие *Коммерциялық несие* — сатушы тауарды сатып алушыға төлемін кейінге қалдыра отырып беретін несие. Бұл орайда айналым құралы ретінде, әдетте, вексель жүреді. Мұндағы вексель дегеніміз — несиеге вексель беруші қарызгерден вексельде көрсетілген ақша сомасын белгіленген мерзімде төлеуді талап ету құқын беретін белгілі бір нысандағы жазбаша борыштық міндеттеме.

Банкнесиесінің әмбебаптық сипаты бар. Бұл ретте банктер, ақша иелері және басқа несие мекемелері несиегерлер болып келеді. Несиенің берілуі мен өтелуіне, ставка пайызының мөлшеріне байланысты тараптардың міндеттемесі мен экономикалық жауапкершілігі несиелік келісімдер

негізінде шешімін табады. Банк несиені несиелеу мерзіміне қарай *қысқа мерзімді* (1 жылға дейінгі мерзімге), орта мерзімді (1 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімге) және *ұзақ мерзімді* (3 жылдан астам мерзімге) болып келеді. Ол қарызгерге тиесілі жылжымайтын мүлік, тауарлар, бағалы қағаздар мен өзге де құндылықтар кепілімен қамтамасыз етілуге тиіс. Сондай-ақ, несие түрлері несиелеу нысандары мен әдістері бойынша және басқа белгілеріне қарай жіктеледі.

Несие нарығы дегеніміз – несие ресурстарының түріндегі ақшалай қаражатты сатып, сатып алу бойынша олардың қатынастарының жиынтығы. Несие нарығының объектілері болып нақты және нақты емес нысандағы ақшалай қаражаттар табылады.

Жалпы несие нарығының негізгі субъектісі болып коммерциялық банктер табылады. Олар бір жағынан жалға алушы және екінші жағынан сол жалға алған қаражатты несие беруші қызметтерін атқарады және бұл операциялар коммерциялық банктің негізгі қаржылық нәтижесін қалыптастыратын дәстүрлі операция болып табылады.

Несие нарығы арқылы жалға алынған капиталды экономиканың сфералары арасында бөлу және қайта бөлу, қорлану жүргізіледі. Несие нарығының маңызы қандай ақша капиталының қолданылатынына байланыссыз болады.

Несие нарығы арқылы өндірістің және тауар айналымының өсімі, капиталдың қозғалысы, ақшалай жинақтардың трансформациясы, ғылыми техникалық революция, негізгі капиталдың жаңаруы жүргізіледі.

Несие нарығының негізгі қатысушылары ретінде кредитор мен жалға алушы қатысады. Кредитор қарыз беруді жүзеге асыратын несие мәмілесінің қатысушысы. Тауар өндірісінің алғашқы сатысында кредиторлық қызметпен жеке тұлғалар айналысты. Оның дамуының нәтижесінде ақшалай кредиторлар ретінде банк мекемелері дами бастады. Ал тауарларды қарызға беру кезінде кредитор болыр тауар өндірушілер табылды.

Қарыз беру үшін кредитордың қолында қажетті қаражат болуы керек. Оның көздері болып жеке қорлар, және ұдайы өндіріс процесінің басқа субъектілерінен қайтарымды негізде алынған ресурстар табылады.

Қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында банк кредитор қарызды тек жеке қаражаты көзінен ғана емес, тартылған қаражат есептерінен және бағалы қағазды орналастырғаннан түскен қаражат есебінен де жүзеге асырады.

Жалға алушы – бұл несиені алып, бекітілген мерзімді алынған қарыз сомасын қайтарыду жүзеге асыратын несие қатынастарының қатысушысы. Жалға алушы кредитормен салыстырғанда ерекшеліктерге ие болады:

- жалға алушы қарызға алынған қаражаттың меншік иесі емес, тек оның уақытша иегері;
- жалға алушы қарызға алған қаражатын айналыс сферасында да өндіріс сферасында да қолданады. Кредитор қарызды айырбас фазасында береді;

- жалға алушы қарызға алған қаражатты оның шаруашылығында шеңбер айналымын аяқтаған кезде қайтарады. Несиені қайтаруды қамтамасыз ету үшін жалға алушы ұдайы өндіріс процесін кредиторлармен есеп айырысуға мүмкіндік беретін қаражаттың уақытында айналыстан босайтындай етіп ұйымдастыруы қажет.

- жалға алушы тек қарыз сомасын қайтарып қоймай, қарыздық пайызды да төлейді. Бұл жерде жалға алушы кредитордың қойған талаптарына тікелей тәуелді болатындығын ескеру қажет.

Несие қозғалысының заңдалықтары несие нарығында кредитор мен жалға алушының арасында қалыптасатын қатынастарды толық түсінуге мүмкіндік береді.

Несиелік қарым қатынасқа түсе отырып, кредитор мен жалға алушы өздерінің мақсаттары мен қызығушылықтарының бірлігін көрсетеді. Несиелік қатынас барысында олар орындарымен ауысуы да мүмкін, яғни кредитор жалға алушыға ал жалға алушы кредиторға айналуы мүмкін.

2. Ұдайы өндірістік процесс кезіндегі несие рөлі.

Несие нарығының инструменті болып несие табылады. Ол айырбас сатысында пайда бола отырып, құн қозғалысының үзіліссіздігін қамтамасыз ететін қарыз мәмілесінің нысанына айналады.

Нарықтық шаруашылық жағдайында несие негізгі нысаны болып банктік несие табылады. Бұл жерде несие қатынастарының субъектілері болып кәсіпорындар, мемлекет және банктердің өздері қатысады. Коммерциялық банктер өзінің клиенттеріне несие негізгі әр түрлерін ұсынады. Олар әр түрлі белгілері бойынша жіктеледі.

Жалға алушылардың негізгі топтары бойынша: шаруашылықтарға несие, халыққа несие, мемлекеттік үкімет органдарына несиелер.

Бағыттары бойынша несиелер былай жіктеледі:

- тұтыну;
- өнеркәсіптік;
- сауда;
- ауыл шаруашылық;
- инвестициялық;
- бюджеттік.

Қызмет ету сферасына байланысты экономиканың барлық салаларының шаруашылық субъектілеріне берілетін банктік несиелер екі түрге бөлінуі мүмкін:

- негізгі қорлардың кеңейтілген ұдайы өндірісіне қатысушы несиелер;
- айналым қорларын ұйымдастыруға қатысушы несиелер, яғни өндіріс пен айналым сферасына бағытталған несиелер.

Пайдалану мерзіміне байланысты несиелер талап ету бойынша және мерзімді деп бөлінеді.

Мерзімді несиелердің өзі:

- қысқа мерзімді (1 жылға дейін)

- орта мерзімді (1-3 жылға дейін)
- ұзақ мерзімді (3 жылдан жоғары)

Талап ету бойынша несиелер жалға алушымен кредитордың талап етуі бойынша қайтару мерзімі шегінде немесе жалға алушының өзінің қалауы бойынша кез келген уақытта қайтарылады.

Көлемі бойынша несиелер ірі, орта және ұсақ деп жіктеледі. Әрбір банк өзінің несие салымдарының көлеміне қарай өз бетінше анықтайды. Мысалы, әлемдік тәжірибеде коммерциялық банктер «ірі сатушы» ұғымын несие сомасы жеке қаражатының 3-5 пайызынан асатын банктерге береді.

Қамтамасыз етілуіне байланысты несиелер қамтамасыз етілмеген (бланктік) және қамтамасыз етілген деп жіктеледі. Соңғысы мыналармен қамтамасыз етіледі:

- кепіл затпен;
- банктік кепілдемемен;
- сақтандырумен.

3. Несие нарығының құралдары. Несие түрлері.

Несиенің қамтамасыз етілуі несиенің қайтарылмауын тәуекелін төмендетудің бір тәсілі болып табылады. Қамтамасыз етілмеген несиелер несие қабілеттіктері жоғары классты болып табылатын жалға алушыларға беріледі. Ол қысқа мерзімді сипат алатын жалға алушының аяқ асты қажеттіліктері туындаған жағдайда беріледі. Қамтамасыз ету міндеттемесі кредиторға жалға алушымен несиенің қайтарылмауы жағдайында іздеу салу құқын береді.

Берілу тәсілі бойынша банктік несиелерді компенсациялық және төлемдік деп бөлуге болады. Бірінші жағдайда несие сомасы жалға алушының есеп айырысу шотына аударылады. Екінші жағдайда банктік несие жалға алушымен несиелендірілетін шаралар бойынша төлем құжаттарының негізінде төлем операцияларын жүргізу арқылы қолданылады.

Несиенің қайтарылу тәсілі бойынша банктік несиелер бөлініп төленетін, және бір мезгілде төленетін деп жіктеледі.

Шаруашылық субъектілері мен басқалай ұйымдық – құқық нысандардың өндірістік және әлеуметтік қажеттіліктерін банктік несиелендіру несиелендірудің ұстамдарын қатаң сақтау арқылы жүзеге асырылады.

Банктік несиелердің келесідей нысандары бар:

Мерзімді несие - бұл мерзімнің басында беріледі. Сондықтан ол бойынша пайыз барлық сомадан есептеледі де, ал негізгі сома жарналармен қайтарылады.

Қысқа мерзімді несиелер, әдетте бекітілген пайыздық ставкалар бойынша, ал ұзақ мерзімді несиелер өзгермелі пайызбен кез келген валютада беріледі. Қысқа мерзімді несиелер шаруашылық субъектілерінің айналым капиталының қозғалысына қызмет етеді. Және дер кезінде есеп айырысу

операцияларын жүргізуге мүмкіндік беріп, төлем қабілеттікті көтере отырып, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Қысқа мерзімдімен салыстырғанда орта және ұзақ мерзімді несиелер инвестицияларға қажеттілікті қамтамасыз етуге бағытталады, яғни негізгі капиталдың қозғалысын қамтамасыз ету, құрылыс және реконструкция жүргізу, жаңа өндірістерді игеру және негізгі қорларды кеңейту бойынша шараларды жүргізу.

Овердрафт бойынша несие – бұл мерзімсіз несие, оны жалға алушы бірінші талап ету мерзімінде базалық ставкадан жоғары пайызға және келісім шарттың шарттарына сәйкес күн сайын есептелетін пайызбер алады. Овердрафт бойынша несие жалға алушыны хабарландырмай тоқтатылуы мүмкін.

Несие желісін ашу бойынша несиелер – келісім шартта көрсетілген соманы жалға алушының талабы бойынша беру бойынша банктің міндеттемесі. Несие желісі белгілі бір уақытақ ашылады және осы мерзім біркенге дейін жабылмайды. Қажет болған жағдайда несие желісі компаниялармен қаржыландырудың қосымша көзі ретінде пайдалана алады.

Жаңартылатын несиелер. Несиелік желілер де овердрафт та револьверлік несие сипатын алуы мүмкін. Бұл несие бойынша жалға алушы бекітілген сома шегінде қаражатты үнемі пайдаланып қайтара алады. Бұл жерде несие лимит шегінде жүзеге асырылады.

Синдикатталған несие. Дәстүрлі банктік несие кезінде келісім шарт банк пен шаруашылық субъектісінің арасында жасалады. Ал егер субъектіге өте ірі сомадағы қаражат қажет болған кезде банк жоғары несиелік тәуекелді мойнына ала алмайды, немесе шаруашылық субъектісі де тек бір банктен несие ала алмайды, сондықтан синдикатталған несиелер талап етіледі. Ол банктің бірнеше тобымен берілетін несиелер.

Синдикатталған банк банк – гарант арқылы ұйымдастырылады, ол банк тобын қалыптастырып, олардың әр қайсысы өзінің үлесі бойынша несие беруге қатысады.

Ипотекалық несие – банкпен қозғалмайтын мүлік немесе жер телімінің кепіліне берілетін орта және ұзақ мерзімді берілетін несиесі. Ипотекалық несиелендіру қаржылық қызметтің неғұрлым динамикалық даму бағытындағы бір түрі болып табылып отыр.

Қазақстанның несие нарығының негізгі кредиторлары болып коммерциялық банктер табылады. Занды және жеке тұлғалардың бос ақша қаражаттарын тарта отырып олар активтік операцияларды жүргізудің ресурстық базасын қалыптастырады. Солардың ішіндегі негізгі үлесті несиелендіру операциясы алады. Коммерциялық банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің алдында есепті болып табылады. ҚР Ұлттық банкі қайта қаржыландыру ставкасын бекітеді. Коммерциялық банктер несие пайызын осы ставканың негізінде бекітеді.

Коммерциялық банктер әмбебап немесе мамандандырылған болатыны бізге белгілі. Қазіргі таңда елімізде банктердің көпшілігі әмбебаптық сипат

алады. Ал соңғы кезде мамандандырылған банктер де дамуын ала бастады. Мысалы, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, оның негізгі бағыты халықты ипотекалық несиелендіру.

Несие тек коммерциялық банктермен емес ломбардтармен, несие серіктестіктерімен де беріледі. Олар несиені неғұрлым қысқа мерзімге және аз сомада зергерлік бұйымдардың, автокөліктің және тұтыну тауарларының кепіліне береді.

Сонымен, Қазақстанда несиенің мынадай түрлері пайдаланылады: ұлттық банк несиелері – аукциондық, ломбардтық, бюджеттік несиелер; екінші деңгейдегі банктер несиелері – меншікті айналым қаражатының жетіспеушілігін уақытша толтыруға, күрделі салымдарды қаржыландыруға, тұтыну мақсатына арналған несиелер; импорттық, ипотекалық, консорциалдық, банкаралық несиелер. Қазақстан Ұлттық банкінде несие сапасына қарай стандарттық, бейстандарттық, қанағаттанғысыз, күмәнді және зиян келтіруші несие деп бөлінеді.

Несие тауарларының нақты түріне депозиттер және коммерциялық несиелер жатады.

Несие нарығының субъектілері болып әр түрлі қаржы институттары табылады. Олар сатушылар мен сатып алушыларға бөлінеді.

Несие тауарларының бағасы болып пайыз табылады. Несие бағасы мынадай факторларға байланысты болады: инфляция деңгейі, сұраныс пен ұсыныс қатынасы, ҰБ – тің қайта есептеу ставкасы, несие мерзімі.

Несие нарығының пайда болуы мен қызмет етуінің қажетті шарттары мыналар:

- Бос ақша қаражаттарының болуы.
- Қаражатқа деген қажеттіліктің болуы.
- Ақшалай қаражаттың меншік иелері мен қаржы институттарының көп болуы.

Несие нарығы мынадай қызметтер атқарады:

- Ақшалай қаражаттың халықтың арасында қайта бөлуіне ықпал ету.
- Ақшалай қаражатты өкімет пен нарыққа қатысушылар арасында бөледі.
- Мемлекеттер арасында қайта бөлу процесін қалыптастырады.

Несие нарығы төмендегідей ұстамдарға беріледі:

- қайтарымдылық;
- мерзімділік;
- төлемділік;
- қамтамасыздық;
- мақсаттылық.

3.Сақтандыру нарығы және оны ҚР да дамыту.

1. Сақтандыру нарығының теориялық негіздері
2. Қазақстан республикасының сақтандыру нарығының жағдайы
3. Сақтандыру нарығын дамыту жолдары

1. Сақтандыру нарығының теориялық негіздері

Қазақстан экономикасының дамуының қазіргі кезеңі өндірістің төмендеуін тежеу мен тұрақты экономикалық өсу үшін негіз құруға бағытталған нарықтық қайта құру фазасына өтумен сипатталады. Нақ осы мәселе Қазақстан дамуының ұзақ мерзімді мақсаттар мен стратегияларында көрініс тапқан – “шетелдік инвестициялар мен ішкі жинақтардың жоғары деңгейі тән ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу”.

Осындай нарықтық қоғамда пайда болатын тұрлаусыздық пен тұрақсыздық, экономикадағы үнемі болатын өзгерістер тәуекел тудырады. Әсіресе мұндай жағдай кәсіпкерлікте жиі болады.

Нарықта туатын кездейсоқ және тұрлаусыз жағдайлар, экономикалық толқулар, бәсекелестердің әрекеттері тіпті білікті басқару шешімдерін жоққа шығаруы мүмкін. Тәуекелді сақтандыру мен өзін-өзі сақтандыруды қолданып, басқару облысында білікті жұмыс жүргізу арқылы айтарлықтай төмендетуге болады. Яғни көріп тұрғанымыздай, нарықтық шаруашылықтың дамуымен қоғам мүшелерін әлеуметтік-экономикалық, соның ішінде сақтық қорғау ерекше мәнге ие болуда.

Сол үшін де еліміздегі сақтандыру нарығының жағдайын кешенді бағалау қажет.Отырып, сақтандыру техногенді және экологиялық уақиғалар кезіндегі өндірістік күштердің қалпына келуі мен дамуына көмегін тигізеді, мемлекеттің болжанбаған шығындарын қысқартады, инфляциялық фактордың әрекетін төмендетеді, тауарлар мен қызметтерге деген сұраныс пен ұсыныс ара қатынасын оңтайландырады.

Сақтандыру нарығының мәні – адамдардың, шаруашылық құрылымдардың, кәсіпкерлік және коммерциялық фирмалардың, өндірістік кәсіпорындардың әртүрлі кездейсоқ жағдайлардан сақтық қорғауға деген қажеттіліктерін қанағаттандыруда. Сақтандыру нарығының экономикалық мәні материалдық немесе басқа да нұқсан келтіре алатын сақтандыру тәуекелінің болуымен шарттасылған қайта бөлушілік ақша қатынастарымен сипатталады.

Сақтандыру нарығының субъектілері:

1.Сақтанушылар-ақшалай жарынатөлейтінзаң мен келісімбойыншасақтандыруоқиғасыорыналғанжағдайдаақшасомасыналуғақұқығы бар тұлға.

2.Сақтандырушылар-сақтандыру кәсібін жүзеге асыратын, зиянды өтеу және сақтандыру сомасын төлеу міндеттемесін өз жауапкершілігіне алатын заңды тұлға.

3.Сақтандыру делдалдары мен сақтандыру инфрақұрылымының ұйымдары.

2. Қазақстан республикасының сақтандыру нарығының жағдайы

Сақтандыру нарығының ерекше белгісі болып сақтандыру қорына жиналған сақтандыру төлемдерінің қайтарымдылығы табылады. Сақтандыру төлемдері мүмкін болатын нұқсанды өтеуге арналған нетто-төлемдердің және сақтандыруды жүргізуші сақтандыру ұйымын ұстау үшін жөнелтпе шығындардан тұратын сақтандыру тарифтерінің негізінде анықталады. Нетто-төлемдердің барлық сомасы белгіленген уақыт кезеңінде нұқсанды өтеу нысанында қайтарылады. Қаражаттарды қайтару белгісі сақтандыруды несие категориясына, ал сақтандыру нарығын қаржы-несие нарығына жақындатады.

Сақтандыру компаниялары шаруашылық өмірдің толық құқылы субъектілеріне айналуға.

Сақтандыру нарығының қалыптасуы үшін кәсіпорындар мен ұйымдардың, халықтың мүлкін сақтық қорғау үшін сәйкес сақтандыру қорларының болуы шарт. Бірнеше миллиондаған теңге сақтандыру сомасы және де өзінің ірі капиталы бар ондаған сақтандыру компаниялары болуы керек.

Сақтандыру нарығының қызмет етуінің негізгі заңдары болып құн заңы мен сұраныс және ұсыныс заңы саналады.

Сақтандыру нарығы тауарлы шаруашылықтың даму процесінде қалыптасады және де соңғысының ажырамас элементі болып табылады. Айтылған екеуінің де пайда болуының шарты болып қоғамдық еңбек бөлінісі және әртүрлі меншік иелерінің болуы табылады. Сақтандыру нарығы нарықтық қатынастардағы субъектілердің дербестігін, олардың сақтандыру қызметін сату-сатып алу бойынша тең құқылы серіктестігін, көлденең және тік байланыстардың дамыған жүйесін, бәсекелестікті болжайды.

Мемлекет экономикасындағы сақтандырудың нарықтық қатынастар инфрақұрылымының қызмет етуінің негізгі элементі ретіндегі рөлі артуда. Бұл жерде экономикалық инфрақұрылымға сақтандыру механизмін енгізу мен мемлекеттегі сақтандыру нарығының өз инфрақұрылымын құру сияқты екі параллель процесс жайлы сөз болуда.

Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, сақтандыру нарығының мәні – адамдардың, шаруашылық құрылымдардың, кәсіпкерлік және коммерциялық фирмалардың, өндірістік кәсіпорындардың әртүрлі кездейсоқ жағдайлардан сақтық қорғауға деген қажеттіліктерін қанағаттандыруда.

Сақтандыру нарығының экономикалық мәні материалдық немесе басқа да нұқсан келтіре алатын сақтандыру тәуекелінің болуымен шарттасылған қайта бөлушілік ақша қатынастарымен сипатталады.

Бір жағынан, сақтандыру қызметтерінің нарығы – бұл сақтандыру өнімін сату-сатып алумен байланысты экономикалық қатынастар жиынтығы, ал екінші жағынан, сақтандыру қызметін сату-сатып алумен байланысты бірнеше нарықтық қатынастар субъектілері арасындағы тең құқылы және жауапкершілікті серіктестік.

3. Сақтандыру нарығын дамыту жолдары

Нарық сақтандыру бизнесінің белсенді дамуы, көптеген сақтандыру ұйымдарының құрылуы мен қызмет етуі үшін объективті жағдайлар жасайды. Осылайша, сақтандыру нарығы белгілі бір жағдайлар жасалған кезде Қазақстанның экономикалық қатынастары мен байланыстары жүйесінде айтарлықтай маңызды рөл ойнар еді. Қазірдің өзінде сақтандыруға деген көзқарас өзгеруде. Сақтандыру қызметтері нарығында мүдделердің жаңа топтары қалыптасуда. Сақтандыру нарығы нарықтық қатынастар құралдарының ішінде анық орын алуда.

Салалық нышаны бойынша өмірді сақтандыру нарығын (сонымен бірге сақтандырудың барлық ұзақ мерзімді түрлері: зейнетақыны, денсаулықты, аннуитет және т.б. жатады), мүлікті сақтандыру нарығын, жауапкершілікті сақтандыру және де жазатайым уақиғалардан сақтандыру нарығын бөледі. Қазақстан Республикасында сақтандырудың “өмірді сақтандыру” және “жалпы сақтандыру” сияқты екі саласы белгіленген.

Масштабы бойынша ұлттық, аймақтық және халықаралық сақтандыру нарықтарын бөледі.

Ұлттық сақтандыру нарығы – жеке мемлекеттегі сақтандыру ұйымдарының қызмет ету сферасы. Институционалды түрде ұлттық сақтандыру нарығы сақтандыру ұйымдарынан, арнайы қайта сақтандырушы ұйымдардан, сақтандыру брокерлері мен агенттерінен тұрады. Ұлттық сақтандыру нарығындағы барлық қызмет ұлттық сақтандыру заңы шегінде жүргізіледі.

Бұл заңның орындалуын бақылау мемлекеттік сақтандыруды бақылау органына жүктелген. Ең ірі ұлттық сақтандыру нарықтары АҚШта, Ұлыбританияда, Германияда және басқа да бірқатар елдерде қалыптасқан. Ұлттық сақтандыру нарығында Үкіметте, бұқаралық ақпарат құралдарында, халықаралық келіссөздерде сақтандыру ұйымдарының ұжымдық мүдделерін ұсынатын ұлттық сақтандыру ассоциациялары қызмет етеді.

Аймақтық сақтандыру нарығы өзара интеграциялық байланыстармен байланысушы жеке аймақтардың сақтандыру ұйымдарын, ұлттық нарықтарын біріктіреді. Ең ірі аймақтық нарық болып Солтүстік американдық сақтандыру нарығы (АҚШ, Канада) саналады. Еуропалық экономикалық одадастықтың

сақтандыру нарығында терең интеграциялық процесстер жүруде. Бұл “Еуропалық экономикалық одақтастықтың ортақ сақтандыру нарығын” құру туралы жоспарды жүзеге асырумен байланысты. Еуропалық экономикалық одақтастықтың ұлттық сақтандыру заңдарын толық сәйкестендіру көзделген. Халықаралық сақтандыру нарығы – бұл ұлттық және аймақтық сақтандыру нарықтары жиынтығы. Мұндай мағынада халықаралық сақтандыру нарығы ретінде халықаралық сақтандыру операцияларының едәуір үлес салмағымен сипатталатын жергілікті сақтандыру нарықтары қарастырылады (Нью-Йорк, Лондон, Цюрих).

Қайта сақтандыру арналары бойынша және брокерлер арқылы ірі тәуекелдер көптеген халықаралық және аймақтық сақтандыру нарықтары арасында бөлінеді. Мүдделерді сәйкестендіру және сақтандыру ұйымдарының жалпы проблемаларын шешу мақсатында халықаралық сақтандыру одақтары (техникалық тәуекелдерді сақтандырушылардың халықаралық одағы, теңіздік сақтандырушылардың мемлекеттік одағы және тағы басқалар) қызмет етеді. Сақтандыруды жүзеге асырудың негізгі ұйымдық-құқықтық нысандары болып мемлекеттік сақтандыру, акционерлік қоғамдар жүргізетін сақтандыру және өзара сақтандыру табылады.

Мемлекеттік сақтандыру – бұл сақтандырушы ретінде мемлекеттік ұйым бой көрсететін сақтандыру нысаны. Мемлекеттік сақтандыру сақтандырудың барлық түрлерін жүргізудегі мемлекеттің абсолютті монополиясы жағдайында, сақтандырудың жеке түрлеріне мемлекеттік монополия жағдайында немесе қандай да бір мемлекеттік сақтандыруда монополиясы жоқ болған жағдайда жүргізілуі мүмкін. Қазір ТМД елдеріндегі сақтандырудың дамуы соңғы вариантқа жақындауда. Бірақ, мемлекеттік сақтандырудың кейбір түрлерін жүргізудегі басымдылығының болу мүмкіндігін ұмытпаған жөн.

Қазіргі кезде Қазақстанда мемлекеттің сақтандырушы қызметінің тек жалпы мемлекеттік стратегиялық мағынадағы мүдделерді сақтандырудағы ғана басымдылығын көрсетуге болады. Осылайша, “Казагрополис” республикалық мемлекеттік ауыл шаруышылық сақтандыру кәсіпорыны (құрылтайшысы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық Министрлігі) үшін басым бағыт болып ауыл шарушылығының өндірісін міндетті сақтандыру табылады. Ал “Казахинстрах” мемлекеттік сақтандыру компаниясы үшін инвестицияларды сақтандыру басым бағыт болып табылады.

Акционерлік сақтандыру – сақтандырушы ретінде өзінің жарғылық капиталын акциялардың көмегімен құратын акционерлік қоғамдар бой көрсететін сақтандыру қызметін ұйымдастыру нысаны. Акциялар арқылы жарғылық капиталды құру құрылтайшыларға заңды және жеке тұлғалардан ақша ресурстарын тарту арқылы тез арада сақтандыру операцияларын

жүргізуге мүмкіндік береді. Алғашқы капиталды құру тәртібіне қарай ашық типтегі және жабық типтегі акционерлік қоғамдарды және де жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді бөледі. Бұл айтылғандар дүниежүзілік тәжірибеге тән.

Өзара сақтандыру - өзара көмек көрсету мақсатында сақтандырушылардың бірігуі байқалған сақтық қорғаудың ұйымдық нысаны. Өзара сақтандыру қоғамы – қазақстандық нарықтың жаңа қатысушысы. Қазақстандағы өзара сақтандыру қоғамының қызметі “Сақтандыру қызметі туралы” Заңмен және Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің “Өзара сақтандыру” атты 845 бабымен реттеледі.

Өзара сақтандыру қоғамдары өз мүшелерінің мүліктерін және басқа да мүліктік мүдделерін сақтандыруын жүзеге асырады және де коммерциялық емес ұйымдар болып табылады. Коммерциялық қызметті жүзеге асырғанда қызмет ету тәртібі сақтандыру (қайта сақтандырушы) ұйымдар үшін бекітілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Заңдылық негіздің дамымауына байланысты сақтандыру нарығындағы бұл тауаша бой көрсетпеген. Осылайша, “Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығы 1996-98 жылдардағы негізгі бағыттары жөніндегі” Қаулыда шағын және орта бизнесті дамыту мақсатымен өзара сақтандыру қоғамдарын құру туралы ереже жобасын дайындау мақсаты қойылған. Сонымен бірге, Азаматтық Кодексте олардың қызмет ету жағдайлары өзара сақтандыру туралы заң актілерімен анықталады делінген. Бірақ қазіргі күнге дейін заң жобасы ұсынылмаған.

Сақтандыру пулы – белгілі бір тәуекелдерді бірігіп сақтандыру үшін сақтандыру компанияларының бірлестігі. Негізінен сақтандыруға қауіпті, ірі және жаңа тәуекелдер қабылданғанда құрылады. Пулдың қызметі бірлесіп сақтандыру қағидатына сүйеніп құрылады. Әр компания пулға сақтандырылған тәуекелдерді береді, пул жинаған жарналардың белгілі бір үлесін алады және де сол үлесте нұқсандарды өтеу бойынша жауапкершілік алады. Пулдар шетелде авиациялық, атомдық, әскери тәуекелдерді, жауапкершілікті және т.б. сақтандыруда кеңінен дамыған.

Сақтандыру ұйымдарының ынтымақтастығының нысаны болып сақтандырушылардың одақтары мен ассоциацияларын құру табылады. Қазақстан Республикасында құрылған сақтандырушылар одағының мақсаты – сақтандырушыларға методикалық және ұйымдық ақпараттық көмек көрсету, сақтандыру бойынша заң және нормативтік актілер жобаларын дайындауға қатысу, сақтандыру қызметкерлерінің мамандандырылуын жоғарылату бойынша курстар мен семинарлар ұйымдастыру, сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығын нығайту бойынша ұсыныстар дайындау және т.б. “Сақтандыру қызметі туралы” Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының қатысушылары:

1. сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы;
2. сақтандыру брокері;
3. сақтандыру агенті;
4. сақтанушы, сақтандырылушы, пайда алушы;
5. актуарий;
6. уәкілетті аудиторлық ұйым (уәкілетті аудитор);
7. өзара сақтандыру қоғамы;
8. сақтандырумен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де жеке және заңды тұлғалар.

Қайта сақтандыру ұйымы – уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы негізінде қайта сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

Сақтандыру ұйымы (сақтандырушы) – сақтандыру шарттарын жасасу және орындау қызметін уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын заңды тұлға;

Заңға сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзінің негізгі сақтандыру қызметінен басқа төмендегідей қызмет түрлерін атқарады:

1. уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен инвестициялық қызметті;
2. тиісті жинақтаушы сақтандыру шартында көзделген сатып алу сомасы шегінде өзінің сақтанушыларына қарыз беруді (сақтандыру ұйымы үшін);
3. сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын арнаулы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатуды;
4. ақпарат бөлімдерінің кез келген түрлерінде сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі жөнінде арнаулы әдебиет сатуды;
5. бұрын өз мұқтаждары үшін сатып алынған (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін) немесе оның қарамағына сақтандыру шарттарын жасауға байланысты келіп түскен (сақтандыру ұйымы үшін) мүлікті сатуды немесе жалға беруді;
6. сақтандыру қызметіне байланысты мәселелер бойынша кеңес берушілік қызмет көрсетуді;
7. сақтандыру (қайта сақтандыру) саласында мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында оқытуды ұйымдастыру мен жүргізуді;
8. сақтандыру агенті ретінде сақтандыру делдалы болуды;

Сақтандыру нарығының кәсіби қатысушылары - өз қызметін уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиялары негізінде жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, актуарий және уәкілетті аудитор. Сақтандыру брокері – сақтандыру және қайта сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық қызметті өз атынан және сақтанушының тапсыруымен сақтандыру шарттарын немесе өз атынан және

цеденттің тапсыруымен қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

Сақтандыру брокерінің қызметі ерекше қызмет түрі болып табылады және оны уәкілетті мемлекеттік орган лицензиялауға тиіс. Сақтандыру брокерінің өзі қатысып жасалатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша өкілеттігі мен жауапкершілігі сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының тараптарымен жасалатын тиісті шарттармен белгіленеді.

Сақтандыру агенті – берілген өкілеттігіне сәйкес сақтандыру ұйымының атынан және тапсыруымен сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

Сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттігі сақтандыру ұйымының тиісті құжаттарымен белгіленеді. Сақтандыру агентінің өкілеттігі болмаған жағдайда оның сақтандыру агенті ретіндегі қызметіне жол берілмейді.

Актуарий – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қажетті төлем қабілеттігі мен қаржылық тұрақтылық деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерінің экономикалық-математикалық есептеулерін жүзеге асыруға байланысты қызметті атқаратын жеке адам;

Актуарийлік есептеулер мынадай негіздер бойынша:

- 1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бастамасы бойынша – бастамашылық актуарийлік есептеулер;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда – міндетті актуарийлік есептеулер жүргізіледі.

Уәкілетті аудиторлық ұйым (уәкілетті аудитор) – уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аудиті жөніндегі қызметті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым (аудитор);

Сақтандыру қызметінің аудитін жүзеге асыруға қойылатын талаптар уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

4.Зейнетақы нарығының қаржы институттары. Инвестициялық компаниялар мен қорлар.

1. Зейнетақы нарығының қаржы институттары
2. Қаржы нарықтары мен жақсы жолға қойылған мекемелер жүйесі қаражаттары
3. Инвестициялық қорлар туралы түсінік

1. Зейнетақы нарығының қаржы институттары

Қаржы институттары - қызметінің басты мақсаты қоғамдағы қаржы қатнастарын жүзеге асыру болып табылатын түрлі меншік нысанындағы ұйымдардың жиынтығы. Қаржы институттары кез келген мемлекеттің қаржы жүйесінің және әлемдік қаржы жүйесінің ажырағысыз бөлігі болып табылады- қаржы институттарының қызметі әрбір жеке мемлекеттің заңдарымен, сондан-ақ ұйым мәртебесіне байланысты болғанда мемлекет аралық көп жақты шарттармен реттеледі. Қаржы институттарының жиынтығы екі топқа бөлінеді, олар: қаржы саясатын іске асырушы институттар және қаржы делдалдары. 1-ші топтағы қаржы институттары мемлекеттік халықаралық мекемелер. Олардың құрамы мен міндеттерді бөлісуі қаржы заңдарымен және мемлекет аралық шарттармен айқындалады. Оларға орталық (ұлттық) банк, қаржы министрлігі немесе қазынашылық сияқты мемлекеттік мекемелер, бағалы қағаздар нарығын және сақтандыру қызметтерін көрсету нарығын реттеуші ұйымдар, т.б. жатады. Кеңінен танымал халықаралық қаржы институттары: Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк (сондай-ақ қ. Әлемдік қаржы институттары, ұлттық даму банкілері). 2-ші топтағы қаржы институттары: банкілер, қаржы

компаниялары, сақтандыру компаниялары, беймемлекеттік зейнетақы қорлары, т.б.

Қаржы нарықтары мен жақсы жолға қойылған мекемелер жүйесі қаражаттарды бұл процестің бір бөлігі ретінде табыстылығы жоғары инвестицияларға аударады. Қаржы жүйесі бұл жүйенің әлсіз дамыған елдермен салыстырғанда, жоғары дәрежеде дамыған елдерде тезірек өсетінін және экономикалық жағдайлардың аяқ асты өзгерісіне де тез үйренетінін әлемдік тәжірибе көрсетеді. Сондықтан да экономикасы дамушы барлық елдер үшін қаржы жүйесінің ажырамас бөлігі — банктік емес қаржы институттарын жедел түрде дамыту маңызды. Бюджеттен тыс қорлар — мемлекет оларды белгілі бір қоғамдық қажеттіліктерді қаржыландыру үшін тарта отырып, оперативтік дербес негізінде жұмсайтын қаржылай қаражаттарды қайта бөлу және пайдалану нысандардың бірін білдіреді. Бұл қорлар қаржы нарығының инвесторлары және қатысушылары ретінде бола алады, себебі, біріншіден, ақшалай қаражаттарды пайдалану, оларды жинақтау уақытымен дәл келмейді, ал екіншіден, инвестициядан түсетін табыстар сол немесе басқа қордың шығынын қаржыландыратын қосымша табыс болып табылады.

2. Қаржы нарықтары мен жақсы жолға қойылған мекемелер жүйесі қаражаттары

- Қазақстандағы мемлекеттік бюджеттен тыс қорларға жататындар: Зейнетақы қоры;
- Халықты жұмыспен қамту мемлекеттік қоры.
- Әлеуметтік сақтандыру қоры.
- Міндетті медициналық сақтандыру қоры (ММСК).
- Зейнетақы қоры. Оның басты міндеттері:
- Зейнетақы мен балаларға жәрдемақы төлеу үшін мақсатты алым және қаражат жинақтау, оларды қаржыландыруды ұйымдастыру;
- халықты әлеуметтік қолдауға байланысты республикалық және аймақтық бағдарламаларды қаржыландыруға келісім-шарт негізінде қатысуы;
- өзін-өзі қаржыландыру қағидаларының негізінде қор қаражаттарының ұдайы өндірісін ұлғайту.

Зейнетақы қорының қаражаттары меншік формаларына және қызметіне байланыссыз жұмыс беретін кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдардың сақтандыру жарналарының аударымдары есебінен құралады. Зейнетақы қорлары мен

Әлеуметтік сақтандыру қорына аударылатын жарналар еңбекақы төлеу қорының 30%-ын құрайды. Жинақталатын жарналардың 85% қаражаты — Зейнетақы қорына, ал 15% — Әлеуметтік сақтандыру қоры мен Міндетті

медициналық сақтандыру қорына тиесілі. Қор бюджетінің жобасын Әлеуметтік қорғау министрлігі жасайды және оны қордың басшыларына береді, оның құрамына: Қаржы министрлігінен, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінен, Үкімет және Президент әкімшілігінен өкілдер кіреді.

Әлеуметтік сақтандыру қоры — аумақтық және салалық деңгейде бөлінетін, мемлекеттік маңыздылығы бар ресурстардың орталық қоры болып табылады. Әр түрлі меншік формасындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалардың қаражаттарының міндетті түрде қатысуымен сақтандыру әдісі арқылы құрылады.

Әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты еңбекақы төлеу қорынан — мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға аударымдар жасау есебінен қалыптасады. 1993-1995 жж. бұл қорға барлық аударымдардың 15%-зы түскен. 1996 ж. 1 қаңтарынан бастап бұл көрсеткіш 5%-ға азайған. Әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаттары әр түрлі жәрдемақылар төлеуге (уақытша жұмысқа жарамсыздарға, бала туына және бала туған кезде бір мезеттік жәрдемақы түрінде және т.б.), емдеу-демалыс орындарын қаржыландыруға жұмсалынады. Бұл қордың шығындарының басым бөлігін жәрдемақы төлеуге жұмсалатын қаражаттар алады.

Еңбекпен қамту мемлекеттік қоры 1991 жылы мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің төңірегінде дербес жүйе ретінде құрылған және мемлекеттің жұмыспен қамтуға байланысты саясатын іске асыру бойынша шараларды қаржыландыруға бағытталады. Қаулымен анықталғандай, оның қаражаты мемлекеттік бюджетке жатпайды, ендеше ол да бюджеттен тыс қор болып табылады.

Соған қарамастан 1993 жылы оның қаржылық жағдайының жақсаруы және артық қаражаттарын бюджеттің қажетіне жұмсау мүмкіндігіне байланысты ол бюджетке біріктіріледі. 1995 ж. мамыр айынан бастап Еңбекпен қамту мемлекеттік қоры қайтадан бюджеттен тыс қор болып шығады.

Оның қаражат көздеріне:

- меншік және шаруашылық жүргізу түріне байланыссыз кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және басқа да жұмыс берушілердің еңбекақы төлеу қорынан белгілі мөлшерде міндетті аударымдар жасау (2%);

- мемлекеттік бюджеттен бөлінетін дотация; ,

- отандық және шетелдік кәсіпорындардың, қоғамдық ұйымдардың және азаматтардың ерікті жарналарынан, коммерциялық қызметтен түсетін табыстардан және басқа да түсімдерден.

Міндетті медициналық сақтандыру қоры. 1995 жылы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы үкіметінің № 1295 қаулысымен Қазақстан Республикасы үкіметі қарамағында Міндетті медициналық сақтандыру қоры құрылды. Бұл Қор Қазақстан Республикасы заңдарында көзделгендей,

міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі сақтандырылған азаматтардың сол облыстағы мемлекеттік қаржы саясатын қарастырып, сондай-ақ ол жүйенің қаржылай тұрақтылығын қамтамасыз етуге байланысты шараларды дайындап жүзеге асыруға, Қазақстанның барлық аумағында сақтандырылған азаматтарға медициналық көмек ретінде жағдай жасауға бағытталады.

Қазақстан Республикасында бюджеттен тыс қорға аударымдар пайызы ҚР үкіметі қарамағындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының қаржылай қаражаттары мемлекеттік медициналық сақтандыру меншігінде бола отырып, бюджеттік құрамына және басқа да қорларға кірмейді.

Олар келесі көздердің есебінен құралады:

- ҚР үкіметінің белгіленген мөлшерде жұмыс берушілерді міндетті медициналық сақтандыруға төленген сақтандыру өлемдерінің бір бөлігінен;

- қордың қаржылай қаражаттарының нормаланған сақтандыру запасынан;

қордың уақытша бос қаржылай қаражаттарын пайдаланудан түскен табыстардан;

- заңды және жеке тұлғалардың өз еркімен жарна қосуы және сый тартуынан;

ҚР заңдарымен тыйым салынбаған басқа да түсімдерден.

Мемлекеттік емес зейнет ақы қоры (МЕЗҚ) — бұл қоғамдағы әлеуметтік ауыртпалықты азайтуға, мемлекеттің өз міндеттерін орындаудағы шығындарын қысқартуға, қаржы нарығының тұрақтылығын арттыруға, ұзақ мерзімді инвестициялауға арналған «арзан ақшаларды» тартуға мүмкіндік беретін әлеуметтік-экономикалық институт болып табылады. МЕЗҚ — келісім-шартқа сәйкес жарнамаларды жинақтап, зейнетақы төлейтін коммерциялық емес ұйымдар ретінде құрылды. Қор жинақталған қаражаттарды көбейту мақсатында оларды зейнетақы қорының активтерін басқаруға байланысты арнайы компанияға (ЗАБК) береді. Бұл қор банктік шотын кастодиандық қызметпен айналысуға лицензия алған кастодиан банкте ғана ашады.

Кастодиан — бұл бағалы қағаздар мен ақшалай қаражаттар мәмілесін жүргізетін және өзіне сеніп тапсырылған бағалы қағаздарды сақтандыру және есепке алуға байланысты кәсіби қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға. Қор қызмет ететін кастодиан банк пен зейнетақы активтерін басқаратын компаниямен бірге ақпараттарды үнемі салыстырып отыруы тиіс. Кастодиан — банк: зейнетақы және корпоративтік активтердің жалпы сомасын, инвестицияланған қаражаттар сомасын, қаржы инвестициясы құнының өзгеруін, бағалы қағаздарды сатудан түскен түсімдер сомасын, комиссияндық сыйақы сомасын тексереді.

Зейнетақы активтерін басқару компаниясымен: зейнетақы жарналарының түскен сомасы, зейнетақылық жиналымдарға төленген

төлемдер сома, инвестиция түрлері бойынша инвестицияланған қаражаттар сомасы, алынған инвестициялық табыс сомасы, басқа қорларға ауысқан салым иелерінің саны және олардың сомалары салыстырылады.

3.Инвестициялық қорлар туралы түсінік

Инвестициялық қор (инвестициялық компания) — тартылған қаражаттарды бағалы қағаздарға инвестициялау мақсатында, өзінің акцияларын шығару және ашық түрде орналастыру арқылы ақшалай қаражаттарды тартуға байланысты қызметін жүзеге асыратын акционерлік қоғам формасында құрылатын заңды тұлға. Акционерлермен өзара қатынасына байланысты инвестициялық қорлар келесідей түрге бөлінеді: өзара біріккен қорлар — ашық инвестициялық қор және инвестициялық компания — жабық инвестициялық қор.

Инвестициялық қордың келесідей құқықтары болады:

- сол инвестициялық қордың бағалы қағаздар портфеліне тиісті акциялары бойынша акционерлік қоғамның басқаруына қатысуға;
- басқарушылар мен бағалы қағаздар портфелін басқару туралы келісім-шарт жасауға;

- басқа тұлғалардың барлығымен, соның ішінде тіркеуші және кастодиандық келісім-шарт жасауға, өзгертуге және қарым-қатынасты тоқтатуға;

- инвестициялық қордың бағалы қағаздар портфелін басқаруға байланысты қызметті жүзеге асыруға кез келген сұрақтарды инвесторлық басшысынан талап етуге және алуға;

Инвестициялық қордың мына салаларына тыйым салынады:

- акциядан басқа бағалы қағаз түрлерін шығаруға;
- банктерден инвестициялық қордың таза активтерінің құнынан он пайыздан астам мөлшерде, алты айдан асатын уақытқа заемдық қаражаттар алуға;

- акцияның бақылау пакетін сатып алуға күшті шектеу қоюға;

- кез келген тәсілде заемдар беруге;

- қайта сатып алу шартымен өзіне тиісті бағалы қағаздарды сатуға (РЕПО операциясы).

Инвестициялық қорға қойылатын ең маңызды шектеу -бұл оны өзінің бағалы қағаздар портфелінен басқарудағы қызметін тәжірибе жүзінде айыруды сипаттайды. Бағалы қағаздар портфелін басқаруға қатысты барлық қызмет инвестициялық қорды басқарушыға жүктеледі.

Инвестициялық қорды басқарушы — инвестициялық қормен оны басқару туралы келісім-шарт негізінде әрекет етуші және бағалы қағаздар портфелін басқаруға байланысты кәсіби қызметті жүзеге асырушы заңды тұлға.

Сонымен, Қаржы институттары - қызметінің басты мақсаты қоғамдағы қаржы қатынастарын жүзеге асыру болып табылатын түрлі меншік нысанындағы ұйымдардың жиынтығы. Қаржы институттары кез келген мемлекеттің қаржы жүйесінің және әлемдік қаржы жүйесінің ажырағысыз бөлігі болып табылады- қаржы институттарының қызметі әрбір жеке мемлекеттің заңдарымен, сондан-ақ ұйым мәртебесіне байланысты болғанда мемлекет аралық көп жақты шарттармен реттеледі. Қаржы институттарының жиынтығы екі топқа бөлінеді, олар: қаржы саясатын іске асырушы институттар және қаржы делдалдары. 1-ші топтағы қаржы институттары мемлекеттік халықаралық мекемелер. Олардың құрамы мен міндеттерді бөлісуі қаржы заңдарымен және мемлекет аралық шарттармен айқындалады. Оларға орталық (ұлттық) банк, қаржы министрлігі немесе қазынашылық сияқты мемлекеттік мекемелер, бағалы қағаздар нарығын және сақтандыру қызметтерін көрсету нарығын реттеуші ұйымдар, т.б. жатады.

5. Бағалы қағаздар нарығы

1. Бағалы қағаздар нарығының пайда болуы және дамуы
2. Бағалы қағаздар нарығын реттеу жағдайы мен оны реттеу жолдары.

1. Бағалы қағаздар нарығының пайда болуы және дамуы

Бағалы қағаздардың бұл түрі Қазақстан Республикасының Ұлттық банк мемлекетімен эмитенттелінетін бағалы қағаз болып табылады. Үкімет өз атынан бағағалы қағаздардың бұл түрін шығара отырып, Республикалық бюджеттің тапшылығын қарастыру мен инфляцияны болдырмау жағын қарастырады. Осыған сәйкес Ұлттық банк мекемесі айналымдағы ақша қаражаттарының қозғалысын реттеуді көздейді.

Қаржылық нарығының айрықша бөлігі, ол – бағалы қағаздар нарығы. Ал қаржылық инвестициямен осы бағалы қағаздар нарығы тікелей байланысты. Бүгінгі күні елімізде көптеген акционерлік қоғамдар, сақтандыру компаниялары, инвестициялық және мемлекеттік емес зейнетақы қоры, сонымен қатар басқы кәсіпорындар мен ұйымдар тіркелген. Осы жоғарыда аталған кәсіпорындар мен ұйымдардың барлығыда еліміздегі бағалы қағаздар нарығының потенциалды қатысушылар қатарына жатқызылады.

Олардың кейбіреулері эмитент, яғни айналымға бағалы қағаздар шығарушылар болып табыласа, ал екіншілері инвестор ретінде қызымет атқарады. Кәсіпорындар мен ұйымдар жаңа технология енгізу, өндірісті жаңғырту (модернизациялау), қайта құру (реконструкциялау) әрқашан ірі капитал салым керек етеді. Ал мұндай жұмыс атқару үшін өндірушілерде әр уақытта капитал бола бермейді. Сондықтан да кәсіпорындар мен ұйымдар қарыз капиталы нарығына несиелер мен заимдарының қаражаттарын, айналымға акциялары мен облигацияларын шығарса, онда елімізде бағалы қағаздар нарығы пайда болады.

Қаржылық активтердің қайта нарығындағы бағалы қағаздар

операциялары әр түрлілігімен көзге түседі. Бұл процестің өзіндік көптеген ерекшеліктері мен қыр-сыры бар.

Акция мен облигациялардың инвестициялық қасиеттерін және олардың шығарған эмитенттердің рейтингтік бағалауын тәуелсіз рейтингтік компаниялар анықтайды. Анықтамалық мәліметтер негізінде олар барлық бағалы қағаздардың потеционалды сатып алушы үшін сенімділік дәрежесіне байланысты топтайды. Бағалы қағаздарды таңдауда басшылыққа алатын негізгі құралы рейтингтік бағалау болып табылады. Қаржылық активтер үш топқа жіктеледі: жоғары сапалы бағалы қағаздар, орташа бағалы қағаздар, жоғары табысты бағалы қағаздар.

Іс жүзінде акция, облигация және басқада бағалы қағаздарын шығару арқылы капиталды таратуды көздейтін заңды тұлғалар эмитент деп аталады және сонымен қатар олар бағалы қағаздарды иемденушілердің (сатып алушылардың) алдында белгілі бір жағдайда борышты (міндетті) болып табылады.

Эмитенттің кім болғанына байланысты бағалы қағаздар төмендегідей үш түрге бөлінеді:

- мемлекеттік;
- муниципалды;
- корпоративтік.

Мемлекеттік бағалы қағаздар – бағалы қағаздардың бұл түрі Қазақстан Республикасының заң актілеріне мемлекеттік сыртқы және ішкі қарыздарын қайтару мақсатында шығарылған. Сонымен қатар бағалы қағаздардың бұл түрі Қазақстан Республикасының Ұлттық банк мемлекетімен эмитенттелінетін бағалы қағаз болып табылады. Үкімет өз атынан бағалы қағаздардың бұл түрін шығара отырып, Республикалық бюджеттің тапшылығын қарастыру мен инфляцияны болдырмау жағын қарастырады. Осыған сәйкес Ұлттық банк мекемесі айналымдағы ақша қаражаттарының қозғалысын реттеуді көздейді.

Муниципалдық бағалы қағаздар – бұл бағалы қағаздардың мұндай түрі жергілікті бюджеттен эмиссияланатын жергілікті атқарушы органдар шешімімен шығарылады. Бағалы қағаздардың бұл түрін шығарудағы басты мақсат – құрылыс, яғни ауруханалар салу үшін, бала бақшалар мен мектептер, тұрғын үйлер, жолдардың жағдайын жақсарту және тағы басқада аймақтың әлеуметтік мәселелерін шешу болып табылады.

Корпоративтік бағалы қағаздар – кәсіпорындар мен ұйымдардың заң күшіне сүйене отырып, өзінің жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе шаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін шығарылатын бағалы қағаздарды

Қаржылық жүйенің негізгі құралы, ақша айналымының басты өзегі, болашақта нарықты экономиканың дамуының ең маңызды буыны болғандықтан, құнды қағаздар нарығына деген қызығушылық туып отыр. Жалпы бұл сала біздің елімізде тәуелсіздік алған уақыттан бері ғана құрылып, өзінің даму жолына түсіп отыр.

«Қазақстандық қор биржасы» Қазақстан Республикасындағы қызмет

істеп тұрған жалғыз биржа. Алайда, Қазақстан ТМД-ның басқа елдерімен салыстырғанда, дамудың прогрессивті сатысында тұр. Шетел нарығына шығу, жеке кәсіпкерліктің дамуы, инвестиция тарту, осы құнды қағаздар нарығының, яғни қор биржасының қызметтілігінің тигізетін маңыздылығы зор.

Ұйымдастырушылық-құқықтық көзқарас тұрғысынан қарағанда, қор биржасы регламенттелген жұмыс режимі бар, сатушылар мен сатып алушылар арасында биржалық делдалдардың қатысуымен ресми бекітілген ережелер бойынша қор құндылықтарымен сауда мәмілелері жасалатын қаржылық делдалдық мекеме болып саналады. Бұл ережелер биржа заңдылығымен де (биржаның жарғысымен), мемлекет заңдылығымен де белгіленеді.

Қор биржалары және оның персоналы құнды қағаздармен мәміле жасамайтындығын айта кету керек. Ол тек мәмілені жасаушылар үшін жағдай туғызады, осы мәмілелерге қызмет көрсетеді, сатушы мен сатып алушыны байланыстырады, тұрғын жай береді, консультациялық және арбитраждық қызмет көрсетеді, технологиялық қызмет көрсетеді, қысқасы, мәміле жасалуы үшін барлық жағдайды жасайды.

2. Бағалы қағаздар нарығын реттеу жағдайы мен оны реттеу жолдары.

Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңдылығы Қазақстанның Конституциясына негізделген және ҚР Азаматтық кодексінен, 2-шілде 2003 жылғы Құнды қағаздар нарығы туралы» ҚР заңынан және басқа ҚР нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Егер де Қазақстан Республикасы қол қойған келісім-шарттарда заңда қарастырылғаннан басқа ережелер бекітілген болса, онда халықаралық келісім-шарт ережелері қолданылады

Бағалы қағаздарды есепке алу және тіркеу.

Қазақстанда тұрғындардың сақталған қорларын банк және құнды қағаздар арқылы жұмылдырып өндіріске тарту, оның құрылымын жетілдіру үшін инвестициялау бүгінгі күні ең ұтымды саясат бағыты ретінде танылып отыр. Шетелдік капитал өздеріне қажетті Қазақстанның шикізат-энергетика өндірісіне жұмылуда.

Қазақстанның ішкі қажеттіліктерін өтейтін жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, дайын өнім өндіру салаларына шетелдік инвестициялар бармай отыр. Сондықтан өзімізге қажетті өнімді өндіру саласына негізінен ішкі қаржы ресурстарын жұмылдырып қарастыруға болатыны түсінікті болған сияқты. Егер ішкі өндіріс көтерілсе, онда ішкі ұлттық нарық қалыптасады, кәсіпорындар мен тұрғындардың табысы өседі, ал бұл болса Қазақстанда ішкі ұлттық капиталдың қорланып өсуіне жол ашады, осының негізінде құнды қағаздар нарығы да тиімді қызмет атқаратын болады. Қорытып айтқанда, бағалы қағаздардың қалыптасуы және оның тиімді жұмыс істеуі Қазақстандағы ұлттық капитал мен табыстардың өсіп шоғырлануына тікелей

байланысты деуге болады.

Ұлттық капиталдың шоғырланып өсуі ұлттықтабыстың жұмсалуына байланысты келеді. Қазақстан жағдайында тұрғындар өздерінің табыстарын негізінен шетелдік тауарларға жұмсайды, яғни олар шетел фирмаларын жанама түрде инвестициялап қаржыландырып тұрады. Ұлттық кәсіпкерлік пен өндіріс шоғырланып өсуі үшін тұрғындардың табысы ұлттық өнеркәсіп орындары өндірген өнімге жұмсалуды қажет. Сондықтан да Қазақстан Үкіметі ішкі тауар өндіруші кәсіпкерлерді қорғау және қолдау саясатын ұстанып отыр.

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында (қор биржасында) айналыста болатын құжатты және құжатсыз, эмиссиялық және эмиссиялық емес, атамалы, ұсынбалы және ордерлік бағалы қағаздар тиісті тұлғаның (жеке тұлғаның, заңды тұлғаның немесе өзге де тұлғаның) мүліктік құқығын куәландырады.

Бағалы қағаздарға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 136, 139-баптарында және «Бағалы қағаздар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 11, 12, 15-18-баптарында және өзге де заңнамалық және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде айқындалған акциялар, облигациялар, Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюталық, ноталары, қазақстандық депозитарлық қолхат және т.б. жатады.

Бағалы қағаздармен куәландырылатын құқықтардың түрлері, бағалы қағаздардың міндетті реквизиттері, бағалы қағаздар нысанына қойылатын талаптар, сондай-ақ өзге де қажетті талаптар заңи құжаттармен немесе соларда көзделген тәртіп негізінде белгіленеді.

Қазақстан Республикасы резиденттерінің – ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

Қазақстан Республикасының резиденті емес – ұйымдардың шығарылымы шет мемлекеттің заңнамасына сай тіркелген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

Қазақстан Республикасының резиденттері – ұйымдардың шығарылымы шет мемлекеттің заңнамасына сай тіркелген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

Халықаралық қаржылық ұйымдардың Қазақстан Республикасында ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногына айналысқа жіберілген эмиссиялық бағалы қағаздары;

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар;

Туынды бағалы қағаздар;

Өзге де қаржылық құралдар жатады.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару Қазақстан Республикасының тиісті заңнамалық актісінде белгіленген талаптар мен тәртіп негізінде уәкілетті орган жүзеге асыратын міндетті мемлекеттік тіркеуден өтеді. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік және коммерциялық банктер бағалы қағаздар рыногында эмиссиялық, инвестициялық, кәсіби қызметтерін және бағалы қағаздар рыногына

көрсететін қызметіне байланысты басқа да операцияларды жүзеге асырады.

Сонымен қатар Екінші деңгейлі банктер бағалы қағаздар рыногына қызметтер көрсету барысында тиісті тұлғаларға бағалы қағаздар сатып алуға қажетті банктік кредиттер береді, облигациялар мен өзге де бағалы қағаздар шығару бойынша банктік кепілдік береді; эмитенттердің төлемдік агенттері функциясын орындайды; кепілге қойылған бағалы қағаздарға орай банктік кредит береді; бағалы қағаздар рыногы қатысушыларының банктік шоттарын жүргізеді; бағалы қағаздар рыногындағы операциялардың қорытындысы бойынша ақшалай есеп айырысуды жүзеге асырады.

Сонымен, бағалы қағаздар нарығында қызмет атқаратын қаржы институттарының ісін бағыттау мен реттеу мемлекеттік органдарға жүктелген. Республикада ондай органдар болып Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссия, Қаржы Министірлігі, Ұлттық банк, Мүлікті басқару жөніндегі Мемлекеттік комитет және Жекеменшіктендіру жөніндегі Мемлекеттік комитет саналады.

Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссия оның төрағасы және төрт комиссия мүшелерінен құралады. Комиссия төрағасы мен оның мүшелерін Премьер Министірдің ұсынуымен 5 жыл мерзімге республика Президенті бекітеді. Қызметтен де осы жолмен босатылады.

Дүниежүзілік тәжірибиеде бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу екі түрлі жолмен жүргізіледі: мемлекеттік органдар уәкілі қатысуымен тікелей араласу, сонымен қатар іс- шаралар арқылы нарыққа жанама араласу.

Тікелей араласу шараларына мыналар жатады:

- 1) Бағалы қағаздар нарығы мәселелері жөнінде заң шығаратын өкілетті органдардың жұмысы;
- 2) Осы мәселелер бойынша атқарушы үкімет органдарының қауалары мен бұйрықтары;
- 3) Бағалы қағаздар нарығының жұмысына жаңа ережелер енгізетін немесе ескілерін өзгертетін басқа да мемлекеттік органдардың іс-шаралары.

Жараласу тетіктеріне мыналар жатады:

- 1) Несие үшін процент мөлшерін өзгерту арқылы айналымдағы ақша массасын және несие көлемін мемлекеттік бақылау;
- 2) Мемлекеттің салық саясаты;
- 3) Депозиттерге, несиелерге, қарыздарға үкімет кепілдігі;
- 4) Қарыз капиталы нарығына мемлекеттің араласуы арқылы мемлекет пен корпорациялардың арасында несие үшін тікелей бәсекенің тууы;
- 5) Мемлекеттің сырқы экономикалық іс- шаралары.

Бағалы қағаздар нарығын реттеу мемлекеттік органдарға, не арнаулы ұйымдарға, не қаржы министірлігіне, не мемлекеттік банкке жүктеледі. Мысалы АҚШ-та тиісті заңдарды шығарып, олардың орындалуын тексерумен конгрессте құрылған бағалы қағаздар және қор биржалары туралы комиссия шұғылданса, Жапонияда бұл сұрақтар Қаржы министірлігінде қаралады. Реттеші органдар инвесторлардың қаржысын қорғауға бағытталған негізінен үш қызмет атқарады:

Біріншіден, нарықта шаруашылық субъектілері ретінде қызмет істейтін барлық бағалы қағаздар нарығына қатысушыларды, сонымен қатар, бағалы қағаздарға тікелей қатысы бар қызметкерлерді тіркеу. Тіркеуден өтетін барлық кандидаттар қаржы жөнінен белгілі бір талаптарға сай болуы қажет, яғни олардың керекті мөлшерде өз капиталы болғаны жөн.

Екіншіден, экономиканың барлық субъектілерін нақты хабарлармен қамтамасыз ету. Ол, әдетте, бағалы қағаздарды шығару мен оны шығарушылар туралы анық та толық хабар беретін эмиссия проспектісін шығарумен жүзеге асырылады.

6. Қаржы делдалдығы және қаржы делдалдарының қаржы нарығындағы банктік қызметі.

1. Қаржы нарығы ұғымы мен қызметі, экономикалық мәні мен ерекшелігі.
2. Қаржылық делдалдық және қаржы делдалдары

1. Қаржы нарығы ұғымы мен қызметі, экономикалық мәні мен ерекшелігі.

1. Қаржылық делдалдық деп қаржы ресурстарының несие берушілерден қарыз алушыға ауысу құбылысын және онымен байланысты қаржы институттарының қызметі. Қаржылық делдалдық жаңа өндіріс ресурстарының пайда болуына үлес қосып, экономиканы күшейтеді және жоғарылатады. Қарыз алушыларды тұтыну күшімен қамтамасыздандырып, несие берушілерге қаржы нарықтары активтерден (салымдардан) табыс табу құқығын береді.

Яғни салымдарды нақты активтерді тікелей иемденусіз өндірістік қолдануға мүмкіндік береді. Табысты меншік және қаржы активтерін басқару құқығынан бас тартуынсыз және нақты активтердің иесі болу және реттеушісі болу қажетінсіз алуға болады. Қаржы делдалдар маңызды ұлттық шаруашылық қызметін атқара отырып, ақша капиталының ауданаралық және қалааралық механизмімен қоғамды қамтамасыз етеді.

Шаруашылық субъектілерінің қатынасы капиталдар нарығында қаржы делдалдардың үлесімен жүзеге асады. Экономикалық әдебиеттерде қаржы делдалдарының 3 тобы көрсетіледі:

- депозиттік (жинақ банкілері, несиелік одақтар);
- келісім-шарттық-жинақты (сақтандыру компаниялары, зейнетақы қорлары);
- инвестициялық қорлар.

Теориялық зерттеулерде қаржы делдалдары банкілер арасындағы байланыста қарастырылады. Ақша теориясында ақша эмитенті ретінде

банктер ерекшеленеді; бұл теория қандай банктік жүйенің экономикалық қызметті және оның өсуін қамтамасыз ететін ең тиімді несиелік шарттарын ұсынады деген сұраққа жауап беруге ұмтылады. Бұл сұрақтар Герли және Шоуу еңбектерінде тереңірек қарастырылған.

Алайда олардың тұжырымы макроэкономикалық мінезге тән және қаржы делдалдардың іс-әрекеті мүлдем сараланбаған. Қаржылық делдалдыққа арналған зерттеулер екі модельге сүйенеді: ол 1980 жылдың бас кезіне тән, нақты айтқанда неоклассикалық фирма теориясына және портфельдік теорияға. Бірінші модельге қарағанда, ол стандарттық микроэкономикалық теория деп аталады, банк өз жұмысының оптималдық тиімділігінің арқасында пайда түсіру мақсатын көздейді. Портфельдік теорияға келсек Марковиц шығарып (1959) Шарп (1970) жалғастырған, ол банкті инвестор түрінде қарағанда пайдаланылады, банк жеткілікті тәуелдік сатысын құру комбинациясының активінде, онда ол максималдық пайда түсіреді, егерде коэффициенттік ликвидтігін сақтаса, Мертон және Боди (1955) зерттеуін атауға болады, оған байланысты банктік жүйені оған кіретін институттардан емес, оның орындау функциясынан қарау керек. Өйткені функция институтқа қарағанда тұрақты. Институттар бәсекелестік не болмаса, қаржылық инновацияға байланысты ауысады.

Қаржы нарығының негізгі қатысушылары:

- **инвесторлар**, олардың рөлін мемлекет атқара алады, заңдық және физикалық тұлғалар, олар қаржы ресурстар иесі болса, нарыққа пайда түсіру мақсатында жіберіледі;
- **делдалдар**, олардың рөлінде мамандандырылған қаржы буындары (банктер, сақтандыру компаниялары, қордық нарықтың профессионалдық қатысушылары, инвестициялық қорлар және т.б.);
- **пайдаланушылар**, олардың рөлін мемлекет атқара алады, заңдың және басқа тұлғалар әртүрлі негізбен оларға қажет қаржы ресурстарын тиісті қаржы нарығында алып пайдалану құқығын төлеушілер.

Қаржы нарығы – ақша, депозит, несиелік валюталық, сақтандыру зейнет нарығының қаржы инструменттерінің ұйымдасқан сауда жүйесін құрайды. Мұнда қаржы институттары негізгі рөлге ие (ақша құралдарының ағынын меншік иесінен заемщиктерге қарыз алушыларға бағыттайтын), мұнда төлем инструменттері мен бағалы қағаздар тауар ретінде жүреді. Кез келген нарық сияқты қаржы нарығы қаржы ресурстарын сатып алушы мен сатушылар арасындағы байланысты орнатуға арналған.

Сөйтіп, қаржы нарығы – бұл несие беруші мен қарыз алушы арасындағы делдалдардың көмегімен капиталға деген ұсыныс пен сұранысты қалыптастыру аясында капиталды қайтабөлу механизм жүйесі. Тәжірибе жүзінде ол меншік иелері мен қарыз алушылардың арасындағы ақша құралдарының ағынын бағыттайтын қаржы – несиелік институттардың жиынтығын көрсетеді.

Қаржы нарығының негізгі қызметі мыналар:

- реттеу - мемлекет органдары тарапынан және өзін-өзі реттейтін ұйымдар тарапынан нарықты регулярлы реттеу,
- ақпараттық - қаржы нарығының барлық қатысушыларын толық және теңдей ақпаратпен қамтамасыз ету;
- бөлу – қаржы нарығы инструменттерінің айналымы ақша құралдарын бір экономика саласынан екінші экономика саласына құйылуын қамтамасыз етеді, бір нарық қатысушыларының екіншісіне, бір айналым саласынан екіншісіне, сол арқылы қаржы ресурстарының бөлінуіне ықпал етеді.
- коммерциялық - қаржы нарығында іске асатын операциялар арқылы мәмілеге қатысушыларға табыс әкеледі.
- бағалау – қаржы нарығының бағасы нарықта сұраныс пен ұсыныс есебінен, бәсеке бостандығы жағдайында қалыптасады.

Қаржының экономикадағы басты қажеттігі объективті мән-жайдан – тауар-ақша қатынастарының болуынан және қоғамдық дамудың қажеттіліктерінен туындайды. Қаржының басты арналымы – табыстар мен ақшалай қорларды жасау арқылы мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы ресурстарына деген қажеттіліктерін қанағаттандырып отыру және бұл ресурстардың жұмсалыуына бақылау жасау.

Қаржы механизмі арқылы мемлекет өзінің саяси, экономикалық және әлеуметтік сфералардағы көптеген қызметтерін атқаруға қажет ақшалай қаражаттар қорын жасап қолданады. Қаржы деп ақша қаражаттарын бөлу және пайдалану туралы қатынастардың жүйесі аталынады.

Қаржы нарығы – бұл, ең алдымен дербес экономикалық категория ретінде бағалы қағаздарды сату мен қайта сату жөніндегі операцияларды жүзеге асыру жолымен кәсіпорындардың, фирмалардың, банктердің, жинақтаушы зейнетақы қорларының, сақтандыру ұйымдарының, мемлекеттің және халықтың уақытша бос ақшасын жұмылдырудың, оны бөлуді және қайта бөлуді қамтамасыз ететін нарықтық қатынастардың жиынтығы. Ол нарықтық қатынастар жүйесінің құрамды бөлігі болып табылады және тауар, ақша, несие, валюта және басқа нарықтармен (капитал, жұмыс күші, жер, алтын нарықтарымен) етене байланысты.

Сондықтан курстық жұмыстың тақырыбын “Қаржы нарығын талдау” деп алдым. Бұл тақырыптың өзектілігі осы аталған қаржы ресурстарын қалыптастыруда және осы қаржыларды нақты өндіріске қосуда қаржы нарықтарын талдаудың орны ерекше болып табылады. Экономикада қаржы нарығының дамуы қалған барлық нарықтардың дамуына даңғыл жол ашады.

Осы тақырыпты орындау барысында келесі міндеттерескерілді:

- Қаржы экономикалық категория ретінде оның мәні мен қызметтерін анықтау;
- Қаржы нарығын жан-жақты талдау және оның құрылымы туралы хабардар болу;
- Қаржы нарығы дамуының экономика дамуындағы маңыздылығын анықтау;

— Бағалы қағаздар нарығының қаржы нарығындағы маңыздылығын атап өту;

Қаржылық қатынас кез келген ел экономикасының даму негізі болып табылады. Қаржы ресурстарының айналымы мен қайта бөлінуі қаржы нарығын анықтап берді және оның айналысының өзіндік аймағын қалыптастырды. Нарықтық экономика жағдайында қаржы нарығы тұтастай алғанда елдегі нарықтық қатынастар жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. «Қаржы нарығы» ұғымы қалыптасқан әлемдік тәжірибе мен әрбір мемлекеттің экономикалық дамуының өзіндік ерекшеліктеріне сай әр түрлі түсіндіріледі.

Ол ақша, депозит, несие, валюта, қор, сақтандыру, зейнетақы нарықтарының қаржылық құралдарымен ұйымдастырылған сауда жүйесін білдіреді. Мұнда ақша қаражаттарының ағымын меншік иелерінен қарыз алушыларға бағыттап отыратын қаржы институттары негізгі рөлді атқарады. Онда төлем құралдары мен бағалы қағаздар тауар ретінде қолданылады. Қаржы нарығы кез келген нарық секілді қаржы ресурстарының сатушылары мен сатып алушылары арасындағы тікелей байланысты орнатуға бағытталған.

Сондықтан, қаржы нарығы - бұл капиталға деген сұраныс пен ұсынысты қалыптастыру шеңберінде делдалдардың көмегімен несие берушілер мен қарыз алушылар арасындағы капиталды қайта бөлу механизмінің жүйесі. Тәжірибеде ол ақша қаражаттары ағымын меншік иелерінен қарыз алушыларға және олардан кері бағыттайтын қаржы-несие институттарының жиынтығын білдіреді. Қаржы нарығының негізгі функциялары мыналар:

- реттеушілік - оның көмегімен мемлекеттік басқару органдарының және өзін-өзі реттеу ұйымдарының тарапынан нарықты реттеу жүзеге асырылады;
- акпараттық - қаржы нарығына қатысушылардың барлығын акпараттармен толық және теңдей қол жеткізуін қамтамасыз етеді;
- бөлу - қаржы нарығы құралдарының айналысы ақша қаражаттарының экономиканың бір саласынан екіншісіне, нарықтың бір қатысушысынан екіншісіне, бір аймағынан екіншісіне өтуін қамтамасыз етеді және сонымен бірге қаржы ресурстарының бөлінуіне әсер етеді;
- коммерциялық - қаржы нарығындағы жүзеге асырылатын операциялар мәмілеге қатысушылардың барлығына қандайда бір табыс әкеледі;
- баға белгілеу - қаржылық құралдардың бағасы нарықта еркін бәсекелестік жағдайындағы сұраныс пен ұсыныстың әсерімен қалыптасады.

Қаржы жүйесімен жүзеге асырылатын уақытша бос ақша ресурстарының әр түрлі инвестицияларға айналу процесі қаржы нарығының қызмет етуімен және қаржы институттарының қызметімен тікелей байланысты. Егер қаржы ресурстарын шоғырландыру мен орналастыру процесінде қаржы институттарының негізгі рөлі меншік иелерінен қарыз

алушыларға қаражаттардың мүмкіндігінше тиімді өтуін қамтамасыз ету болып табылса, онда қаржы ресурстарын сатушылар мен сатып алушылардың арасындағы қаржылық активтер мен міндеттемелердің саудасын ұйымдастыру қаржы нарығының міндеті болып табылады.

Мұндай на-рықтардағы сатушылар мен сатып алушылардың экономикалық субъект ретіндегі үш тобы бар:

- үй шаруашылығы (жеке тұлға);
- меншік формасына тәуелсіз шаруашылық жүргізуші субъектілер;
- мемлекеттік басқару органдары.

Олардың кез келгені нақты уақыт кезеңінде өз бюджетінің балансталған, оның дефициті мен профициті жағдайында болуы мүмкін. Шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мемлекетте қаржылық қаражаттарды қарызға алу қажеттілігі немесе уақытша бос қаражаттарды өзіне тиімді шартпен орналастыру мүмкіндігі пайда болады.

Қаржы нарығы түпкі мәні бойынша әлеуетті сатушылар мен сатып алушылардың, сондай-ақ делдал-институттардың мүдделерін тиімді ескеріп, жүзеге асыруға арналған.

Нарықтық экономика - өндірісті тиімді ұйымдастыру формасы. Бұл көптеген әлем елдерінің даму тәжірибесімен дәлелденген. Қазақстан Республикасы үшін шаруашылық жүргізудің жаңа әдістері қаржы нарығының әлеуетті мүмкіндіктерін, ең алдымен, елдің жан-жақты өсуін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді пайдалануды талап ететін еркін нарыққа өтуді білдіреді. Бұл мағынада, қаржы нарығы - ғылыми-техникалық прогрестің базасында дамитын, жалпы қоғам жағдайының қажетті деңгейіне қол жеткізу және экономикалық тиімді өсу үшін барлық экономиканың салаларын ресурстармен қамтамасыз ететін жеке бастамалар мен бәсекелестікке үлкен мән беретін қоғамдық өндірісті ұйымдастырудың озық формасы.

Біздің көзқарасымыз бойынша, қаржы нарығы - елдің барлық ақша ресурстарының, сонымен қатар экономиканың әр түрлі субъектілерінің тарапынан осы ресурсқа деген сұраныс пен ұсыныстың ықпалымен ұдайы қозғалыс үстінде болатын ақша ресурстарының жиынтығын білдіреді. Алайда ақша ресурстары мен шаруашылық жүргізуші субъектілер - қаржы нарығы емес, ол ақша ресурстары мен шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында тікелей қатынас орнағанда ғана пайда болады. Сонымен, қаржы нарығы - бұл ең алдымен экономиканың әр түрлі субъектілерінің арасындағы бос ақша капиталы мен ақшалай жинақтарды мәміле жасау жолымен қайта бөлу және олардың қозғалысы бойынша пайда болатын ақшалай қатынастар.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, қаржы нарығының функциясын анықтайтын алғышарттарға мына факторларды жатқызуға болады:

- қаржы ресурстарын қайта бөлуде мемлекеттің рөлін ба-рынша азайту;
- монополияны шектеу және бәсекелестікті дамыту мақ-сатында барлық

меншік түріндегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің толық дербестігін қамтамасыз ету;

- бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін елдегі орта-лық банктің ссудалық қорын пайдалануды тоқтатып, бұл мәселелерді мемлекеттік займдарды, яғни облигациялар және басқа да міндеттемелерді айналысқа шығару арқылы шешу;
- бағалы қағаздарға инвестициялануы мүмкін шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың ақшалай табыстарының тұрақты өсуі.

2. Қаржылық делдалдық және қаржы делдалдары

Қаржы делдалдары - жеке және заңи тұлғалардың ақшалай қаражатын шоғырландыру және кейіннен осы қаражатты шаруашылық жүргізуші субъектілер мен басқа да қарызгерлерге несие түрінде беру міндетін атқаратын қаржы институттарының (ұйымдардың, мекемелердің) жиынтығы; елдің қаржы жүйесінің ақшалай қаражатты несиегерлерден қарызгерлерге беретін, яғни шаруашылық жүргізуші субъектілерді жанама түрде қаржыландыратын бөлігі.

Қаржы жүйесінің ақшалай қаражат беретін бөлігі болып табылатын брокерлер мен дилерлерден айырмашылығы: қаржы делдалдары меншікті борышкерлік міндеттемелер шығарады.

Қаржы делдалдарына: коммерциялық банкілер, ипотекалық банкілер, инвестициялық банкілер, несие-жинақ институттары (жинақ банкілері, несие-жинақ қауымдастықтары, несие одақтары), қаржы компаниялары, инвестициялық одақтар, сақтандыр. ұйымдары, ақша нарығының өзара қарыз қорлары жатады.

Қаржылық делдалдық деп қаржы ресурстарының несие берушілерден қарыз алушыға ауысу құбылысын және онымен байланысты қаржы институттарының қызметі. Қаржылық делдалдық жаңа өндіріс ресурстарының пайда болуына үлес қосып, экономиканы күшейтеді және жоғарылатады.

Қарыз алушыларды тұтыну күшімен қамтамасыздандырып, несие берушілерге қаржы нарықтары активтерден (салымдардан) табыс табу құқығын береді. Яғни салымдарды нақты активтерді тікелей иемденусіз өндірістік қолдануға мүмкіндік береді.

Табысты меншік және қаржы активтерін басқару құқығынан бас тартуынсыз және нақты активтердің иесі болу және реттеушісі болу қажетінсіз алуға болады. Қаржы делдалдар маңызды ұлттық шаруашылық қызметін атқара отырып, ақша капиталының ауданаралық және қалааралық механизммен қоғамды қамтамасыз етеді.

Шаруашылық субъектілерінің қатынасы капиталдар нарығында қаржы делдалдардың үлесімен жүзеге асады.

Экономикалық әдебиеттерде қаржы делдалдарының 3 тобы көрсетіледі:

депозиттік (жинақ банкітері, несиелік одақтар);

келісім-шарттық-жинақты (сақтандыру компаниялары, зейнетақы қорлары); инвестициялық қорлар.

Теориялық зерттеулерде қаржы делдалдары банктер арасындағы байланыста қарастырылады. Ақша теориясында ақша эмитенті ретінде банктер ерекшеленеді; бұл теория қандай банктік жүйенің экономикалық қызметті және оның өсуін қамтамасыз ететін ең тиімді несиелік шарттарын ұсынады деген сұраққа жауап беруге ұмтылады. Бұл сұрақтар Герли және Шоуу еңбектерінде тереңірек қарастырылған.

Алайда олардың тұжырымы макроэкономикалық мінезге тән және қаржы делдалдардың іс-әрекеті мүлдем сараланбаған. Қаржылық делдалдыққа арналған зерттеулер екі модельге сүйенеді: ол 1980 жылдың бас кезіне тән, нақты айтқанда неоклассикалық фирма теориясына және портфельдік теорияға. Бірінші модельге қарағанда, ол стандарттық микроэкономикалық теория деп аталады, банк өз жұмысының оптималдық тиімділігінің арқасында пайда түсіру мақсатын көздейді. Портфельдік теорияға келсек Марковиц шығарып (1959) Шарп (1970) жалғастырған, ол банкті инвестор түрінде қарағанда пайдаланылады, банк жеткілікті тәуелдік сатысын құру комбинациясының активінде, онда ол максималдық пайда түсіреді, егерде коэффициенттік ликвидностігін сақтаса, Мертон және Боди (1955) зерттеуін атауға болады, оған байланысты банктік жүйені оған кіретін институттардан емес, оның орындау функциясынан қарау керек. Өйткені функция институтқа қарағанда тұрақты. Институттар бәсекелестік не болмаса, қаржылық инновацияға байланысты ауысады.

Қаржы нарығының негізгі қатысушылары:

инвесторлар, олардың рөлін мемлекет атқара алады, заңдық және физикалық тұлғалар, олар қаржы ресурстар иесі болса, нарыққа пайда түсіру мақсатында жіберіледі;

делдалдар, олардың рөлінде мамандандырылған қаржы буындары (банктер, сақтандыру компаниялары, қордық нарықтың профессионалдық қатысушылары, инвестициялық қорлар және т.б.);

пайдаланушылар, олардың рөлін мемлекет атқара алады, заңның және басқа тұлғалар әртүрлі негізбен оларға қажет қаржы ресурстарын тиісті қаржы нарығында алып пайдалану құқығын төлеушілер.

Қазақстанда екі деңгейлік банктік жүйе бар. Қазақстан Республикасының Халықтық банкі Қазақстан Республикасының негізгі банкі. ҚР банк жүйесінде жоғарғы (бірінші деңгей). Ол ҚР-ның орталық банктермен басқа елдер банктерде және басқа қаржылық-несие ұйымдарында ҚР мүддесін қорғайды. Басқа банктер төменгі (екінші) деңгейлі банк жүйесі. Банк қызметі ҚР заңымен, конституциямен, халықаралық келісіммен, Ұлттық банктің нормативтік актісімен реттеледі. Олар заңдық актімен ҚР Президентінің өкімімен негізделіп орындалады.

Банктік қызмет банктік операцияларды іске асыру және басқа да банк рұқсат берген операцияларды іске асыру және басқа да банк рұқсат берген операцияларды орындайды. Банктік операцияларға төмендегілер жатады:

- заңды және басқа тұлғалардан депозит қабылдау;
- банктің корреспонденттік есебін ашып оны жүргізу және банктік операция жүргізуші ұйымдардың жұмыстарын жүргізу;
- кассалық операциялар – қабылдау, қайта есептеу, ұсату, айырбас, сорттау, банкноталарды және тиындарды сақтау;
- аудару операциялары – заңды және басқа тұлғалардың ақша аудару қызметін атқару;
- есеп операциясы – есеп (дисконт) вексель есебі және басқа қарыздық міндеттер;
- несие операциялары – несие беру ақшалай;
- заңды тұлғалардың тапсырысымен есептеу, оның ішінде банктік-корреспонденттік, олардың банк есебімен;
- сенімдік операциялар – сенім артушының меңгеру және сенім артушының тапсыруымен;
- клирингтік есеп айырысу операциясы – жинау, салыстыру, төлемді анықтау, оларды есепке алу, клирингке қатысушының таза позициясын анықтау;
- сейфтік операциялар – ОБ сақтау, құжат, клиенттің бағалы бұйымдары (ақша), оның ішінде сейфтік жәшікті арендаға беру, шкаф;
- ломбардтық операциялар – қысқа мерзімді несие беру, ОБ жеңіл іске қосуына лайықты және жылжымалы мүлік;
- төлем карталарын шығару;
- инкассация және банкнот, монета, құнды заттар шығару.

Одан басқа банк лицензиясы болса:

сатып алу, залог алу, есепке алу, сақтау, алынған қымбат металдарды (алтын, күміс т.б.), құнды қымбат металдарды және ювелирлік қымбат металды, қымбат тасты нәрселерді сатуға құқылы;

- ❖ депозиттік сертификат шығару;
- ❖ кепілдік операциялар – кепілдік беру, үшінші адамдарға ақша түрін орындауға келісімде;
- ❖ арендаға мүлікті беруге, келісім аяғына дейін;
- ❖ өз қағаздарының эмиссиясы (акциядан басқасы);
- ❖ факторенгтік операциялар – қарыздық міндетті төлеу вексель сатып алу барысында.

Банктер мамандық қызметі бойынша төмендегідей қызмет көрсете алады:

- брокерлік – мемлекеттік бағалы қағаздармен;
- дилерлік – мемлекеттік бағалы қағаздармен;
- кастодиалдық;
- клирингтік;
- бағалы қағаздар портфелін басқару.

Коммерциялық банктер келесі белгілермен бөлінеді:

- *функциялық орнауымен банктер*: эмиссиондық, депозиттік және коммерциялық;

- *банктің меншіктігі бойынша* - мемлекеттік, кооперативтік, жекеменшік, аралас;
- *мамандық бойынша* – универсалдық, салалық, өндірістік, саудалық, ауылшаруашылықтық, инвестициялық;
- *арнайы мақсат орындау бойынша* – инновациялық, өзара көмектік, сақтандыру функциялық;
- *территориялық белгі бойынша* – қалалық, муниципалдық, өлкелік, мемлекетаралық.

Сонымен, қазіргі уақытта коммерциялық банкілер клиенттерге 200-ден астам банктің операция мен өнім көрсетпек. Сонымен қатар банктің негізгі қызметі – делдалдық және несие алушылар мен қарыз алушылардың арасында және сатушылар мен тұтынушылар арасында ақша айналымын жасау.

Банк қаржы жүйесінің субъектісі бола тұрып қаржы жүйесінің басқа субъектісінен айырмашылығы бар: банктің қарыз міндеттерін екі жақты орындаушылық сипаттамасын беруге болады: олар өздерінің қарыздық міндеттерін (депозиттік және сақтау сертификаттары, облигациялар, вексельдер) орналастырады, ал осылай жұмылдырылған (жинақталған) қаржыларын басқа шығарған қарыздық міндеттерге және бағалы қағаздарға орналастырады: банктің өздеріне алынған шартты емес міндеттерді заңды және жеке тұлғалардың белгіленген қарыз сомасынан ерекшеленеді. Мұнымен банктің өздерінің активтері мен пассивтерінің бағасының өзгеруіне байланысты тәуекелділігінен өз акционерлерінің арасына бөлетін әртүрлі инвестициялық қорлардан ерекшеленеді.

Банктің ерекше маңыздылығы олардың төлем қаржыларын, төлем қаржыларын айналымға шығару, төлем қаржыларын айналымнан шығару қызметімен айналысатындығында. Банктің қоғамдағы экономикалық өмірдегі рөлінің артуы ақшаның заттық түрінің өзгеруінде, атап айтқанда ақшасыз қаржы мен есепті кеңінен пайдалану.

Сонымен, Қаржы нарығын реттеу. Қаржы нарығын реттеудің моделдері. Қаржы нарығын реттеудің әдістері. Қаржы нарығының негізгі бағыттары. ҚР-ның қаржы нарығын реттеудің заңнамалық негізі. Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік қадағалау мен реттеу туралы ҚР-ның заңы. Қаржы нарығындағы кәсіби қатысушылардың өзін-өзі реттеу ұйымдарының ролі. Өзін-өзі реттеу ұйымдарының түсінігі. Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдардың қызметтерін реттеу және қадағалау бойынша Агенттік: құрылу шарттары, мақсаттары.

Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдардың қызметтерін реттеу және қадағалау бойынша Агенттіктің Әкілеттілігі. Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдардың қызметтерін реттеу және қадағалау бойынша Агенттіктің міндеттері және қызметі. Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдардың қызметтерін реттеу және қадағалау бойынша Агенттіктің Ұлттық банкпен өзара байланысы.

Қаржы нарығының тауарын сату-сатып алу, мәселен, белгілі бір мерзімге ақша қаражаттарының келісілген сомасын қайтару секілді қаржылық міндеттемелермен жүзеге асады.

Несие берушінің қаржы міндеттемесіне ие болуы үшін оның белгіленген мерзімде нақты ақша қаражаттарын алатын құқыққа ие болуы керек.

Мұндай міндеттеме қаржылық талап деп аталады. Оны делдалдар түпкілікті инвесторға бұдан былай тартымды болмайтындай етіп қайта құрады. Қаржы нарығында тікелей қаржыландырудың жетіспеушілігі байқалды, ал оны толықтыру үшін делдалдар пайда болады. Олардың көмегі арқылы несие беруші мен қарыз алушының арасындағы қиындықтар жойылады. Олар тікелей қаржылық талапты сатып алып, оны басқа сипаттамасы (өтеу мерзімі, номинал құны) бар тікелей болмайтын талапқа айналдырады да сатады. Түрлендірудің мұндай процесі делдалдық атауына ие, ал субъектілер қаржылық делдалдар немесе қаржы институттары деп аталады.

Қаржылық делдалдар көптеген артықшылықтарға ие. Ең алдымен, олар өз ісін жетік білуіне қарай мәмілелерді ауқымының тиімділігі есебінен үнемге қол жеткізуге болатын мөлшерде жүзеге асырады. Екіншіден, қаржылық делдалдар трансакциялық шығындарды оңай азайтады. Үшіншіден, олар ақпаратқа қол жеткізетін көптеген мүмкіндіктерге ие және олар оның шынайылығын оңай анықтай алады.

Қаржылық делдалдарға уақытша бос ақша қаражаттары бар (несие берушілер) экономикалық субъектілер де, ақша қаражаттарына мұқтаж (қарыз алушылар) субъектілер де мүдделік танытады өйткені олар қаржылық делдалдардан нақты артықшылықтары мен пайдасы бар қаржы өнімдерін алады.

Төртіншіден, делдалдар несие нарығының қауіпін азайтуға септігін тигізетіндіктен, олар уақытқа қарай немесе басқаша жолмен бірлестірілген несие беру барысында несие берушілерге салым ақшаны қаржылық құралдардың түрлері бойынша бөлу арқылы қауіпті әртараптандырады. Қаржы делдалдары болмаса, несие қауіпі жоғарылап кетеді. Тек делдалдар ғана қарыз алушының төлем қабілеттілігін тексеретін жүйені жасайды және өз қызметін тарататын жүйені ұйымдастырады, оның бұл әрекеті де несие қауіпі мен несиеу шығынын кемітеді.

Бесіншіден, қаржы институттары өз клиенттерінің өтімділік деңгейінің тұрақты болуын және қолма-қол ақшаны алудың мүмкіндігін қамтамасыз етеді, өйткені қаржы институттарының өздері қолма-қол ақша формасында өз активтерінің белгілі бір үлесін ұстау мүмкіндігіне ие. Екінші жағынан, мемлекет кейбір қаржы институттары үшін өтімділікті реттейтін заң нормаларын белгілейді. Мәселен, коммерциялық банктер үшін резервтеудің нормативтері арқылы орталық банктік және кассаның шоттарында ақша қаражаттарының ең аз шамасындағы қалдығын қолдау заңмен қамтамасыз етіледі.

7. Қаржының нарығы.

1. Ақшаның түсінігі және оның атқаратын қызметтері
2. Қаржы ұғымы және оның қызметтері
3. Қаржы жүйесі және құрылымы

1. Ақшаның түсінігі және оның атқаратын қызметтері

Ақша - айырбас құралы ретінде барлық адамдармен қабылданатын және басқа тауарларды (қызметтерді) бағалауға қызмет ететін кезкелген тауар немесе символ.

Әр уақыттарда және дүниенің түрлі бөліктерінде адамдар ақша ретінде әр түрлі тауарларды – [астық](#), [мал](#), қымбат тастар және металдарды пайдаланды. Ұзақ уақыттар бойы ақша есебінде [алтын](#) және [күміс](#) жүрді. Қымбат металдардың физикалық қасиеттері (біртектілігі, мықтылығы, құндылығы) ақша атқаруға тиісті талаптарды толық ақтады. Сондай-ақ [металл](#) ақшалардың маңызды қасиеттерінің бірі – оларды бөлуге болытын еді. Қымбат металдар, көлемі қандай болса да, өзінің пайдалы қасиеттері мен құндылығын жоғалтпайды. Құнды металдың белгілі бір көлемінің сақталуына мемлекеттік кепілдік ететін алтын және күміс теңгелер пайда болды.

Соңғы ғасырларда алтын және күміс теңгелердің орнына [қағаз](#) ақшалар жүре бастады. [Қағаз ақшаның](#) құны алтынмен кепілденді және олар алтынға еркін айырбасталды.

Ақша ([ағылш.](#) *money; cash*; [нем.](#) *Geldn, Geldmittelpi*) — жалпыға бірдей балама ретінде барлық басқа тауарлардың құнын көрсететін ерекше [тауар](#). Ал барлық тауар өндірушілер, сатушылар, тұтынушылар арасындағы экономикалық байланысты қаматамасыз етеді. Ақша тауар өндірісі мен тауар айырбасының тарихи дамуы нәтижесінде пайда болды. Алғашқы кезде бір еңбек өнімі екінші еңбек өніміне тікелей айырбасталды. Кейінірек [айырбас](#) сауда дамуының барысында құнның жай формасының орнына құнның толық

және жайылыңқы формасы келді. Одан әрі өндіріс пен айырбастың дамуы нәтижесінде тауарлар арасынан бір тауар бөлініп шығып, басқа тауарлар осы тауарға айырбасталды. Сөйтіп, құнның толық және жайылыңқы формасы құнның жалпылық формасына орын берді. Құнның ең жоғарғы ақша формасындағы жалпыға бірдей балама рөлі бір тауардың еншісіне тиді, яғни ерекше тауар түрі – ақша пайда болды. Осы кезде әр түрлі тайпалар мен халықтар арасында ақша ретінде ішкі және сыртқы сауда-саттықтың басты заттары болып табылатын тауарлар бөлініп шықты. Ақша рөлін кейбір халықтарда (гректер, римдіктер, славяндар, моңғолдар, т.б.) мал, ертедегі [Русьте](#), [Скандинавияда](#) – [аң терісі](#), [Қытайда](#) – [шай](#), [Абиссинияда](#) – [түз](#) атқарды. Қазақстанда ішкі сауда-саттық жүргізу үшін жалпыға бірдей балама ретінде [токты](#) немесе [саулық](#) қой пайдаланылды. Бертін келе тауар өндірісі мен тауар айырбастының дамуы және халықтар арасындағы қарым-қатынастың ұлғаюы нәтижесінде ақша рөлі түрлі металдарға ауыса бастады. Өйткені, металл (әсіресе алтын, күміс) өзінің табиғи қасиетінің арқасында ақша рөлін атқаруға өте қолайлы болды. Алтын мен күмістің жалпыға бірдей балама рөлін атқаруына байланысты құнның жалпылық формасы ақша формасымен айырбасталды. Ол кез келген тауарға айырбасталды.

Біздің заманымыздан бұрынғы 3 ғасырдағы [хуннулар](#) ақша орнына күміс пышақты пайдаланып келсе, біздің заманымыздың 1 ғасырында салық есебіне алтын, күміс құймаларды алып тұрған. Ақ ғұндар бір бетіне [пехлеви](#), екінші бетіне [эфталит](#) (түркі-руни) жазуы бар теңгелер (біздің заманымыздың 5 – 6 ғасырлары) жасап, сауда айналымына кіргізген. Қазақ елі (қазақ халқын құраған негізгі тайпалар) баба түркілер [Ұлы Жібек жолына](#) орналасқандықтан ақша жасау, оны айналымға енгізуді өмір қажеттілігі деп тым ерте қолға алған. 6 – 8 ғасырларда билеуші рулардың таңбасы қашалған, [ру](#) рәмізін бейнелеген теңгелер құя бастаған. [Сырдарияның](#) орта алабында өмір сүрген тайпалардың [кола](#) теңгелері, 6 – 8 ғасырлардың 1-жартысына дейінгі аралықта қолданылған. Бұл теңгелерде Ашиде әулетінің рәмізі болған [арыстан](#) бейнеленген. Мұндай теңгелерді [Суяб](#), [Тараз](#) қалаларындағы арнаулы шеберханаларда құйған. Сонымен қатар [Отырар](#) маңындағы қалаларда да түрлі теңгелер жасалған.

Біздің заманымыздың [704 – 766](#) жылдары [Таразда](#) құйылып, айналымға енген теңгелердің бетінде «[Түргеш қаған теңгесі](#)» немесе «[Түркінің көк ханының теңгесі](#)» деген анықтама жазулар бар. Бұл – тайпалық дәрежедегі теңге емес, бүкіл мемлекет дәулетін, мүлкін, ел ырысын куәландыратын кепілдеме. Осы сияқты 6 – 8 ғасырлар аралығына жататын мыс, қола, күміс теңгелер [Суяб](#), [Ақбешім](#) қалаларында да шығарылып тұрған. [Испиджаб](#) қаласында арнайы теңге сарайы болған. Бұдан кейінгі кезеңде [Қарахан әулеті](#) билік құрған тұста Қазақстан және [Орта Азияда](#) сауданың күшті дамуына байланысты ақша шығару, ақша айналымы да кең етек алды. Әсіресе, [мыс](#), күміс ақшалар көптеп шығарылды. Соның ішінде Тараз, Испиджаб теңгелері ел экономикасында; ал 12 ғасырдың 2-жартысы – 13 ғасырдың басында Отырарда шыққан [Мұхаммед ибн Текештің](#) теңгелері Қазақстан жеріндегі

сауда-саттықта ерекше міндет атқарды. Ол дәуірдегі мыс, күміс, алтын ақшалар өзінің салмағы бойынша алтынмен бағаланып, сауда айналымына енді.

Ақша жалпыға бірдей балама ретінде барлық тауарлардың құнын өлшейді. Ақша құн өлшемі ретінде: «мөлшері жағынан аттас, сапасы жағынан салыстыруға келетін тауарлар құнын бейнелеу үшін тауарлар дүниесіне материал беру» қызметін атқарады. Бірақ та тауарларды өзара өлшейтін ақша емес, тауарлар өндірісіне кеткен қоғамдық қажетті еңбек олардың бір-бірінің өлшенуіне жағдай жасады. Барлық тауарлар қоғамдық еңбек өнімдері, сондықтан олардың құнын өзіндік құны бар нақты ақшалар (алтын және күміс) өлшей алады.

Тауар құнының ақшамен бейнеленуі оның бағасы деп аталады. Баға тауарды өндіруге және сатуға қажетті қоғамдық еңбек шығынымен анықталады. Әрбір елде ақшаның өлшемі ретінде қабылданған және тауарлар бағасын өлшеуге қызмет ететін металдың (алтын) баға белгілеу процесіндегі ақша бірлігіне бекітілетін салмақты саны бағамас-штабы деп аталады.

Бағалардың негізінде және олардың қозғалысында құн заңы жатыр. Ақшаның құн өлшемі қызметі мен баға масштабы арасында өзара айырмашылық бар. Құн өлшемі — бұл мемлекетке тәуелсіз ақшаның экономикалық қызметін сипаттайды. Құн өлшемі қызметі құн заңына байланысты анықталады. Баға масштабы — бұл мемлекетке тәуелді, бірақ тауардың құнын көрсету үшін емес, тек оның бағасын бейнелеу үшін қызмет етеді. Баға масштабы нарық заңына, яғни сұраныс пен ұсынысқа байланысты белгіленеді. Сөйтіп баға масштабы арқылы ойша белгіленетін тауарлар бағасы, ұлттық ақша бірлігіндегі көрсетілетін нарықтық бағаға айналады.

Бүгінгі таңда тауарлар алтынға тікелей айырбасталмайды және олардың бағасы алтынмен бейнеленбейді. Ақшаның бұл қызметін алтынның орнында жүретін оның құндық өкілдері немесе қағаз және несиелік ақша белгілері атқарады. Мұндай ақшалардың меншікті құны болмайтындықтан да, оларды толық бағалы емес ақшалар деп атайды. Өйткені, олар тауарлар құнын толық өлшемейді, бірақ өлшеуге қатынасады.

Ақшаның айналыс құралы қызметі

Айналыс құралы қызметінде ақша тауар айналысы үдерісінде делдалдық рөл атқарады. Тауар айналысы мынадай үдерістерді қамтиды: тауар сату, яғни оның ақшаға айналуы, және тауарды сатып алу, яғни тауардың ақшаға айналуы. Бұл үдерісті арнайы формулада келесідей түрде беруге болады: $T(\text{тауар}) — A(\text{ақша}) — T(\text{тауар})$.

Ақша айналысының тауар айналысынан айырмашылығы ақша тауарларды біртіндеп айналыстан шығара отырып, өзі айналыста үнемі қалып отырады. Ақшаның айналыс құралы ретіндегі қызметінің басты ерекшелігі, біріншіден, бұл қызметті толық бағалы емес құнның белгілері: қағаз және несиелік ақшалар атқарады, екіншіден, нақты және қолма-қолсыз ақшалар атқарады.

Сонымен ақша, айналыс Құралы қызметін атқаратындықтан да олардың саны, яғни айналысқа қажетті сатылатын тауарлар массасы және бағасы негізінде анықталады. Ал егер, айналыстағы ақша массасы тауар массасынан артық болса, онда ақшаның құнсыздануы инфляцияға жол береді.

Ақшаның төлем құралы қызметі

Әртүрлі жағдайлардың болуына байланысты тауарлардың тек нақты ақшаға ғана сатылмайтыны белгілі. Себебі әртүрлі тауарларды өндіру кезеңі мен айналыс мерзімінің ұзақтығының бірдей еместігі, сондай-ақ бірқатар тауарлардың өндірісі мен сатылуының маусымдық сипатта болуы шаруашылық субъектінде қосымша қаражаттардың жетіспеушілігін туғызады. Соның нәтижесінде тауарлардың төлемін кешіктіріп сатып алу және сату, яғни несиеге беру қажеттігі туындайды. Ақша төлем құралы ретінде мынадай ерекше бір қозғалыс нысанына ие: Т(тауар) — М(міндеттеме), келісілген мерзімнен кейін: М(міндеттеме) — Т(тауар).

Ақшаның төлем құралы қызметі мен айналыс құралы қызметтері арасында өзара айырмашылық бар. Ақша айналыс құралы ретінде делдалдық ролінде жүретін болса, төлем құралы қызметінде ақша мен тауардың бір-біріне қарама-қарсы қозғалысы болмайды, яғни қарыздық міндеттеме арқылы өтеу, сату және сатып алу үдерісінің аяқталғандығын білдіреді. Тауар мен ақша арасындағы уақыттағы алшақтық кредиторға қарыз алушының төлемеу қауіпін тудыруы мүмкін.

Ақша төлем құралы ретінде тек қана тауар айналысына қызмет етіп қоймай, сол сияқты қаржы және несие қатынастарына да қызмет етеді.

Жалпы барлық ақшалай төлемдерді төмендегідей түрде топтастыруға болады:

- тауарлар және көрсетілетін қызметтер бойынша төлем міндеттемелері;
- мемлекетке қатысты қаржылық міндеттемелер;
- банктік ссудалар, мемлекеттік және тұтыну несиелері бойынша қарыздық міндеттемелер;
- сақтандыру міндеттемелері;
- әкімшілік және сот алдындағы және өзге міндеттемелер.

Ақшаның төлем құралы қызметін толық бағалы емес, яғни қағаз және несиелік ақшалар атқарады.

Ақшаның қор жинау және қорлану қызметі

Ақша жалпыға бірдей балама ретінде, оның иесіне тауар алуды қамтамасыз етумен қатар, байлықты жинау құралы болып табылады. Сондықтан да адамдар, оларды жинақтау немесе қорлануға тырысады. Қорлану үшін ақша айналыстан алынады, сөйтіп, тауарды сату және сатып алу қозғалысы үзіледі.

Ақшаның қор жинау қызметін толық бағалы емес ақшалар атқара алмайды, себебі олардың меншікті құны жоқ. Бұл қызметті атқару қашаннан алтынға жүктелген.

Ал ақшаның қорлану қызметін толық бағалы емес ақшалар атқарады. Тауар өндірісі жағдайында қорлану екі нысанда жүзеге асырылады десе болады:

Кәсіпорындар мен ұйымдардың ағымдық және жинақ (депозиттік) шоттардағы, сол сияқты банктегі басқа шоттардағы ақшалай қаражат қалдықтары түрінде қоғамдық қорлану нысанда;

Банктердегі халық салымдарында, облигацияларда жинақталған жеке қорлану нысанында.

2. Қаржы ұғымы және оның қызметтері

Қаржы ("қолма-қол ақша", "табыс" ұғымын білдіретін орта ғасырдағы латын тілінің *financia* сөзінен пайда болған француздың *finance* сөзінен шыққан) қоғамда нақты өмір сүретін, объективті сипаты мен айрықша қоғамдық арналымы бар өндірістік қатынастарды білдіретін ақшалай қаржы ресурстары мен қорларды жасау және пайдалану процесіндегі экономикалық қатынастарды қамтып көрсететін тарихи қалыптасқан аса маңызды экономикалық категориялардың бірі болып табылады.

Бүгінде қаржы терминін күнделікті қолданысқа енгізген авторды атау қиын. Бұл терминнің авторлығын 1577 жылы "Республика туралы алты кітап" деген жұмысын бастырып шығарған француз ғалымы Ж. Боденге қалдыруға болады.

Қаржының пайда болуының бастапқы шарты ақша қатынастарымен ортақтастырылған тауар өндірісі болып есептеледі.

Тауар өндірісінің негізі тауар өндірушілердің экономикалық оқшауланушылығын шарттастыратын қоғамдық еңбек бөлінісі болып табылады. Олардың әрқайсысы өндірістің материалдық заттай факторларының айырмашылығы, олардың әр түрлі деңгейі жағдайында өнім жасайды, ал сол себепті тіпті ұқсас тауарлар нақтылы және затталынған еңбектің әр түрлі шығындарымен өндіріледі. Бұл теңсіздіктің салдарынан шығындар мен еңбек нәтижелерін өлшеудің қажырлы еңбектің және жұмсалынған күш-жігерге баламалы тұтынудың өлшемін ескере алатын айрықша механизмнің объективті қажеттігі туады.

Қоғамдық өнімнің нақтылы іске асырылуының екі нысанының болуы қоғамдық өндірістің әрбір қатысушыларының қажеттіліктеріне сәйкес оны түпкілікті тұтынуға жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл үшін құндық категориялар - ақша, баға, қаржы, еңбекақы, кредит және басқалары пайдаланылады.

Қаржы — ақша қатынастарының жиынтығы, олардың ажырағысыз бөлігі, ол әрқашан экономикалық жүйе шеңберіндегі қоғамдық ұдайы өндірістің түрлі субъектілері арасындағы бүкіл ақша қатынастарын емес, тек айрықша ақша қатынастарын

білдіреді, сондықтан оның рөлі мен маңызы экономикалық қатынастарда ақша қатынастарының қандай орын алатындығына байланысты.

Қаржының ақшадан мазмұны жағынан да, функциялары жағынан да айырмашылығы бар. Ақша—бұл ең алдымен ассоциацияландырылған өндірушілердің еңбек шығындары өлшенетін жалпыға ортақ балама, ал қаржы — жалпы ішкі өнім мен ұлттық табысты бөлудің және қайта бөлудің экономикалық тетігі, ақша қорларын жасау мен пайдалануға бақылау жасаудың құралы. Ол өндіруге, бөлуге және тұтынуға ықпал жасайды және объективті сипатта болады.

Қаржы — бұл шаруашылық жүргізуші субъектілерде және мемлекетте ақшалай табыстар мен қорланымдарды қалыптастырумен, сонымен бірге оларды ұдайы ұлғаймалы өндіріске, қоғамның әлеуметтік және басқа қажеттіліктерін қанағаттандыруға пайдаланумен байланысты жалпы қоғамдық өнімнің құнын және ұлттық байлықтың бір бөлігін бөлу және қайта бөлу процесінде пайда болатын ақша қатынастары.

Қаржының мәні ақша нысанындағы құн қозғалысынан туындайды. Мұндай қозғалыстың шарты тауар-ақша қатынастарының болуы және экономикалық, заңдардың іс-әрекеті болып табылады.

Қаржының қажеттігі объективті мән-жайдан — тауар-ақша қатынастарының болуынан және қоғамдық дамудың қажеттіліктерінен туындайды. Қаржының басты арналымы — табыстар мен ақшалай қорларды жасау арқылы мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы ресурстарына деген қажеттіліктерін қанағаттандырып отыру және бұл ресурстардың жұмсалуына бақылау жасау. Қоғамдық қажеттіліктердің дамуы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қарамағында жасалатын ақша (қаржы) ресурстарының құрамы мен құрылымының өзгеруіне жеткізеді.

Қаржының мәні іс-әрекет ететін механизмі және рөлі оның функцияларынан айқын көрінеді. Қаржының мәнін толық ашу оның ұғымы мен қажеттігін ғана емес, сонымен бірге қаржының қоғамдық арналымын, яғни оның функцияларын анықтауды да талап етеді.

Қазіргі уақытта қаржының екі функциясы орындалады: бөлу және бақылау.

Бөлгіштік қатынастардың ерекше сферасы ретінде қаржының ең алдымен бөлгіштік функцияның көмегі арқылы көрінеді. Тап осы функция арқылы қаржының қоғамдық арналымы - шаруашылық жүргізудің әрбір субъектісін оған қажет арнаулы

мақсатты ақша қорлары нысанында пайдаланылатын қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

Жалпы қоғамдық өнімнің құны, сонымен бірге ақша нысанында тұлғаланатын ұлттық байлықтың бір бөлігі қаржының бөлгіштік функциясының іс-әрекетінің объектілері болып табылады.

Қарамағында мақсатты арналымның қорлары қалыптасатын ұдайы өндірістік процестің қатысушылары болып табылатын заңды және жеке тұлғалар (мемлекет, кәсіпорындар, бірлестіктер, мекемелер, азаматтар) қаржылық бөлуде субъектілер болып келеді.

Бөлу функциясы қаржы құралдарын қоғамдық жалпы өнім мен оның аса маңызды бөлігі — ұлттық табысты, сондай-ақ ұлттық байлықтың бір бөлігін (мысалы, айналым қаражаттарын, мемлекеттік мүлікті сату операцияларын шығарып тастағанда) бөлу және қайта бөлу процесінде пайдаланған кезде көрінеді.

Қаржының бөлгіштік функциясының іс-әрекеті оның мәнінен: жиынтық қоғамдық өнімді, ұлттық табысты және таза табысты бөлумен және қайта бөлумен байланысты қатынастарды қамтамасыз етуден; табыстар мен қорланымдарды қалыптастырудан; ақша қорларын жасаудан туындайды.

Қоғамдық өнімді бөлу: алғашқы және қайта бөлу болып ажыратылады.

Алғашқы бөлу кезінде жиынтық қоғамдық өнімнің жалпы көлемінен орнын толтыру (өтеу) қоры (материалдық шығындар мен амортизациялық аударымдар) шығарып тасталады және жаңадан жасалған құн — ұлттық табысты бөлудің нәтижесінде мемлекеттің, өндірістік сфераның (шаруашылық жүргізуші субъектілердің) және халықтың алғашқы табыстары қалыптасады, олар бөлудің және қайта бөлудің күрделі процестеріне ұшырайды, бұл процестерде маңызды рөлді қаржы атқарады. Қоғамдық өнім мен ұлттық табысты алғашқы бөлу кезінде қаржы еңбекке ақы төлеу және баға сияқты экономикалық категорияларымен тығыз байланыста дамиды.

Қайта бөлу - салалық, аумақтық тұрғыдағы шаруашылық жүргізуші субъектілер бойынша қоғамдық өнімді мүшелеудің сан алуан процесін қамтиды. Ұлттық табыс қорлану қоры мен тұтыну қорына ие болады. Бірінші жағдайда қаражаттар өндірісті кеңейту үшін немесе материалдық сфера капиталынан, әлеуметтік инфрақұрылымның өндірістік емес қорларынан болатын өндірістік қорлардың (капиталдың) өсімі үшін, резервтер мен сақтық қорларын жасау үшін пайдаланылады. Тұтыну қорын бүкіл халықтың оның ұдайы толықтырылуы үшін пайдаланылатын түпкілікті табыстарын, әлеуметтік сфераның мекемелерін ұстауға,

ғылымға, мәдениетке, басқаруға, елдің қорғанысына арналған ресурстар құрайды.

Қаржы көмегімен ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу екі әдіспен жүзеге асырылады:

қаржылық - бюджеттік әдіс. Ол бюджетке табыстарды алғанда және бюджеттен қаражаттарды қайтарусыз тәртіппен бергенде қолданылады;

несиелік - банктік әдіс. Ол уақытша бос қаржы ресурстарын жұмылдыруды және қайтарымдылық негізде кредиттер беруді білдіреді.

Коммерциялық есеп пен маркетинг операцияларын жүзеге асыруға байланысты болатын қаржының бақылау функциясын барлық ғылыми тұжырымдамалардың өкілдері мойындайды. Қаржының бұл функциясы экономикалық категория ретіндегі қаржыға тән қасиет және қаржының не бірінші, не екінші функциясымен бір мезгілде жүзеге асады. Бақылау функциясы мазмұнының нақтылы көрінісі мемлекеттің қаржы саясатын жүргізетін қаржы органдары қызметінің барысында іске асады.

Бақылау функциясы қаржылық бақылауда жалпы ішкі өнімді тиісті қорларға бөлуге және оларды мақсатты арналым бойынша жұмсауға бақылау жасауда көрінеді.

Қаржының бақылау функциясын жүзеге асырудың нысаны қаржылық көрсеткіштерді білдіретін қаржы аппараты болып табылады. Қаржының бақылау функциясы қаржы органдарының сан қырлы қызметі арқылы жүзеге асырылады. Қаржы жүйесі мен салық службасы қызметкерлері қаржылық бақылауды қаржыны жоспарлау процесінде, бюджет жүйесінің кіріс және шығыс бөлігінің атқарылуы кезінде жүзеге асырады.

Қазіргі кезде қаржылық бақылаудың мынадай түрлерін ажыратады:

қаржылық-шаруашылық бақылау. Оны фирмалардың, кәсіпорындардың, бірлестіктердің, министрліктер мен ведомствалардың қаржы органдары ақша қорларын бөлу жолымен жүргізеді.

қаржылық-бюджеттік бақылау. Ол кәсіпорындар табысының (пайдасының) бір бөлігін мемлекеттік бюджетке алу арқылы, сондай-ақ кәсіпорындар мен құрылыстарды қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады.

кредиттік-банктік бақылау. Ол фирмалар мен кәсіпорындарды несиелеу арқылы жүргізіледі.

3. Қаржы жүйесі және құрылымы

«Қаржы жүйесінің» ұғымы қаржы ұғымының одан әрі дамуы және нақтылана түсуі болып табылады.

Елдің біртұтас қаржы жүйесі тиісті ақша қорлары құрылып, пайдаланатын қатынастардың, сонымен бірге бұл қатынастарды ұйымдастыратын органдардың жиынтығын қамтиды. Қаржы жүйесінің ұғымы кейде тар мағынада, тек мемлекеттің қаржы мекемелерінің жиынтығы ретінде қолданылады, бұл жеткіліксіз.

Сонымен бірге жалпы институционалдық тұрғыдан алғанда қаржы жүйесі бұл қаржы мекемелерінің жиынтығы, ал экономикалық тұрғыдан – ол мемлекетте іс-әрекет ететін бір-бірімен өзара байланысты қаржы қатынастарының жиынтығы екенін естен шығармаған жөн.

Өзінің тарихи дамуында қаржы жүйесі ұзақ эволюциядан өтті. Қаржы қатынастарының пайда болуы кезінде қаржы жүйесі, жалпыға мәлім, әдетте, тек бір ғана буынмен – мемлекеттік бюджетпен шектелді. Классикалық капитализм жағдайында батыстың көптеген өркениетті елдерінің, соның ішінде бұрынғы КСРО-ның қаржы жүйесін екі негізгі буын – мемлекеттік бюджет пен жергілікті қаржылар құрады. Олар ақша қорларын қалыптастыруға мүмкіндік берді, бұл буындардың көмегімен мемлекет өзінің саяси және экономикалық функцияларын орындап отырды.

Қаржы жүйесі терминінің жоғарыда келтірілген анықтамасында қаржының мәнділік сипаттамасын, оның қоғамдық – экономикалық процестегі орнын негіздей отырып, қаржы жүйесін сыныптаудың қағидалы үлгісі қойылған. Осы критерийге сәйкес қаржы жүйесі мынадай үш бөлікті қамтиды:

1. қаржы қатынастарының жиынтығы;
2. ақша қорларының жиынтығы;
3. басқарудың қаржы аппараты.

Ақша қорларының қозғалысына байланысты мемлекет, шаруашылық жүргізуші субъектілер, салалар, аймақтар және жеке азаматтар арасында пайда болатын экономикалық, ақша қатынастарының жиынтығы қаржы қатынастарын құрайды.

Қаржы қатынастары негізінен мына екі сфераны қамтиды:

1. мемлекеттік бюджетке жинақталатын мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорларын қалыптастырып, пайдаланумен байланысты болатын экономикалық ақша қатынастары;
2. кәсіпорындардың орталықтандырылмаған ақша қорларының толық айналымын ортақтастыратын экономикалық ақша қатынастары.

Қаржы қатынастары өзінің экономикалық табиғаты жөнінен бөлгіштік қатынастар болып табылады, оның үстіне құнды бөлу ең алдымен субъектілер бойынша жүзеге асырылады. Сондықтан қоғамдық өндірістегі субъектілердің рөлі қаржы қатынастары жіктемесінің алғашқы объективті белгісі ретінде көрінеді.

Қаржы қатынастарының буындарына тән болып келетін тиісті орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларының жиынтығы қаржы жүйесінің екінші бөлігін құрайды.

Қаржының материалдық мазмұны өзінің көрінісін қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалануда табады, бұл ресурстар бюджет, мемлекеттік және мемлекеттік емес әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру, амортизация, айналым қаражаттары, тұтыну, резерв және басқа көптеген ақша қорларын біріктіреді. Бір қорлар едәуір дәрежеде, біреулері аз дәрежеде орталықтандырылған, бір қорлар үнемі жұмсалады (тұтыну қоры), басқалары уақытша сақталады (резервтік капитал), үшіншісі қорланады (амортизациялық аударымдар).

Қаржы жүйесінің сыныптамасында функционалдық критерийден басқа қаржы жүйесін звенолар бойынша шектеуге мүмкіндік беретін қаржы субъектілерінің нышаны бойынша *мемлекет қаржысы, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы, халық қаржысы* деп жіктеуге болады. Сыныпқа байланысты болып келетін звенолар қаржы қатынастары, қаржы қорлары, басқару аппараты тәрізді элементтерден тұрады. Қасиеттерін осылай жүйелендіру қаржы жүйесіне интеграциялық сипат береді.


Қаржы жүйесінің жекелеген құрамдас бөліктерінің орны мен рөлі әрқилы болып келеді. Бастапқы элемент басқа элементтер жүйесінде жетекші орынға ие болып келеді. Өйткені оның ролі звенолар мен элементтер жүйесінде басты орында болып келеді. Бұл – ең алдымен, мемлекеттік бюджет түрінде берілген мемлекеттік қаржылар.

Материалдық өндіріс саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылары қаржының негізін құрайды және олар қаржылық жүйенің бастапқы буыны болып табылады, өйткені материалдық өндірісте нақты өнім қоғамның қаржы ресурсының негізгі көзін құрайды.

Өндірістік емес саладағы қаржының қаржы жүйесіндегі орны мен ролі оның ұлттық табысының қолдануы мен бөлісіне байланысты анықталады. Бұл салада қаржылық қатынастар оның бастапқы құрылымы мен оның қаржылық жүйенің буындарымен, сонымен қатар баға, несие, т.б. тәрізді басқа экономикалық буындарымен пайда болады.

Халықтың қаржылары қаржы жүйесінің ерекше бір бөлігін көрсетеді. Халық өзінің қаражаттарымен жалпы мемлекеттік қаржылық жүйесімен және меншіктің барлық нысанындағы материалдық өндіріс пен өндірістік емес салалардағы шаруашылық жүргізуші субъектілермен қатынасқа түседі.

Қазақстан Республикасының қаржылық жүйесінің құрылымы



Мемлекеттік қаржылар – мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің иелігіндегі қаржы ресурстарын құру және мемлекеттің жұмыс істеуі үшін қажетті қаржы ресурстарын пайдаланумен байланысты ұлттық банктің бір бөлігі мен қоғамдық өнім құнын бөлу және қайта бөлумен байланысты ақша қатынастары. Мемлекеттік қаржылардың құрамына *мемлекеттік бюджет, бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік несие* кіреді.

1. *Мемлекеттік бюджет* – экономиканы, әлеуметтік-мәдени, қорғаныс пен мемлекеттік басқару қажеттіліктерін қаржыландыруға бағытталған елдің елдің ортақтандырылған бюджет қорын құру және пайдаланумен байланысты мемлекет пен заңды және жеке тұлғалар арасында ұлттық табысты бөлу және қайта бөлуге қатысты туындайтын ақа қатынастарын бейнелейтін экономикалық категория. Мемлекеттік бюджетке орталық және жергілікті бюджеттер кіреді.

2. *Бюджеттен тыс мемлекеттік қорлар* – қорлардың ұйымдық дербестігі негізінде кешенді қолданылатын және кейбір қоғамдық қажеттіліктерді қаржыландыру үшін қамтылатын қаржы ресурстарын қайта бөлу мен пайдаланудың ерекше нысаны.

Оның негізгі қалыптасу көздері:

А) арнайы мақсатты салықтар, займдар;

Ә) бюджет субсидиялары;

Б) қосымша табыстар мен үнемделген қаржы ресурстары;

В) ерікті түрдегі жарналар.

Бюджеттен тыс қорлар маңызды әлеуметтік шараларды уақтылы қаржыландыру және түскен қаржыларды мақсатты түрде толық көлемде пайдалануға кепілдік береді; қаржы қиындықтары болған жағдайда мемлекеттік биліктің қаржы резерві ролін атқарады.

3. *Мемлекеттік несие* – мемлекет пен заңды және жеке тұлғалар арасындағы ақшалай қатынастар, оның ішінде мемлекеттік билік органдары қарамағына уақытша бос ақша қаражаттарын жұмылдыру және оларды мемлекеттік шығындарды қаржыландыру үшін пайдалану.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылары қаржылық жүйенің саласы ретінде қоғам экономикасының негізін құрайды, себебі мұнда материалдық және материалдық емес игіліктер қалыптасады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржыларының шеңберінде материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарының көп бөлігі

шоғырланады, сол арқылы қоғамдағы ұлғаймалы ұдайы өндіріс үдерісі қамтамасыз етіледі.

8. Қаржы нарығын басқару және ұйымдастыру.

1. Әлеуметтік–экономикалық процестердегі қаржы саясатының мазмұны, міндеттері, мақсаттары және қағыттары.
2. Қаржы механизмінің мазмұны мен құрылымы.
3. Қаржыны басқару: қағидалары және элементтері
4. Қаржы аппараттары, оның құрылымы

1. Әлеуметтік–экономикалық процестердегі қаржы саясатының мазмұны, міндеттері, мақсаттары және қағыттары.

Саясат мемлекет қызметінің барлық бағыттарын қамтиды. Саясат ықпал жасаудың элементі болып табылатын қоғамдық қатынастардың сферасына қарай.

Экономикалық немесе әлеуметтік, мәдени немесе техникалық, қаржы немесе несие, ішкі немесе сыртқы саясат туралы айтады.

Қаржы саясаты - бұл қоғамның әлеуметтік - экономикалық дамуы жөніндегі міндеттерді шешу үшін қаржыны пайдалану жөніндегі мемлекеттің нысаналы қызметі, қаржыны басқарудың түпкілікті мақсаты, оның нақтылы нәтижесі. Ол мемлекеттің экономикалық саясатының құрамды бөлігі болып табылады.

Қаржы саясаты өзіне бюджет, салық, ақша, кредит, баға және кеден саясатын қамтиды. Өз кезегіндегі мемлекеттің қаржы саясаты тек оның экономикалық және әлеуметтік саясатын жүзеге асырудың құралы болып келеді, яғни қосалқы рөлді орындайды. Мемлекеттік саясаттың басқа да бағыттарын — ұлттық, геосаясатты, әскери саясаттарды да ұмытуға болмайды. Осы бес бағыттың жиынтығы мемлекеттік саясатты жүргізудің негізгі құралы болып табылатын қаржы саясатын анықтайды.

Қаржыны басқарудың бүкіл жүйесі мемлекеттің қаржы саясатына негізделеді. Қаржы саясатын жасауға биліктің заңнамалық және атқарушы тармақтары қатысады. Қазақстан Республикасында оның конституциялық ерекшеліктеріне қарай жалпы экономикалық саясат сияқты қаржы саясатын жасаудағы басымдық Қазақстан Республикасының Президентіне жатады, ол жыл сайынғы Жолдауында ағымдағы жылға және перспективаға арналған қаржы саясатының басты бағыттарын анықтайды. Үкімет экономиканы дамытудың басты бағыттарын жүзеге асыру және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатымен осы Жолдаудың шеңберінде іс-қимыл жасауы тиіс. Осыған орай биліктің атқарушы тармағының бір бөлігі ретінде Үкімет қаржы саясатын іске асыруға қажетті заңдардың жобаларын жасайды және оларды қарап, қабылдау үшін Президентке тапсырады.

Мезгілінің ұзақтығына және шешілетін мәселердің сипатына қарай мемлекеттің қаржы саясаты қаржы стратегиясы мен қаржы тактикасы болып бөлінеді.

Қаржы стратегиясы экономикалық және әлеуметтік стратегиямен анықталып, перспективаға есептелген және ірі ауқымды міндеттерді шешуді қарастыратын қаржы саясатының ұзақ мерзімді курсы.

Қаржы тактикасы қаржы байланыстарын ұйымдастыруды дер кезінде өзгертіп отыру, қаржы ресурстарын қайта топтастыру арқылы қоғамды дамытудың нақтылы кезеңінің мәселелерін шешуге бағытталған.

Қазіргі кезеңде қаржы саясатының көмегімен шешілетін басты міндеттер:

А) Елдің дамуының әрбір нақты кезеңінің ерекшеліктері негізінде қаржы ресурстарының неғұрлым мүмкін болатын көлемін жасаудың жағдайларын қамтамасыз ету.

В) Қаржы ресурстарын қоғамдық өндірістің сфералары арасында, ұлттық шаруашылық секторлары арасында ұтымды бөлу және пайдалану, ресурстарды белгілі бір мақсаттарға бағыттау.

Б) Экономикалық дамудың белгіленген бағыттарын орындау үшін тиісті қаржы механизмін жасап, оны үнемі жетілдіріп отыру.

Қазақстан жағдайында қаржы саясатының міндеті- экономиканы, экономикалық өсудің траекториясына көшіру, ұлттық шаруашылықтың құрылымын одан әрі жетілдіру негізінде шаруашылық өмірді тұрақтандыру, кәсіпкерлік қызметті дамыту, мемлекеттік биліктің үлесін оңтайландыра отырып, меншікті реформалау, сыртқы экономикалық қызметті ұлғайтып, жандандыру.

Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің сызбасы



бағдарламаларды қаржыландыру жөнінде шаралар жасап, оларды қаржы механизмі арқылы іске асыру болып табылады.

Қаржы саясатының мақсаты- қоғам дамуының аса маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажет қаржы ресурстарын толық жұмылдыру. Осыған байланысты қаржы саясаты кәсіпкерлік қызметті жандандыра түсуге қолайлы жағдайлар жасауға шақырады.

Қаржы саясатын жүргізгенде оның мына *қағидаларын* жүзеге асырады.

1. қаржы қатынастарының жоспарлы ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;
2. қаржы жүйесінің барлық сфералары мен буындарында кірістер мен шығыстардың теңгерімділігі;
3. қаржы резервтерін жасау (бюджет жүйесінде кірістердің шығыстардан және салалық қаржыларда қаржы резервтерінің асып түсуі);
4. Мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасындағы қаржы ресурстарын оңтайлы бөлу;

2. Қаржы механизмінің мазмұны мен құрылымы.

Қаржы саясаты нақты шаруашылық өмірде *қаржы механизмі* арқылы іске асырылады, ол қаржыларды ұйымдастыру, жоспарлау және басқару түрлерінің, нысандарының және әдістерінің жүйесі болып табылады.

Қаржылық механизм – экономикалық және әлеуметтік даму үшін жағдайлар жасау мақсатында қоғам қолданатын қаржы қатынастарын ұйымдастыру нысандарының, қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалану әдістерінің жиынтығы. Әрбір экономикалық категорияның өзінің өзгешелігі болады, тиісті қатынастарды білдірудің белгілі бір түрлері, нысандары мен әдістері арқылы көрінеді. Тап осы ұғымдар — қатынастарды іске асырудың түрлері, нысандары мен әдістері - экономикалық өмірде тиісті процестерді басқарудың тетіктері, механизмі ретінде болып келеді. Қаржы өзгеше бөлгіштік категория ретінде түрлі мақсатты ақша қорларын жасау және пайдалану арқылы жасалынған өнімді бөлу және қайта бөлуге қатысады. Сондықтан осы процесте қол данылатын механизм — бұл ақшалай табыстар мен қорларды қалыптастырумен және пайдаланумен байланысты қаржы қатынастары көрінісінің түрлері, нысандары мен әдістері.

"Механизм" термині экономикалық ұғымда бір нәрсені іс-қимылға келтіретін, белгілі бір қызметке түрткі болатын құралды білдіреді. Бұл мағынада термин басқаруда қолданылады және оның мәні экономикалық, соның ішінде қаржы саясатының да міндеттерімен анықталатын басқарушы субъектінің басқарылатын объектіге ықпалының мазмұнымен байланысты.

Қаржы шаруашылық жүргізудің бүкіл жүйесімен және оның жоспарлау, болжау, экономикалық ынталандыру, ұйымдастыру және басқару сияқты құрамды бөліктерімен өте байланысты. Оның үстіне, қаржы қоғамдық қатынастар жүйесінің серпінін (динамикасын) анықтаушы неғұрлым жалпы ұғым ретіндегі әлеуметтік механизмнің ұқсас құрамды бөліктерімен де өзара іс-әрекет етеді.

Қаржы механизмі — экономикалық және әлеуметтік даму үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында қоғам қолданатын қаржы қатынастарын ұйымдастыру нысандарының, қаржы ресурстарын қалыптастыру, пайдалану әдістерінің жиынтығы. Ол қаржы қатынастарын ұйымдастырудың түрлерін, нысандарын және әдістерін, оларды сан жағынан анықтаудың амалдарын қамтиды.

Қоғамдық шаруашылықтың жеке бөлімдерінің ерекшеліктеріне қарай және қаржы қатынастарының сфералары мен буындары бөлінуінің негізінде қаржы механизмі шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы механизмі, сондай-ақ мемлекет қаржысының механизмі болып бөлінеді. Өз кезегінде, бұл сфералардың әрқайсысы жеке құрылымдық буындарды қамтиды. Мысалы, мемлекет қаржысының механизмі бюджеттік механизм мен бюджеттен тыс ресурстар механизмі болып бөлінеді. Аумақтық бөлініске сәйкес республиканың, биліктің жергілікті органдарының қаржы механизмі деп бөлуге болады.

Жалпы шаруашылық механизмі секілді қаржы механизмінің де өзіне тән ішкі құрылымы бар және ол айтарлықтай күрделі. Оған қаржы қатынастарының әр алуандылығына сәйкес келетін түрлі элементтер кіреді. Қаржы механизмі экономикалық жүйе шеңберінде қаржы қатынастарының ұйымдық нысандарының жиынтығын, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларын, қаржыны жоспарлаудың (болжаудың) әдістерін, қаржыны және қаржы жүйесін басқарудың нысандарын, қаржы заңын қамтиды. Қаржылық өзара байланыстардың тап осындай көптігі оларды (элементтерді) ұйымдастырудың көптеген түрлерін, нысандарын және әдістерін қолдануды алдын ала анықтайды.

Жалпы шаруашылық механизм сияқты қаржылық механизмнің де өзіне тән ішкі құрылымы бар, ол айтарлықтай күрделі.

Қаржылық механизмнің жүйесі

ҚАРЖЫЛЫҚ МЕХАНИЗМ (ЖҮЙЕ)				
ҚОСАЛҚЫ ЖҮЙЕЛЕР				
ҚАРЖЫЛЫҚ МЕХАНИЗМ	ҚАРЖЫ ТҮТҚАЛАРЫ	МЕН	ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМ	
БЛОКТАР				
Қаржылық әдістер	Қаржылық түтқалар	Құқықтық қамтамасыз ету	Нормативтік қамтамасыз ету	Ақпараттық қамтамасыз ету
Жоспарлар, болжамдар, өзін-өзі қаржыландыру инвестициялық бағдарламалар, несие беру, бағалы қағаздар шығару, салық салу, есеп-қисап жүйелері, жалдау, сақтандыру,	Табыс (пайда), амортизациялық аударымдар, қаржы санкциялары, баға, жалдау ақысы, дивиденттер, пайыздық	Құқықтық актілер, заңдар, жарғылар, Үкімет қаулылары, Қаржы министрлігінің экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің	Нұсқаулар, әдістемелік нұсқаулар.	Компьютерлік бағдарламалар, бухгалтерлік есеп берушілік, статистикалық

кепілдікті операциялар, траст, факторинг, лизинг, трансферттер	мөлшерлеме, дисконт.	бұйрықтары, өкімдері, хаттары.		есеп берушілік, оперативтік есеп берушілік
--	----------------------	--------------------------------	--	--

3. Қаржыны басқару: қағидалары және элементтері

Қаржыны басқару — бұл қаржыны және шектесуші экономикалық және әлеуметтік жүйелерге оларды жетілдіру және дамыту мақсатымен ықпал жасау процесі және қаржы қатынастарының бүкіл жиынтығының тиімді жұмыс істеуіне жетуді және мұның негізінде тиісті қаржы саясатын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет (қаржы органдары арқылы) шараларының жиынтығы. Қаржыны басқару — бұл тиісті қаржы саясатына жетудің мақсаты. Қаржы механизмі — бұл мақсатқа жетудің құралы. Қаржы саясаты — қаржыны басқарудың тиісті процесінің түпкілікті қорытынды нәтижесі. Бұл орайда қажетті нәтижеге жету үшін объектіге мақсатты ықпал жасаудың әдістерімен тәсілдері пайдаланылады. Қаржы жүйесінде оны басқаруды арнаулы аппарат ерекше тәсілдер мен әдістердің, соның ішінде әр түрлі ынталандырмалардың және санкциялардың көмегімен жүзеге асырады.

3.1 сызба Қаржы механизмінің жүйесі

Қаржыны басқарудың мақсаты макроэкономикалық теңгерілімдікте, бюджет профицитінде, мемлекеттік борыштың азаюында, ұлттық валютаның беріктігінде, ақырында, мемлекет пен қоғамның барлық мүшелерінің экономикалық мүдделерінің үйлесуінде (үштасуында) көрінетін қаржының тұрақтылығы мен қаржының тәуелсіздігі болып табылады.

Қаржыны басқарудың екі аспектісі бар: біріншіден, мемлекет қаржыны оның нысандарын экономика мен әлеуметтік сфераны басқарудың тетігі, тұтқасы ретінде пайдаланады және сөйтіп, қоғамдық өндірістің бүкіл процесіне ықпал жасайды; екіншіден, қаржының өзі басқарудың объектісі, қаржы қатынастарының нысандары, ақша қорлары, қаржы аппараты, яғни қаржы мекемелерінің жүйесі басқарылады.

Қаржыны басқарудың негізіне мына қағидаттар қойылған:

Басқарудағы демократизм; қаржы мәселелеріне саяси тәсілдеме (көзқарас); басқарудағы экономикалық және әкімшілік әдістердің оңтайлы үйлесуі; басқарудың ғылымилығы; орталықтандырылған, салалық және аумақтық басқарудағы келісушілік; басқарудағы жауапкершілік; шаруашылық шешімдерінің сабақтастығы.

Қаржы қатынастарының әрбір сферасы мен әрбір буынында басқару субъектілері қаржыға мақсатты ықпал етудің өзіндік әдістері мен нысандарын пайдаланады. Мәселен қаржыны басқаруда мынадай бірнеше өзара байланысты нақтылы функциялық элементтерге бөледі: ақпарат, жоспарлау (болжау), ұйымдастыру, реттеу, бақылау.

4. Қаржы аппараттары, оның құрылымы

Қаржы басқаруда басқа кез келген басқарылу жүйесіндегідей басқарудың объектілері мен субъектілері болып бөлінеді. *Объектілер* ретінде қаржы қатынастарынан сан алуан түрлері бола алады, басқаруды жүзеге асыратын ұйымдық құрылымдар *субъектілер* болып табылады. Қаржыны басқаруды жүзеге асыратын барлық ұйымдық құрылымдардың жиынтығы қаржы аппараты деп аталады.

Қаржы қатынастарын олардың сфераларына сәйкес объектілердің екі тобын бөледі: шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы, мемлекеттің қаржысы. Оларға басқарудың мына субъектілері сәйкес келеді; қаржы службалары (шаруашылық жүргізуші субъектілердің бөлімдері), қаржы және салық органдары.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын басқаруды министрліктердің, ведомствалардың, концерндердің, ассоциациялардың, қоғамдардың, серіктестіктердің қаржы департаменті мен бөлімдері, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы бөлімдері мен қаржы службалары жүзеге асырады.

Қаржы бөлімінің құрылымы болжамды - талдамалық, есеп - қисап, шағым, оперативтік-қаржылық жұмыстың бағыттарына негізделеді.

Қаржы - өтім бөлімдері бюджетпен, банктермен, жоғарғы ұйымдармен есеп айырысу жөніндегі, кассалық сияқты топтарға бөлінеді.

Шаруашылық жүргізуші субъектісінің қаржы бөлімі					
Жоспарлау-экономикалық бюросы		Банк және операциялар бюросы		Еспеп айырысу бюросы	
ТОПТАР					
Қаржылық-кредиттік жоспарлау	Оперативтік-жоспарлау және бақылау	Экономикалық талдау	Сатып алушылар-мен есеп айырысу бюросы	Жеткізушілермен есеп айырысу	Кінәрат талап тобы

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы службаларының маңызды міндеттері мыналар болып табылады:

- табысты немесе пайданы өсірудің жолдарын іздестіру және рентабелділікті арттыру;

- өндіріс, күрделі қаржылар, жаңа техниканы өндіру және басқа жоспарлы шығындар жөніндегі тапсырмаларды қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету; мемлекеттік бюджет, банктер, жеткізушілер, жоғарғы ұйымдар алдындағы қаржылық міндеттемелерді орындау;

- есеп айырысуларды ұйымдастыру;

- өндірістік капитал мен күрделі жұмсалымды тиімді пайдалануға жәрдемдесу;

- қаржы ресурстарын дұрыс пайдалануды бақылау, айналым қаражаттарының сақталымдылығы мен тездетілген айналымдылығын қамтамасыз ету және басқалары.

Мемлекеттің қаржысын басқару. Қаржыны басқару стратегиялық, яғни қаржыны жалпы басқару және оперативтік басқару болып ажыратылады. Стратегиялық басқару қаржы ресурстарын келешекте болжау арқылы анықтауда, мақсатты бағдарламаларды және басқаны іске асыруға арналған қаржы ресурстарының ауқымын белгілеуде көрінеді. Оны дәстүр бойынша мемлекеттік биліктің және басқарудың жоғарғы органдары — Президент аппараты, Парламент, Үкімет, Қаржы министрлігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта қаржыны басқаруды жетілдіру - бұл процесте автоматтандырылған жүйелерді жасап, оларды қаржыны басқаруға өндіру мен үйлестіру негізінде жүргізіліп отыр. Экономикалық - математикалық әдістер мен электронды - есептеу техникасына негізделген басқарудың автоматтандырылған жүйелері (БАЗ) қаржыны жалпы басқарудың бір бөлігі болып табылады.

Қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесі деп - қаржы жүйесін тиімді басқаруға мүмкіндік жасайтын есептеу және ұйымдық техниканың, байланыс құралдарының әкімшілік, экономикалық, математикалық әдістердің жиынтығын атайды.

9. Мемлекеттік қаржы нарығы.

1. Мемлекеттік бюджеттің экономикалық мәні мен ролі және айырықша белгілері.
2. Мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының құрамы.
3. Бюджет балансы. Бюджет тапшылығы.
4. Бюджеттің жүйесі мен бюджет құрылысы.
5. Бюджет процестерінің кезеңдері.
6. Жергілікті қаржылардың мәні мен ролі.

1. Мемлекеттік бюджеттің экономикалық мәні мен ролі және айырықша белгілері.

Мемлекеттік бюджет мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорын жасау және оны ұдайы өндіріс пен қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсаттарына пайдалану жолымен қоғамдық өнімнің құнын бөлу және қайта бөлу процесінде мемлекет пен қоғамдық өндірістің басқа қатысушылары арасында пайда болатын экономикалық қатынастарды білдіреді.

Бюджеттік қор— бұл қоғамдық өнім мен ұлттық табыстың құндық бөліністің белгілі стадияларын өткен және ұлғаймалы ұдайы өндіріс, халыққа әлеуметтік - мәдени қызмет көрсету, қорғаныс және басқару жөніндегі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін мемлекетке түсетін бөлігі қозғалысының объективті шарттасылған экономикалық нысаны. Бюджеттік қордың қалыптасуы мен пайдаланылуы құнды бөлу және қайта бөлумен байланысты оның қозғалыс процесін білдіреді.

Мемлекеттік бюджет экономикалық категория ретінде жалпы қаржы сияқты бөлу және бақылау функцияларын орындайды. Бұл функциялардың іс қимылы, мазмұны, мәні мен маңызы бюджет қатынастарының қаралған айрықшалығымен айқындалды. *Бөлгіштік функцияның* іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігі сол, қоғамдық өнімнің құны қоғамдық өндірістің сфералары, ұлттық шаруашылықтың секторлары, аумақтар, салалар, жеке шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында бөлінеді. Мемлекеттік бюджет арқылы бүгінде Қазақстанда жалпы қоғамдық өнімнің шамамен 10% және жалпы ішкі өнімнің 20% бөлінеді. *Бақылау функциясы* бюджет қорларын бөлудің сандық үйлесімдерінде, олардың қоғамдық өндіріс дамуының қажеттіліктеріне сай келетіндігінде, бөлудің ұнамсыз барысынан ауытқуын анықтау және оларды жою мүмкіндігінде көрінеді.

Мемлекеттік бюджеттің сан қырлы маңызын ескере отырып, оны тек экономикалық категория және мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры ретінде ғана емес, сонымен бірге негізгі қаржы жоспары, әлеуметтік - экономикалық процестерді реттеу механизмінің жиынтық ұғымы ретінде қарауға болады. *Мемлекеттің негізгі қаржы жоспары.* Ол нақты кезеңге, әдетте, бір жылға жасалынады, бюджеттің кірістерін, шығындарын, орталықтандырылған қаржы ресурстарының шешуші бөлігінің қозғалысын анықтайды. Негізгі қаржы жоспары мемлекеттің қаржылық қызметінің жемісі болып табылады. Елдің негізгі қаржы жоспарының көрсеткіштері республика Парламентінің жыл сайын қабылдайтын Республикалық бюджет туралы заңына сәйкес сөзсіз орындауға жатады.


Мемлекеттік бюджет ұлттық, экономиканы басқарудың басты механизмдерінің бірі. Ол экономикаға мемлекеттің орталықтандырылған ақша

қорын жасау мен пайдаланудың нысандары мен әдістерінің жиынтығы болып табылатын *бюджеттік механизм* арқылы ықпал етеді.

Шығындар мен салықтар арқылы бюджет экономика мен инвестицияларды реттеудің және ынталандырудың, өндіріс тиімділігін арттырудың маңызды құралы болып табылады.

Қаржылық жоспарлау процесінде бюджет ұлттық шаруашылықтың салаларына және *өндірістік емес сфераның* мекемелеріне айтарлықтай ықпал етеді. Мемлекеттің ақша қорын жасау және пайдаланудың негізгі қаржы жоспары бола отырып, бюджет барлық шаруашылық жүргізуші субъектілермен және ұжымдармен етене байланысқан.

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі



2. Мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының құрамы мен құрылымы

Мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорын қалыптастырумен және пайдаланумен байланысты болып келетін бюджеттің жұмыс жасауы ерекше экономикалық нысандар— бюджеттің кірістері мен шығыстары арқылы болып отырады. *Кірістер* мемлекетті қажетті ақша қаражаттарымен қамтамасыз етеді, *шығыстар* орталықтандырылған ресурстарды жалпы мемлекеттік қажеттіліктерге сәйкес бөледі. *Бюджеттің түсімдері* кірістер, бюджеттік кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер, сондай-ақ мемлекеттік қарыздар, ал *оның шығыстары* шығындар, бюджеттік кредиттер, қаржы активтерін сатып алу, қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу болып табылады.

Кірістер мен шығыстардың құрамы мен құрылымы нақты әлеуметтік-экономикалық және тарихи жағдайларда жүзеге асырылатын мемлекеттік бюджет

және салық саясатын жүргізудің бағыттарына байланысты болады. Бұл кезде мемлекет белгілі бір жағдайларда кірістерді қалыптастырудың және шығыстарды жұмсаудың қолайлы нысандары мен әдістерін пайдаланады.

Бюджет кодексiне сәйкес бюджеттің құрылымы мына бөлімдерден тұрады:

1)кірістер:

салықтық түсімдер;

салықтық емес түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер;

ресми трансферттер түсімдері;

2)шығындар;

3)операциялық сальдо;

4)таза бюджеттік кредит беру:

бюджеттік кредиттер;

бюджеттік кредиттерді өтеу;

5)қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо:

қаржы активтерін сатып алу;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер;

6) бюджет тапшылығы (дефициті);

7) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану):

қарыздар түсімі;

қарыздарды өтеу;

бюджет қаражаты қалдықтарының қозғалысы.

Бюджеттің кірістері салықтық және басқа міндетті төлемдер (салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер), ресми трансферттер, мемлекетке өтеусіз негізде берілетін, қайтарылатын сипатта болмайтын және мемлекеттің қаржы активтерін сатумен байланысты емес, бюджетке есептелуге тиісті ақшалар болып табылады.

Бюджеттің шығындары —қайтарылмайтын негізде бөлінетін бюджет қаражаттары. Шығындардың қатаң мақсатты арналымы болады.

Бюджет шығындары мынадай түрлерге бөлінеді:

1) мемлекеттік мекемелердің қызметін қамтамасыз ететін шығындар;

2) тұрақты сипаты жоқ іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге байланысты шығындар;

Бюджет тапшылығы (дефициті) таза бюджеттік кредит беруді және қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдоны шегеріп тастағандағы операциялық сальдоға тең.

Бюджет тапшылығын қаржыландыру—қарыз алу және бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен бюджет тапшылығын жабуды қамтамасыз ету.

Бюджеттің кірістері — бюджетке қайтарылмайтын негізде салықтардан, алымдардан және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерден алынатын түсімдердің, салыққа жатпайтын және өзге де түсімдердің, сондай-ақ негізгі капиталды сатудан түсетін кірістердің көлемі.

Бюджеттің шығыстары — бұл бекітілген бюджет шегінде қайтарылмайтын негізде бөлінетін қаражаттар.

3. Бюджет балансы. Бюджет тапшылығы

Әр бюджетте оның кіріс және шығыс бөлігін теңестірген, яғни баланстаған дұрыс. *Баланс* — бұл тепе-теңдік, бюджетті жасаған кезде негізгі мәселе мемлекеттің ақшалай түсімдері мен шығыстарының осындай жай-күйіне жету болып табылады. *Кірістердің шығыстардан*, яғни бюджетке түсетін түсімдердің жалпы соммасының шығыстардың және қайтарымды негізде бөлінетін кірістердің ауқымынан асып түсуі *бюджет артығын - профицитті* құрайды. Ол мемлекеттік борышты өтеуге бағытталады немесе бюджеттік қаражаттардың бос қалдығын құрауы мүмкін. Аяқталған бюджет жылы бойынша бюджет кезеңінің аяғында қалыптасқан бюджеттік қаражаттардың бос қалдықтары үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың арнайы шоттарына есептеледі және қассаның айналымдағы нақты ақшасының өсіміне және биліктің тиісті органының мемлекеттік борышын жабуға пайдаланылады. Мұндай қажеттік болмаған жағдайда бұл қаражаттарды пайдалану туралы шешімдерді тиісті әкімшіліктер қабылдайды. Шығыстардың кірістерден асып түсуі мемлекеттік бюджеттің тапшылығын тудырады.

Тапшылықтың ұйғарымды деңгейі деп елдің жалпы ішкі өнімге қатысты 2-3% мөлшері саналады. Мұндай жағдайда тапшылық мемлекеттік қарыздар шығарудың немесе қағаз ақшалар эмиссиясының көмегімен біршама жеңіл жабылуы мүмкін. Бюджеттің едәуір және созылмалы тапшылығы кезінде қарыздар мемлекеттің қажеттіліктерін жаппайды, олар ақшаның қосымша эмиссиясымен қамтамасыз етіледі, бұл инфляцияның дамуына, ақша айналысы заңының бұзылуына, ақшаның құнсыздануына, нақтылы табыстардың және халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуіне апарып соғады.

Бюджет тапшылығын төмендетудің мынадай әдістері болады.

1. шығыстар тұрақты, кірістер өседі.
2. Кірістер тұрақты, шығыстар азаяды.
3. Кірістер өседі, шығыстар азаяды (тапшылық 2 еседен жылдам төмендейді)

Тапшылықты қаржыландыру — оны жабу үшін қосымша ақша қаражаттарын іздестіру.

Бюджет тапшылығын қаржыландырудың жолдары:

1. Ақша белгілерін шығару.
2. Мемлекеттік қарыздар.
3. Шетелдік қарыздар.
4. Ұлттық байлықты пайдалану.

Бюджет тапшылығына қатысты *фискалдық саясат* үш тұжырымдамаға негізделеді.

1. *Жыл сайынғы теңгерілетін бюджет.*
2. *Циклдік негізде теңгерілетін бюджет.*
3. *Қаржының функциялық тұжырымдамасына*

4. Бюджет жүйесі және бюджет құрылысы

Мемлекеттік органдардың өздерінің функцияларын орындауы үшін басқарудың барлық деңгейлерінде тиісті қаржы базасы болуы тиіс. Осы мақсатпен әр елде аймақтардың шаруашылығын, әлеуметтік сферасын, әрбір әкімшілік-аумақтық бірліктерді абаттандыруды, заң шығарушы билікті, басқару аппаратын

ұстауды және басқа шараларды қаржыландыру үшін олардың ақша ресурстарын жұмылдыруды қамтамасыз ететін бюджеттер тармақтарының желісі құрылады.

Мемлекеттік (республикалық) және жергілікті (муниципалдық) бюджеттер кез-келген басқа мемлекеттердегідей Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің орталық буыны болып табылады. Бюджет—мемлекеттің қажетті атрибуты және оның егемендігінің негізі. Бюджеттің көмегімен тиісті мемлекеттік және муниципалдық құрылымдарының ақша қорлары құрылады, бұл қорлар олардың жалпы маңызды міндеттерін орындауды қамтамасыз етеді. Бюджетте қаржы ресурстарын шоғырландыру мемлекеттің қаржы саясатын ойдағыдай жүзеге асыру үшін қажет.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің басты бөлігі республикалық бюджетте шоғырланған.

Республикалық бюджет — бұл салықтық және басқа да түсімдер есебінен қалыптастырылатын және орталық мемлекеттік органдардың, оларға ведомстволық бағынышты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржымен қамтамасыз етуге және мемлекеттік саясаттың жалпы республикалық бағыттарын жүзеге асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры.

Жергілікті бюджет (әкімшілік-аймақтық бірліктердің бюджеттері)— облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті, аудандардың (облыстың маңызы бар қаланың) бюджеті.

Бюджет жүйесінің жұмыс істеуі бюджеттердің әр түрлі деңгейлерінің өзара байланысына негізделеді және оларды жоспарлау, әзірлеу, қарау, бекіту, атқару, бақылау тәртібімен, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есеппен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі мемлекеттік бюджет жүйесіне кіретін барлық бюджеттердің бірлігі, дербестігі, толықтығы, реалистігі, дәйектілігі, жариялылығы және т.б. қағидаттарына негізделеді.

Бюджет шығыстарын функциялық сыныптауды топтастыру мынадай деңгейлерден тұрады: функциялық топтар, функциялық кіші топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджеттік бағдарламалар және ішкі бағдарламалар.

Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау үш стадияда — бюджеттің жобасын әзірлеу кезінде, бюджетті атқару кезінде және бюджеттің атқарылуын бақылау кезінде жүзеге асырылады.

Жоғарғы және төменгі бюджеттердің бюджет процесіндегі қатынастары бюджетаралық қатынастар болып табылады.

Нарықтық экономика жағдайында бюджет процесінде жоғарғы және төменгі бюджет арасындағы бюджетаралық қатынастар және кірістер мен шығыстарды бюджеттер деңгейлері арасында бөлу аса маңызды проблемалардың бірі болып отыр.

Бюджетаралық реттеу - теңгерімділік мақсаттарында жоғарғы бюджет ресурстарының бір бөлігін төменгі бюджетке беруден тұратын және керісінше, ақша қаражаттарын бөлудің жүйесі. Реттеу механизміне бюджеттік субвенциялар, бюджеттік алынымдар, реттеуші кіріс көздері жатады.

Бюджеттік алынымдар — заңнамалық актілермен немесе мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген соммалар шегінде төменгі бюджеттердің жоғарғы бюджеттерге беретін ресми трансферттері.

Субвенциялар бюджеттердің жоғарғы бюджеттерден заңнамалық актілермен және маслихаттардың шешімдерімен бекітілген соммалар шегінде алатын ресми трансферттері.

Реттеуші кіріс көздері бекітіліп берілген және реттеуші болып бөлінеді.

Бекітіліп берілген кірістер — бұл түгелдей немесе ішінара белгілі бір бюджетке берілетін бюджет қаражаттары.

Жергілікті бюджеттерде салықтық және салықтық емес кірістер 85-70% құрайды.

5. Бюджеттік процесстерінің кезеңдері.

Бюджеттік процесс — бюджетті жоспарлау, әзірлеу, қарау, бекіту, атқару, нақтылау, түзету жөніндегі, бюджеттің атқарылуы бойынша бюджет есебі мен есептемені жүргізу, мемлекеттік қаржылық бақылау, сонымен бірге байланыстырылған гранттарды жоспарлау мен пайдалану жөніндегі бюджет заңнамасымен регламенттелінген қызмет.

Бюджеттің жобасын уақтылы және сапалы әзірлеу мен бюджетті нақтылау және атқару жөнінде ұсыныстар жасауды қамтамасыз ету мақсатымен Қазақстан Республикасының Президенті *бюджеттік комиссияны* құрады, ол туралы қағиданы бекітеді, оның құрамын анықтайды.

Бюджет бір қаржы жылына жоспарланады. Кезекті қаржы жылына арналған бюджеттің жобасымен бір мезгілде алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттің болжамы жасалады.

Республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды, жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу тәртібін Үкімет айқындайды.

Бюджет процесінде маңызды рөл бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға беріледі, ол тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдардың жобаларын әзірлейді және оларды қарауға Үкіметке табыс етеді, бюджеттік өнім жасаудың және табыс етудің тәртібін айқындайды.

Алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның жобасын Үкімет жоспарланып отырған жыл алдындағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірілмей енгізеді. Жоба Парламент палаталарының бірлескен отырысында кемінде екі оқылымда *қаралады*.

Талқылау Үкімет уәкілеттік берген адамның (адамдардың) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары, орта мерзімді фискалдық саясат және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның жобасы жөніндегі, Ұлттық банк Төрағасының ақша-кредит саясаты бойынша баяндамаларын, сондай-ақ Парламенттің палаталары уәкілеттік берген адамдардың заң жобасы бойынша қорытындыларымен қоса баяндамаларын қамтиды.

Алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет Парламент палаталарының бірлескен отырысында кемінде екі оқылымда және ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірілмей бекітіледі. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті *бекіту* Парламент палаталарының бірлескен отырысында заң қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

Алдағы қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы заң қосымшаларымен, Президенттің алдағы қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары туралы Жарлығы қосымшаларымен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп бекітілген, нақтыланған, түзетілген республикалық бюджетті және республикалық бюджеттің қасалық атқарылуын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын ағымдағы жылдың 1 мамырынан кешіктірмей республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қосымшаларымен бірге Қазақстан Республикасының Парламентіне және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне табыс етеді. Үкіметтің жылдық есебін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін алғаннан кейін кезегімен, алдымен — Мәжілісте, содан соң Сенатта қарайды. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп Парламенттің Мәжілісі мен Сенатында қаралғаннан кейін Парламент палаталарының бірлескен отырысында бекітіледі.

6. Жергілікті қаржылардың мәні мен рөлі. Жергілікті қаржы — ақша нысанындағы қоғамдық өнімнің бір бөлігін жергілікті басқару органдары өздеріне артылған функцияларға сәйкес жасау, бөлу, пайдалану процесіндегі қаржы қатынастарының жүйесі. Жергілікті қаржы мемлекеттің қаржы жүйесінің маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Ол *жергілікті бюджеттерді, арнаулы бюджеттен тыс қорларды және басқарудың жергілікті органдарының қарамағындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын кіріктіреді.*

Жергілікті қаржының рөлі, оның құрылымы мен бағыты бүтіндей билік пен басқарудың жергілікті органдарына жүктелінген функциялардың сипатымен, сондай-ақ мемлекеттің әкімшілік - аумақтық құрылысымен және оның саяси — экономикалық бағыттылығымен анықталады.

Жалпы жергілікті қаржының жай-күйі әрқашанда, **біріншіден,** елдің жалпы экономикалық жағдайына, **екіншіден,** тиісті аумақтардың экономикалық әлеуетіне, **үшіншіден,** билік пен басқарудың жергілікті органдарының құқығы мен міндеттерін белгілі бір дәрежеде реттеп отыратын мемлекеттік заңдардың деңгейіне, **төртіншіден,** биліктің жергілікті органдары құзырының дәрежесіне байланысты болады.

Қазақстан Республикасының экономикасы дамуының қазіргі кезеңінде реформа ауыртпалығының салмағы шаруашылық жүргізудің аймақтық деңгейіне ауысып отыр, осыған орай басқарудың жергілікті органдарына үлкен өкілеттік беріліп, олардың жауапкершілігі арта түсуде. Білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы бағдарламаларға, қамсыздандыру жөніндегі іс-шараларды және атаулы әлеуметтік көмекке жұмсалынатын шығындардың ең көбі оларды қаржыландырудың жаңа тәртібіне сәйкес жергілікті бюджеттерге жүктеліп отыр. Сонымен бірге бюджеттерде соңғы кездерде бюджеттік бөлініс және әлеуметтік жеңілдіктердің орнына қаржылай жәрдемақы сияқты жаңа ұғымдар өзінің көрінісін тапқан.

А) Жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығыстары. Жергілікті қаржыда билік пен басқарудың жергілікті органдарының сан қырлы қызметінің қаржы базасы болып табылатын жергілікті бюджеттерге маңызды рөл беріледі.

Жергілікті бюджет - бұл ұлттық табысты аумақтық тұрғыда қайта бөлуге мүмкіндік жасайтын және билік пен басқарудың жергілікті органдарының қаржы базасын жасауды қамтамасыз ететін экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Жергілікті бюджеттерді қалыптастыру мен пайдалану өндіріс пен айырбасқа қатысушылар арасындағы, атап айтқанда: кәсіпорындар мен мемлекет арасындағы, меншіктің барлық нысандарындағы макроэкономиканың өндірістік және өндірістік емес салаларының кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері арасындағы, бюджет жүйесінің буындары арасындағы, мемлекет пен халық арасындағы қоғамдық өнім құнының қозғалысын білдіреді.

Жергілікті бюджеттердің экономикалық мәні олардың мынадай арналымында көрінеді: билік пен басқарудың жергілікті органдарының ақша қорларын қалыптастыру; бұл қорларды жергілікті деңгейдегі инфрақұрылым салалары мен халықтың арасында қайта бөлу.

Жергілікті бюджеттер билік пен басқарудың жергілікті органдарының сан қырлы қызметінің негізгі қаржы базасы бола отырып, олардың экономикалық дербестігін нығайтады, шаруашылық қызметін жандандырады, ведомствоға қарасты аумақтарда оларға инфрақұрылымды дамытуға, аумақтың экономикалық әлеуетін кеңейтуге, қаржы ресурстарының резервтерін ашып пайдалануға мүмкіндік жасайды.

Сөйтіп, жергілікті бюджеттер жергілікті деңгейдегі экономикалық және әлеуметтік міндеттерді жүзеге асыруда елеулі рөл атқарады. Бұл тұтынудың қоғамдық қорларын бөлген кезде көрінеді. Жергілікті бюджет арқылы мемлекеттік бюджет қаражаттарының басым бөлігі әлеуметтік инфрақұрылымға жұмсалады.

Жалпы жеке аумақтар мен аймақтар бюджеттеріне қаражаттардың түсу көлемі мен құрылымына елдегі экономикалық ситуация: қаржы-бюджет саясаты, өндіріс дамуының аймақтық деңгейі, оның құрылымы, инфляция қарқыны, бағаның өсуі және т.с.с. сан алуан факторлар әсер етеді.

"Қазақстан Республикасының бюджет кодексіне", "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жалпы **жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдер** республикалық бюджеттің түсімдеріне ұқсас және мыналарды кіріктіреді:

1) салықтардың, алымдардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдері (кестені қараңыз);

2) салықтық емес түсімдер (комуналдық меншіктен түсетін түсімдер; облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізуінен түсетін түсімдер; жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алулар өткізуден түсетін ақша түсімдері; осы мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар; жергілікті бюджеттерге түсетін салықтық емес басқа да түсімдер);

3) жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдер (жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер);

4) жергілікті бюджеттерге түсетін ресми трансферттердің түсімдері.

Жергілікті бюджеттерден берілген кредиттерді өтеуден, коммуналдық меншіктегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, жергілікті атқарушы органның қарыздарынан түсетін түсімдер жергілікті бюджеттерге есептеледі.

Дамудың кәзіргі кезеңінде Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттері кірістерінің негізін аумақтағы шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың **салықтық түсімдері** (96,7%) құрап отыр. Түсімдердің екінші көзі республикалық бюджеттен берілетін **трансферттер** болып табылады.

Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдарды ұстауға арналған шығындар Үкімет бекітетін штат санының жалпы лимиті және заттай нормалар негізінде жоспарланады.

Жергілікті бюджеттердің шығыстарында әлеуметтік инфрақұрылымдарды — білім беруді, денсаулық сақтауды, халықты әлеуметтік қорғауды қаржыландыру (51,1%), экономикалық салалардан - көлікке және байланысқа жұмсалған шығыстар басым болып отыр. Қорғанысқа жұмсалатын шығыстардың функциялық тобы азаматтық қорғаныс (төтенше уақиғалар кезінде) пен әскери комисариаттардың шығындарын қаржыландыруды білдіреді.

Ресми трансферттерде — жоғарғы бюджетке (бұл жерде республикалық бюджетке) беру үшін жергілікті бюджеттерден қаражаттарды алуға жұмсалынған шығыстардың үлес салмағы айтарлықтай жоғары.

Б) Арнайы экономикалық аймақтардың қаржысы. Арнаулы (еркін) экономикалық аймақ (АЭА) дегеніміз аймақ аумағының әлеуметтік-экономикалық дамуын тездету үшін шетелдік капиталды, үдемелі (прогрессивті) шетелдік технология мен басқару тәжірибесін тарту мақсатында құрылған белгілі бір әкімшілік шекаралары және айрықша құқықтық режимі бар арнайы түрде бөлінген аумақ.

АЭА-ны құру аймақ экономикасын сауықтыруға, маңызды микроэкономикалық міндеттерді шешуге - өндірісті тұрақтандыруға және оны ұлғайтуға, шаруашылықты жаңғыртуға, ішкі нарықты жоғары сапалы тауарлармен толықтыруға бағытталған. Қосымша шетелдік капитал мен озық технологияны тарта отырып, халықтың жұмыспен қамтылуын кеңейтуге, жергілікті жұмыс күшінің біліктілігін арттыруға, маркетинг және менеджмент саласындағы тәжірибені сатып алуға мүмкіндік туады.

АЭА аумағында отандық және шетелдік заңи тұлғалар мен азаматтардың шаруашылық, қаржы және өзге қызметінің кез келген түріне (заңнамамен тиым салынған түрлерінен басқасы) рұқсат етіледі. Отандық заңи тұлғалар (энергетикалық және көлік жүйелеріне жататындарынан басқасы) аймақта дербес және ведомстволық бағыныштығына қарамастан тәуелсіз ұйымдар болып табылады. Аймақтан тыс орналасқан заңи тұлғалар аймақ аумағында өздерінің филиалдары мен жаңа кәсіпорындарын құра алады.

Арнаулы экономикалық аймақ орталық атқарушы биліктің жергілікті өкілетті және атқарушы органдарының ұсыныстарына негізделген шешімдері бойынша құрылады. Басқару үшін билік пен басқарудың республикалық және жергілікті органдарының, АЭА аймағында тіркелген отандық және шетелдік кәсіпорындар мен

ұйымдардың өкілдерінен *Әкімшілік кеңес* құрылады, кеңесті төраға басқарады, оны Президент тағайындайды және қызметінен босатады. Жалпы аймақтың Әкімшілік кеңесіне шетелдік капиталды тарту, ағымдағы және келешек кезеңге арналған аймақты дамытудың бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру жөнінде кең өкілеттіктер берілген; ол аймақтағы қаржы, кредит, кеден саясатын анықтайды; тауарларды, қызметтер көрсетуді, табиғи ресурстардың экспорты мен импортын лицензиялау мен үлестеуді жүзеге асырады; салықтар мен басқа төлемдерді өндіріп алады, бағалы қағаздар шығарады; жерді, жер қойнауын, басқа табиғи ресурстарды, негізгі капиталдарды жалға береді; қаржы нарығы мен оның инфрақұрылымын ұйымдастырады. Аймақтың отандық және шетелдік заңи тұлғаларының аймақтың аумағынан тыс әріптестерімен кредит-есеп айырысу операциялары корреспонденттік шоттар жүйесі арқылы ұлттық валютада жүзеге асырылады.

АЭА Әкімшілік кеңесі *қаржы қорын*, ал аймақ шекараларының әкімшілік - аумақтық бөліністер шекарасымен тоқайласқан жағдайда бюджетті қалыптастырады, ол сонымен бірге *әкімшілік - аумақтық бөліністің бюджеті* болып табылады. Қор (бюджет) аймақ аумағында тіркелген заңи және жеке тұлғалардан алынатын салықтар, алымдар және басқа міндетті төлемдер есебінен құрылады. Арнаулы қорларға түсетін түсімдер АЭА қаржы қорын (бюджетін) қалыптастырудың көзі бола алмайды.

Қаржы қорының (бюджеттің) жоғарғы бюджетпен өзара қарым - қатынасы АЭА-ның қаржы қорына (бюджетіне) түсетін кірістердің жалпы сомасынан аударылатын *аударымдардың ұзақ мерзімді тұрлаулы нормативі* арқылы анықталады.

Егер АЭА-ның құқықтық режимі өзгерсе немесе ол мезгілінен бұрын таратылса, онда аймақ аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асырып жатқан шаруашылық жүргізуші субъектілерге мұндай қызметті инвестициялар салынған мезетке сай келетін жағдайда жалғастыра беру құқығы кепілдендіріледі. Мұндай құқық АЭА құрылған мерзімінің аяғына дейін іс-әрекет етеді, бірақ ол 10 жылдан аспауы тиіс, мерзім айтылған құқықтық режимді жою немесе өзгерту күнінен есептеледі.

10. Салық және салық нарығы.

1. Салықтар туралы түсінік және олардың әлеуметтік- экономикалық мәні мен функциялары.
2. Қазақстан Республикасының салық жүйесін ұйымдастыру.
3. Салықтар алуды ұйымдастыру.
4. Салықтың түрлеріне сипаттама.

1. Салықтар туралы түсінік және олардың әлеуметтік- экономикалық мәні мен функциялары.

Ұйымдық-құқықтық жағынан салықтар - бұл мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгіленген, белгілі бір мөлшерде және мерзімде бюджетке төленетін қайтарусыз және өтеусіз сипаттағы міндетті ақшалай төлемдер.

Салықтардың *экономикалық мәні* олардың өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін мемлекет жұмылдыратын ұлттық табыстың бір бөлігі болып табылатындығында. Салықтар қаржының бастапқы категориясы болып табылады. Салықтар мемлекетпен бірге пайда болды және мемлекеттің өмір сүріп, дамуының негізі болып табылады.

Салықтар барлық елдерде олардың қоғамдық - экономикалық құрылысы мен саяси іс-бағытына қарамастан ұлттық мемлекет кірістерінің негізгі көзі – ұлттық табысты қайта бөлудің басты қаржылық құралы, мемлекеттің кірістері және бюджеттің кірістерін қалыптастырудың шешуші көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 35 - бабында: заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады, деп жазылған.

Салықтарда ежелден салық жүктемесін (салық ауыртпалығын) бөлудің екі қағидасы қалыптасқан:

- пайда (алынған игіліктер) қағидасы
- “қайыр көрсету” (төлем қабілеттілігі) қағидасы

Бұл дегеніміз алынған игіліктерге және төлем қабілеттілігіне салық салудың қағидаларын пайдалану салық мөлшерлемелерін белгілеуге және табыстың өсуіне қарай олардың өзгеруіне әкеп соғады.

Салықты ұтымды ұйымдастырудың классикалық қағидасын бұрын А.Смит ұсынған еді. Олар мыналар:

- салық салу төлеушінің әрқайсысының табысына сәйкес алынуы тиіс. Бұл деген **әділеттік қағидаты** болып табылады.
- Салықтың мөлшері мен оны төлеу мерзімі алдын ала және дәл анықталуы керек. Бұл **анықтылық қағидасы**.
- әрбір салық салық төлеуші үшін неғұрлым қолайлы уақытта және әдіспен алынуға тиіс. Бұл да **қолайлылық қағидасын** білдіреді.
- Салықты алудың шығындары өте аз болуы тиіс. Бұл **үнемділік қағидасы**.

Бұл қағидаларды пайдалану салық салуда зорлық зомбылықты жоқ етті, бұл процеске реттемелеуді енгізеді және А.Смитке “салықтар- оны төлейтіндерге құлшылықтың нышаны емес, бостандықтың нышаны” деп қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Салық салудың қазіргі қағидасы мынадай:

- 1) Салық салудағы әділдік қағидасы

- 2) Қарапайым қағидасы
- 3) Салықтардың анықтығы
- 4) Жеңілдіктердің ең аз саны
- 5) Салық салудың экономикалық бейтараптығы
- 6) Салық мөлшерлемелерінің салыстырмалығы.

Елімізде салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады. Қазақстанның **салық жүйесі** оның бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге қатысты бірыңғай болып келеді. Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануға жатады.

Қазіргі кезде салықтар фискалдық, реттеуші және қайта бөлуші болып үшке бөлінеді. Бұлардың әрқайсысы осы қаржы категориясының ішкі белгілері мен өзіндік ерекшеліктерін білдіреді.

Фискалдық функциясы- барлық мемлекеттерге тән негізгі функция. Оның көмегімен бюджеттік қор қалыптасады, мұның өзі салықтардың қоғамдық міндеттерін арттыра түседі. Өйткені салықтар мемлекеттік бюджеттің кірістерін салыстыра отырып, экономиканы, әлеуметтік-мәдени шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Реттеуші функциясы- мемлекеттің экономикалық қызметінің ұлғаюымен байланысты пайда болады. Ол ұлттық шаруашылықтың дамуына қабылданатын бағдарламаларға сәйкес ықпал етеді. Бұл салықтардың нысандарын таңдау, олардың мөлшерлемелерінің, алу әдістерінің өзгеруі, жеңілдіктер мен шегерімдер пайдаланылады.

Қайта бөлу функциясы - бұл арқылы түрлі субъектілер табысының бір бөлігі мемлекеттің қармағына өтеді. Бұл функцияның іс-әрекетінің ауқымы жалпы ұлттық өнімде салықтардан алатын үлесі арқылы анықталады.

Мемлекет салық саясатын - салық саласындағы шаралар жүйесін қоғамның оның нақтылы кезеңдегі әлеуметтік - экономикалық және басқа мақсаттар мен міндеттеріне қарай әзірленген экономикалық саясатқа сәйкес жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасының салық жүйесін ұйымдастыру.

“Салық” ұғымымен “салық жүйесі” ұғымы тығыз байланысты. Мемлекетте алынатын салық түрлерінің, оны құру мен алудың нысандары мен әдістерінің, салық қызмет органдарының жиынтығы әдетте **мемлекеттің салық жүйесі** деп атайды. Қазақстан егемендікке ие болғаннан кейін 1991-1995 жылдары қабылданған бірқатар заңдарға сәйкес республикада жаңа салық жүйесі қалыптасты. 1991 жылғы желтоқсанның 25-інен бастап біздің елімізде тұнғыш салық жүйесі жұмыс істей бастады. Ол “Қазақстан Республикасының салық жүйесі туралы” заңға негізделді. Бұл заң салық жүйесін құрудың қағидаларын, салықтар мен алымдардың түрлерін, олардың бюджетке түсу тәртібін белгілеген алғашқы құжат болатын. Қазақстанда 1992 жылғы қаңтардың 1-інен бастап 13 жалпы мемлекеттік салық, 18 жергілікті салықтар мен алымдар енгізілді.

Салықтардың оларды төлеушілердің, салықтарды алу әдістерінің, салық жеңілдіктерінің жиынтығының болатындығынан салық жүйелерінің әжептәуір күрделі үлгілері болуы мүмкін.

Барлық өркениетті елдерде салықтардың бүкіл жиынтығы әртүрлі қағидалар бойынша жіктеледі.

- салық салу объектілері бойынша
- салықты алатын және салықтан жиналған сомаға билік жасатын органға қарай
- пайдалану тәртібіне бойынша
- объектінің экономикалық белгісі бойынша

Салықтарды салу объектісі бойынша тура және жанама болып бөлінеді.

Тура салықтар- салық төлеушінің кірісі мен мүлкінен тікелей төленген салықтар. Ал жанама салықтар – бағаға немесе тарифке үстеме түрінде белгіленген салық төлеушінің кірістері мен мүлкіне тікелей байланысты емес салықтар. Жанама салықтар қосылған құнға салынатын салық, акциздер жатады. Жанама салықтарға сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметтен түсетін түсімдер де (кеден баждары түріндегі, экспортқа және импортқа салынатын салық түріндегі кеден кірістері, ішкі нарықта сатылатын тауарлар бағасы мен олардың фактуралық құнының айырмасы) жатады.

Салықты алатын және оған билік жасайтын органға қарай орталық және жергілікті болып бөледі.

Пайдалану тәртібіне қарай барлық салықтар **жалпы және мақсатты(арнаулы)** болып бөлінеді. Жалпы салықтар тиісті денгейлердің бюджеттеріне шоғырландырылады және жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қаржыландыруға пайдаланады. Мақсатты (арнаулы) салықтардың нысаналы арналымы болады (мысалы: зейнетақы төлемдерін қалыптастыру үшін пайдаланатын әлеуметтік салық) сияқты.

Объектінің экономикалық белгілері бойынша табысқа салынатын салықтар және тұтынуға салынатын салықтар болып бөлінеді. Табысқа салынатын салықтар дегеніміз- төлеушінің салық салынатын кез келген объектіден алған табыстарынан алынады. Тұтынуға салынатын салықтар дегеніміз - кезінде төленетін шығынға салынатын салықтар.

Мағлұмдама деген салық төлеушілер табыстың көлемі, қажетті жеңілдіктері, шегерімдерін көрсетеді және салық сомасын есептеп, төлейді. Олар салықтардың түрлері бойынша салық мағлұмдамасын есепті салық кезеңіне сәйкес тапсырып отырады. Мәселен мынадай салықтарды кейінгі жылдың 31-наурызына деін кешіктірмеу керек: корпорациялық табыс салығын, жеке табыс салығын төлеушілер(арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғаларды қоспағанда).

Патент – арнаулы салық режимін қолдану құқығын куәландыратын және салық сомасының бюджетке төленгендігін растайтын құжат.

Салықтық есептің екі әдісі қолданылады: *кассалық және есептеу әдістері*.

Кассалық әдісі – табыстар мен шегерімдер жұмысты орындау, қызмет көрсету, мүлікті жөнелту мен кірістеу және ол бойынша жасалынатын ақы төлеу мезетінен бастап есепке алынады. Ал **есептеу әдісі**- табыстар мен шегерімдер ақы төлеудің уақытына қарамастан жұмысты орындау, қызмет көрсету, тауарларды өткізу және кіріске алу мақсатымен тиіп жіберу мезетінен бастап есепке алынады.

Қазақстан Республикасының салық жүйесі салықтардың, алымдардың және баждардың түрлерін, салық қатынастарын реттейтін құқықтық нормаларды және салық қызмет органдарын кіріктіреді.

3.Салықтар алуды ұйымдастыру. Салық салуды ұйымдастыру салық қатынастары нысандарының элементтерін, яғни салық түрлерінің нақты атауларын,

сондай-ақ оларды қолданудың тәртібі мен әдістерін, іс-қимылының тәсілдерін кіріктіретін салық механизмін құруға және оның жұмыс істеуіне болады. Қазақстан Республикасының қазіргі салық жүйесі салықтарды құру мен алудың нақтылы әдістерін анықтайды, салықтың тиісті элементері арқылы салық салудың тәртібін белгілейді.

Салық элементері болып мыналар жатады:

- **Салық субъектісі немесе салық төлеуші** – ол салықты және бюджетке басқа төлемдерді төлеуші тұлға, алайда нарық механизмі арқылы салық ауыртпалығы басқа тұлғаға салық салынушыға аударылуы мүмкін.
- **Салық салынушылар** – нақты салық ауыртпалығы (салық жүктемесі) түсетін жеке тұлғалар, түпкілікті салық төлеушілер, яғни мемлекет азаматтары.
- **Салық объектісі** – мүлік пен іс-әрекеттер салық объектілері және салық салуға байланысты объектілер болып табылады, олардың болуына байланысты салық төлеушінің салықтық міндеттемесі
- **Салық базасы**- салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объектінің құндық, заттай немесе өзге де сипаттамалары, олардың негізінде бюджетке төленуге тиіс салықтар және басқа да міндетті төлемдердің сомасы анықталады.
- **Салық өлшемі**- есеп-қисап үшін белгіленген салық объектісін өлшеу бірлігі (теңге, табыс, айналым., т.б., жердің 1 гектары, тауарды өлшеу бірлігі және басқалары)
- **Салық мөлшерлемесі** – салық базасының өлшем бірлігіне салық есептеулерінің шамасын білдіреді. Ол салық базасының өлшем бірлігіне пайызбен немесе абсолюттік сомамен белгіленеді.

Салық салу мөлшерлемесіне қарай мынадай болып бөлінеді.

1) тұрақты салық мөлшерлемесі- олар табыс көзіне қарамастан салық салу бірлігіне абсолюттік соммада белгіленеді (мысалы: мұнайдың 1 тоннасына, газдың 1 текше метріне) деген сияқты.

2) үйлесімді салық мөлшерлемесі – олар салық объектісіне (оның мөлшерін саралауды есепке алмай) бірдей пайыздық қатынаста іс-әрекет етеді.

3) прогрессивті салық мөлшерлемесі – бұл жағдайда прогрессивті салық мөлшерлемесі табыстың артуына қарай өсіп отырады. Нәтижесінде салық төлеуші салықтың үлкен абсолюттік соммасын ғана емес, сонымен бірге оның үлесін да төлейді. Прогрессивті мөлшерлемелер ең алдымен табысы көп тұлғаларға ауыртпалық түсіреді.

4) регрессивті салық мөлшерлемесі – олар табыстың өсуіне қарай төмендейді және табысы көп тұлғаларға тиімді болып келеді, ал табысы аз адамдардың иығына ауртпалық түсіреді.

Салық кезеңі- жекеленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдерге қатысты белгіленген уақыт кезеңі салық кезеңі деп түсіндіреді, ол аяқталған соң салық базасы анықталады және бюджетке төленуге тиісті салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің сомасы есептеледі.

Салықпұл- субъектінің бір объекіден төлейтін салық сомасы.

Салық жеңілдіктері – заңнамаға сәйкес төлеушілерді салықтан толық немесе ішінара босату.

Жеңілдік кезеңдері – салықтар бойынша заңмен белгіленген жеңілдіктердің іс-әрекет ететін уақыты.

Салық төлеушілер мен салық органдарының құқықтары мен міндеттіліктері- билік пен басқару органдарының салық заңнамасымен реттеледі.

Салық бақылау- салық қызмет органдарының салық заңнамасының орындалуын, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы аударылуын бақылауы.

Салық заңнамасын бұзған салық төлеушілерге олардың жасырған сомасын, төмендеткен табыстарын **төлеттіріп алу**, бұзу ауыртпалығына қарай үлестік немесе еселенген көлемде айыппұлдар, бюджетке төленетін мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімдер түрінде санкциялар қолданылады.

4. Салықтың түрлеріне сипаттама. Қазақстан Республикасындағы салықтардың, салық сипатындағы алымдардың тізбесі мыналарды кіріктіреді.

I. Салықтар

Корпорациялық табыс салығы.

Жеке табыс салығы

Қосылған құнға салынатын салық

Акциздер

Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнаулы төлемдері.

Экспортқа шығарылатын шикі мұнайға салынатын рента салығы.

Әлеуметтік салық

Жер салығы.

Көлік құралдарына салынатын салық

Мүлікке салынатын салық

Қазақстан Республикасының жасалған келісім шарттары бойынша өнімді бөлу жөніндегі үлесі.

II. Алымдар

1. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым.

2. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым.

3. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым.

4. Радиоэлектрондық құралдарды және жиілігі жоғары құрылғыларды мемлекеттік тіркегені үшін алым.

5. Механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым.

6. Теңіз, өзен, кемелері мен шағын көлемді кемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым.

7. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алым.

8. Дәрігерлік заттарды мемлекеттік тіркегені үшін алым.

9. Автокөлік құралдарының ҚР-ның аумағы арқылы жүру алымы.

10. Аукциондардан алынатын алым.

11. Консулдық алым.

12. Жекеленген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым.

13. Телевизиялық және радиохабар ұйымдарына радиожілік спектрін пайдалануға бергені үшін алым.

III. Төлемақылар

Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы

Жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы


Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақы
 Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы
 Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы
 Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы
 Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы
 Кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы
 Сыртқы жарнаманы орналастыру үшін төлемақы

IV. Мемлекеттік баж (пошлина)

V. Кеден төлемдері

1. Кеден бажы
2. Кеден алымдары
3. Алдын-ала шешім қабылдағаны үшін төлемақы
4. Алымдар.

Бұл төлемдердің сомасы жергілікті бюджеттердің кірісіне не белгіленген үлестерде бюджеттер мен тиісті ұйымдарға не арнулы қызметтер көрсететін ұйымдардың, мекемелердің шығындарын ішінара немесе толық өтеу, қызметін дамытып, жетілдіру үшін түгелдей олардың қарамағына түседі.




Корпорациялық табыс салығы- бюджет түсімдерінде едәуір орын алады (27,2%). Бұл салықты Ұлттық банк пен мемлекеттік мекемелерді қоспағанда ҚР-сы резидент-заңды тұлғалары, сондай-ақ Қазақстанда қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын немесе республикадағы көздерден табыс алатын бейрезидент-заңды тұлғалар төлейді. Арнаулы салық режимін қолданушы заңды тұлғалар – шағын бизнестің субъектілері, шаруа қожалықтары, заңды тұлға ауыл шаруашылығындағы өнімін өндірушілер, кәсіпкерлік қызметтің жекеленген түрлері корпорациялық табыс салығын төлейді. Корпорациялық табыс салығын салу механизмі заңды тұлғалар салықты есептеу, төлеу тәртібін, алу шарттарын, жеңілдіктер мен санкцияларды, төлеу уақытын айқындайды.

Жеке табыс салығы- Бұл төлем бойынша қаражаттардың түсімі (2001ж. Дейін жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы) барлық салық төлемдерінің 0,9% алады. Салық салу объектілері бар жеке тұлғалар жеке табыс салығын **төлеушілер** болып есептеледі. **Салық салу объектісі** төлем көзінен салық салынатын табыстар және төлем көзінен салынбайтын табыстар болып табылады. **Салық мөлшерлемесі** баспалдақты үдеме бойынша табыстың мөлшеріне қарай 5 пайыздан 20 пайызға дейін белгіленген.

Жанама салықтардың ішіндегі ең маңыздысы 1992 жылы енгізілген **қосылған құн салынатын салық(ҚҚС)** болып табылады. Салық салу объектісі материалдық шығындарсыз өндірілген өнім болып саналатын қосылған құн болып табылады: қосылған өнімге кешенді шығыстар, мысалы: жарнамаға жұмсалынатын және басқа бірқатар шығындар кіріктіріледі.

Есепке жатқызылған ҚҚС-ты өндіріп алу



Бұл салықтың ерекшелігі- оның салық салынатын объектісі сатудан (өткізуден) түскен бүкіл түсім-ақша емес, тек салық салынатын айналым мен салық салынатын импортты қамтитын қосылған құн болып табылатындығында. ҚҚС дүние жүзінің

40-астам елдерінде, соның ішінде Еуропа экономикалық одағының 17-елінде пайдаланылады. Бұл салықтың **артықшылығы мынада:**

- ол жаңа құн жасалынған орын бойынша салық төлеушілердің үлкен тобынан алынады
- төлеушілер үшін де есептеудің салыстырмалы қарапайымдылығымен ерекшеленеді
- бағалардың өзгеруіне, төлеушінің қаржылық ахуалына, инфляция деңгейіне қарамастан мемлекет бюджетінің кірістерін қалыптастырудың сенімді және тұрақты базасын қамтамасыз етеді.

ҚҚС қазіргі кезде Қазақстан Республикасының бюджет кірістерінің аса маңызды көздерінің бірі болып табылады. Мемлекеттік бюджет кірістерінің жалпы сомасында бұл төлемнің үлес салмағы 27,1% құрайды.

Жанама салықтардың **үшінші тобына акциздер** кіреді Бюджет кірістеріндегі салықтың түсімдерінде олар 2,7% құрайды. **Акциздер** - бағаға қосылатын және сатып алушы төлейтін тауарларға салынатын салық. Акциздер көрсетілген қызметтерге де салынуы мүмкін, бұл орайда салық сомасы тарифке кіріктіріледі.

Акциз мөлшерлемелерін Үкімет бекітеді және тауар құнына пайызбен және заттық нысандағы өлшем бірлігіне абсолюттік сомада белгіленеді. Алкоголь өніміне акциз мөлшерлемелері жоғарыдағыға сәйкес не одан су араластырылмаған (жүз пайыздық) таза спирттің бөлу көлеміне қарай бекітеді. Қазақстанда өндірілетін тауарларға, қызметтерге акциз салығын салу объектілері республика аумағында акцизделінетін тауарларды өзкізу немесе оларды алыс - беріс негізінде ұқсатуға беру, көрсетілген қызметтерді, акцизделінетін қызметті жүзеге асыру операциялары болып табылады, импорт кезінде импортталатын акциз тауарларының көлемі немесе тауардың кедендік құны болып табылады.

Қазақстан Республикасының салық жүйесінде табиғи ресурстарды, пайдалы қазбаларды, **жер қойнауын пайдалануға** байланысты бірқатар төлемдер бар, оларды шартты түрде салықтық сипаты бар табиғи ресурстар үшін төленетін төлемдер ретінде бір топқа біріктіруге болады. Олар: үстеме пайдаға салынатын салық, жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері, су үшін төленетін төлем, орманды пайдаланғаны үшін төлемдері және басқалары жатады. Аталған төлемдер негізінен ренталық сипатта болады, өйткені олардың пайда болуы мен мөлшерлемелерінің шамасы шығарылатын және шаруашылық қызметте пайдаланатын материалды, шикізатты, минералды ресурстарды алу, тұтыну, олардың сапасы табиғат факторларымен байланысты болады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнаулы төлемдері мыналарды кіргізеді.

үстеме пайдаға салынатын салық

жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері

бонустар

роялти

өнімді бөлу бойынша ҚР-сының үлесі.

Бонустар- жер қойнауын пайдаланушының тіркелген төлемдері болып табылады және жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім шартта белгіленген мөлшерлерде және тәртіппен ақша нысанында төленеді.

Роялти- пайдалы қазбаларды өндіру және техногендік құрылымдарды қайта өңдеу процесінде жер қойнауын пайдалану құқығы үшін төленетін төлем. Ақша немесе заттай нысанда төленеді.

Әлеуметтік салық- мемлекетте алынатын салықтың бірі. Әлеуметтік қорларға: зейнетақы, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, міндетті медициналық сақтандыру, халықты жұмыспен қамту қорларына аударылатын сақтық жарналары аударымдарының орнына енгізіледі. Әлеуметтік салықтан түсетін түсімдер мемлекеттік бюджетке 15-16 пайызын құрайды.

Әлеуметтік салықты төлеушілер: ҚР-сының резидент-заңды тұлғалары; бюджетпен есеп айырысуды біржолғы талон негізінде жүзеге асыратындарды қоспағанда, жеке кәсіпкерлер; шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері, сондай-ақ Қазақстанда қызметтерін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттер, жеке кәсіпкерлер, жеке натариустар, адвокаттар әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады.

Жер салығы- 1992 жылы енгізілді. Жерге салынатын салықты енгізу мынадай мақсаттарды көздейді: экономикалық әдістермен жерді ұтымды пайдалану және орналастыру, жердің құнарлығын аттыру, оны қорғау жөніндегі шараларды жүргізу үшін, сонымен бірге аумақтық әлеуметтік - мәдени дамуы үшін бюджет кірістерін қалыптастыру. Жер салығын төлеу барлық жер иелері, жер пайдаланушылар, соның ішінде жалгерлер мен жер иелері үшін міндетті болады.

Мүлікке салынатын салық- тура нақты салыққа жатады, оның мөлшері мүліктің табыстылығына емес, төлеушілер мүлкінің құнына байланысты болады. Мүлікке салынатын салықты төлеудің көзі табыстың мүлікті пайдаланудың нәтижесі болып табылатындығында немесе өзге де әдістермен алынатындығына қарамастан олардың табысы болып есептеледі.

Көлік құралдарына салынатын салық - меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар және меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында салық салу объектілері бар заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері төлеушілер болып табылады.

11. Мемлекеттің ақша-несие нарығы және саясаты. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

1. Мемлекеттің ақша-несие (монетарлық) саясаты
2. Ақша-несие саясатының түрлері
3. Орталық банктің мақсаттары мен міндеттері
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

1. Мемлекеттің ақша-несие (монетарлық) саясаты

Ақша-несие саясаты – мемлекеттің иелігінде болатын экономикалық саясаттың күшті құралдарының бірі.

Резервтік шамаларды қайта қарау, ашық нарықтағы есептік ставкалардың және операциялардың өзгерісі сияқты құралдарға ие бола отырып, Ұлттық банк ақша ұсынысына елеулі әсер етеді, ақша делдалдығы арқылы нақты ұлттық өнімге, жұмысбастылық пен баға индексіне әсер ете алады.

Монетарлық реттеу нәтижелері кейнсиандық және монетарлық теорияда, сонымен қатар рационалды күтілімдер теориясында әртүрлі бағаланады. Кейнсиандықтардың пікірінше, дискретті ақша-несие саясаты әсер ету күші бойынша фискальдық саясатқа жол берсе де, экономикалық белсенділіктің, баға мен жұмыспен қамтудың ауытқуын реттеу үшін тиімді болып табылады. Монетаристер монетарлық тәртіпті енгізу және дискретті ақша несие саясатынан бас тартуға қол еткізеді. Ұтымды күтілім теориясын ұстанушылар монетарлы саясат нақты ЖІӨ-ге еш әсерін тигізбейді деген ұстанымды алға тартады.

Ақша- несие саясаты экспорт және импорт бойынша сыртқы операциялардың тиімділігіне әсер ете отырып, көп жағдайда валюталық курсты анықтайды. Оны тек ішкі макроэкономикалық өзгерістерді өзгерту үшін ғана емес, сонымен қатар сыртқы сауда балансын басқару үшін де пайдалануға болады.

Әртүрлі мектептер өкілдерінің ұсыныстарын пайдалана отырып, оңтайлы шешімдер таба отырып, Ұлттық банк ақша-несие саясатын жүзеге асырады. Бұл іс-әрекет бизнес жүйесіндегі субъектілердің экономикалық еркіндігі шеңберін шектейтін экономикалық реттеудің неғұрлым демократиялық шешімі болып табылады.

Ұлттық банк арқылы жүзеге асырылатын монетарлық реттеу валюталық курсқа тікелей әсер етеді. Ал валюталық курс, өз кезегінде, елеулі деңгейде халықаралық сауданы анықтайды.

Егер валюта бағамы нығайса, онда ұлттық валюта түріндегі мемлекеттік тауарлар сыртқы нарықта бәсекеге қабілетсіз болады, себебі олардың бағасы сыртқы нарықта арта түседі. Шын мәнісінде валюта бағамының өзгеруі экспорттаушының ұлттық валютадағы бағасын өзгертпейді деп болжасак, онда оны импорттаушының валютасына ауыстыру кезінде баға өседі, сәйкесінше валюта бағамы да артады.

Сонымен қатар импорттаушылар бұл өзгерістен тек қана пайда табады. Ұлттық валютаға қайта есептелгенде импортталатын бағалардың бағасы құлдырайды, ал олар пайданың мөлшерін ұлғайтуға немесе өткізу мөлшерін кеңейтуге немесе ымыралық шешім қабылдау мүмкіндіктеріне ие болады.

Егер ұлттық валюта құнсызданса онда жеңіске жетушілер мен жеңіліс тапқандар орындарын алмастырады. Экспорттың тиімділігі ұлғаяды, себебі сыртқы нарықтағы тауарлардың бағасы құлдырайды.

Ұлттық валюта курсының төмендеуі экспортты ынталандырады және мүмкін болатын импортты шектейді: сондықтан сыртқы саудадағы тапшылық не азаяды, не болмаса активті қалдық қысқарады, немесе ішкі сауда тапшылығы ұлғаяды.

Ақша –несие саясатын қайта қарастыру барлық үдерістің өмірінде үн қатады. Экспансиондық шаралар ақша массасының ұлғаюына әкеледі және пайыз ставкасын төмендетеді. Мұндай себепті-нәтижелі байланысты монетаристердің өздері де таниды, алайда оны экономикаға ақшалай-несиелік реттеу арқылы әсер ететін негізгі байланыс ретінде қарастырмайды. Пайыздық ставканың азаюы аталған валютаға салынатын қорлардың тартымдылығын азайтады, оған деген сұраныс құлдырайды, бірақ ұсыныс артады.

Рестрикциялық ақша –несие саясаты ақша массасын қысқартады, несиеге қол жетімділікті төмендетеді және пайыз ставкасын ұлғайтады. Ұлттық валюта тартымды актив бола бастайды, оған деген сұраныс өседі, ұсыныс азаяды.

Осылайша ақша –несие саясаты валюталық курсқа және ішкі сауда балансына әсер етеді. Экспансиондық саясат ұлттық валюта курсы төмендетеді және экспортты ынталандырады, рестракциондық саясаты ішкі сауда қалдығын қысқарта отырып немесе ішкі сауда тапшылығы проблемасын қиындата отырып валюталық курсты жоғарылатады және импортты жігерлендіреді. Осыған байланысты, бағалық тұрақтандыруға әкелетін қымбат ақша саясатының бірнеше шығындары бар: өндіріс және жұмыспен қамту көлемінің төмендеуімен қатар, таза импорт ұлғаяды, сыртқы сауда тапшылығы проблемасы туындайды.

Сыртқы сауда операциялары тиімділігін қайта есептеуде монетарлық реттеудің әсерінен болатын ақша массасы көлемінің өзгеруінің нәтижесінде туындайтын инфляциялық және дефляциялық әсерлерді есепке ала кеткен жөн. Алайда рационалды күтілімдер теориясының көзқарастарына сүйенбесек, алда бірнеше өзгерістер күтіп тұрғаны анық.

Валюталық курс тербелісі экономиканың жағдайына үлкен әсерін тигізетіндіктен, Ұлттық банк оларды реттеуді ақша-несие саясатының маңызды құралы ретінде қарастыруы мүмкін. Нарықтық экономикасы дамыған елдердің Ұлттық банктері ұсынысқа әсер ете отырып, ұлттық және шетелдік валюта ұсынысын ұлғайта және азайта отырып сыртқы валюталық нарықтағы интервенцияны жүзеге асырады.

Ұлттық валютамыз – теңге тұтастай айырбасталынбайды, іс жүзінде халықаралық саудада қолданылмайды. Сондықтан біздің ұлттық банк валюталық айырбасты сыртқы емес, тек ішкі нарықта жүзеге асырады. ҚР ҰБ валютасымен операциялар Қазақстандық қор биржасында іске асырылады.

2. Ақша-несие саясатының түрлері

Қазақстан Ұлттық банкі мемлекеттік ақша-несие саясатын анықтайтын және жүзеге асыратын орган болып табылады.

ҚҰБ ақша-несие саясатының басты мақсаты: Ұлттың валютаның тұрақтылығын, яғни оның төлем қабілеттілігі мен басқа шетел валюталарына қатысты тұрақтылығын қамтамасыз етуді көздейді. Ақша-несие саясаты — бұл

айналыстағы ақша массасын, несие көлемін, сыйақы (мүдделендіру) мөлшерлемесін өзгертуге жалпы банк жүйесінің қызметін реттеуге бағытталған шаралар жиынтығы.

Ақша-несие саясатының макроэкономикалық деңгейдегі субъектісі Ұлттық банк болып табылады. Ал ақша-несие саясатының Ұлттық банк тарапынан реттеу объектісіне экономикадағы қолма-қол және қолма-қолсыз ақша массасының жиынтығы жатады.

Шаруашылық конъюктурасының жағдайына байланысты ақша-несие саясатының екі типі болады:

1. Рестрикциялық ақша-несие саясаты;
2. Экспансиондық ақша-несие саясаты.

Рестрикциялық ақша-несие саясаты — екінші деңгейлі банктердің несиелік операциялар көлемін шектеуге және қатан шарт белгілеуге, сондай-ақ сыйақы мөлшерлемесінің деңгейін арттыруға бағытталатын шаралар жиынтығы.

Экспансиондық ақша-несие саясаты — несие беру көлемін кеңейтумен, айналыстағы ақша массасының өсуіне бақылаудың, әлсіздігімен және сыйақы мөлшерлемесінің төмендеуімен байланысты шаралар.

Соңғы жылдардағы ақша-несие саясатының басты көздеген бағыты: инфляцияны төмендету және теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа жетуде Ұлттық банк қатаң ақша-несие саясатын жүргізуде. Заңға сәйкес Ұлттық банк мынадай ақша-несие саясатының негізгі құралдарының көмегімен реттеледі:

Сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу;

- Ең төменгі міндетті резервтер нормасын белгілеу;
- Мемлекеттің бағалы қағаздарын сатып алу және сатуы бойынша ашық нарықтағы операцияларды жүргізу;
- Банктерге және үкіметке несиелер беру;
- Валюталық нарыққа интервенциялау;

Кейбір жағдайларда, несиелік операциялардың жекелеген түрлерінің деңгейі мен көлеміне тікелей сандық шектеулер енгізу.

Қазіргі уақытта жоғарыда аталған құралдардың ішінде іс жүзінде қолданылып отырғандары: ресми сыйақы мөлшерлемелері, қысқа мерзімді ноттарды эмиссиялау, ашық нарықтағы операциялар.

Ұлттық банк өзінің жүргізетін операциялары бойынша мынадай ресми сыйақы мөлшерлемелерді белгілейді:

- ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі;
- ресми есептік (дисконттық) мөлшерлемесі;
- РЕПО және кері РЕПО операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемесі;
- «овернайт» займдары бойынша сыйақы мөлшерлемесі;
- күндізгі займдар бойынша сыйақы мөлшерлемесі.

Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі — ақша нарығының жалпы жағдайына несие бойынша сұраныс пен ұсынысқа, инфляция және күтілетін инфляция деңгейіне байланысты белгіленеді. Ұлттық банкінің заң актілері, ҚР Президентінің актілері негізінде немесе ҚҰБ Басқармасының жеке қаулылары бойынша жүргізілетін заем операциялары бойынша қолданылады.

Ресми есептік (дисконттық) мөлшерлемесі — ақша нарығының жалпы жағдайына, несиелер бойынша сұраныс пен ұсыныс көлеміне байланысты белгіленеді және Ұлттық банктің коммерциялық вексельдерді қайта есепке алу

операцияларында қолданылады. Ресми есептік (дисконттық) мөлшерлеме жылдың пайыздың мөлшерлеме болып табылады және ол айналыс мерзімі алты айлық вексельдерді қайта есептеуде қолданылады.

РЕПО және кері РЕПО операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелері — жылдың пайыздық, мөлшерлемелер, ішкі қаржы нарығының жағдайына байланысты белгіленеді және мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуде қолданылады. РЕПО-ның мақсатты мөлшерлемесінен ауытқу жағдайында ақшалай қаражаттарды орналастыру немесе тарту жолымен РЕПО нарығындағы сыйақы мөлшерлемелерді реттеу арқылы сыйақы мөлшерлемелердің елеулі ауытқуын болдырмау.

«Овернайт» заемдары бойынша сыйақы мөлшерлемесі — Ұлттың банктің екінші деңгейдегі банктерге, олардың ҚҰБ-ғы корреспонденттік шоттары бойынша есеп айырысуды дебеттік қалдықпен аяқтауы барысында бір түнге берілетін заемдары бойынша қолданылады.

Күндізгі заемдар бойынша сыйақы мөлшерлемелері — Ұлттың банктің екінші деңгейдегі банктерге, олардың ҚҰБ-ғы теңгеде ашқан корреспонденттік шоттары бойынша төлем жүргізуге немесе ақшалай аударымдар жасауға нажетті ақша қаражаттары уақытша болмаған не жетіспеген жағдайларда займдар бойынша қолданылады.

3. Орталық банктің мақсаттары мен міндеттері

Орталық Банктің негізгі мақсаты баға тұрақтылығын қамтамасыз ету. Оған жету үшін Орталық Банк келесі мәселелерді шешеді: мемлекеттің ақша-несие саясатын дайындау және жүргізу, валюталық реттеу мен бақылау жасау, төлем жүйесінің жұмысын жасауын қамтамасыз ету, тұрақты қаржы жүйесін қамтамасыз етуге жағдай жасау. Орталық Банктің негізгі мақсатарының ішінде ақша-несие саясатын халықаралық стандарттарға жақындату қарастырылған, бұл үшін Орталық Банк нарықтық пайыз мөлшерлемесін қадағалап отырады. Ақша-несие саясатының операциялық негізді жетілдіру жұмыстары және ақша-несие саясатының тәсілдері мен құралдарын оптималдау, трансмиссиондық механизм моделін құрастыру және инфляциялық таргеттау принципіне өтуге дайындақты жалғастырады.

Келер жылдары экономика қызып кету қаупі, мемлекеттік бюджет шығындарының өсуі ақша-несие саясатының қатаңдауына әкелуі мүмкін. Ақша-несие саясатының бсқа негізгі мақсаты капитал қозғалысымен бацланысты тәуекелді реттеуді жаңадан қарауы мен 2007ж 1 қаңтарынан бастап валюталық режимнің толық либерализациясына жету болып келеді.

Валюталық режимін либерализациясын реттеудің негізгі мақсаты 2007ж бастап валюталық операцияларды жүргізуге шек қою мен ұлттық валютаның толық конвертациялану принципіне көшу үшін жағдай жасау. Бұл үшін келесі жұмыстарды жасау қажет.

Біріншіден, валюталық операцияларды жүргізу барысында тәуекелді хеджирлау құралдарын қолдану үшін жағдай жасау.

Екіншіден, ақша-несие саясатының мақсаттары мен сыртқы шоктарды реттеу үшін шетел валютасына сұраныс пен ұсынысты реттеу құралдарын жақсарту.

Үшіншіден, реттеудің халықаралық принциптері мен қаржылық мекемелердің валюталық операцияларын қадағалауды қамтамасыз ету. Орталық Банк “қалқып

жүретін айырбас бағамы” саясатын жалғастырады. Валюта бағамының қысқа мерзімді және спекулятивті тербелістерін жеңілдету мақсатында ғана валюта бағамының қалыптасуына әсер етеді.

Орталық Банк интегралды қоғамдастықтар шегінде, ЕврАзЭС пен ТМД сияқты, төлем жүйесі мен басқа қаржылық интеграциялау бағытында жұмыстарын жалғастырады, сонымен қатар Бірыңғай Экономикалық Кеңістікті қалыптастыру мақсатында мемлекет және ведомствоаралық топтардың жұмысына араласуды ойлайды.

Соңғы жылдары экономиканы комплексті реформалау арқасында Қазақстанның қаржы секторы ТМД елдерінің қаржы жүйесінің ішіндегі жоғары дамыған және ашық болып табылады. Қазіргі кезде қаржы секторын дамыту концепциясы жүзеге асырылып келеді. Оның мақсаты әлемдік, сонымен қатар ЕС стандарттарын енгізу. Сонымен қатар тәелсіз және тиімді қаржылық қадағалау жүйесі жүзеге асырылуда, ТМД елдерінің арасында жалғыз Орталық Банк жасалған. Оның жұмысы Орталық Банктің классикалық қызметтеріне бағытталған.

Мемлекеттің ақша-несие саясаты нақты сектордың дамуына, нарықтың барлық субъектілерінің дамуына қажетті экономикалық, институционалды, ұйымдастырушылық және құқықтық ортаны қалыптастыруда. Ақша-несие құралдарының көмегімен мемлекет бос ақша ұсынысына әсер етеді және ссудалық капиталдың бағасын өзгертеді. Осылай ол несие сұранысына және оның үй шаруашылықтарында қолданылуын реттейді. Мемлекеттің экономикалық саясаты монетарлы деп аталады, негізінен ақша-несие тәсілдерін қолданады.

Көптеген нарықтық экономикасы бар елдерде қазіргі кезде ЭМР-де қолданатын ақша-несие құралдарын Орталық банк, ал Қазақстанда – Ұлттық банк қолданады. Оның мемлекетте ақша эмиссиясын жасауға монополиялық құқығы бар.

Несие қатынастар сферасында Орталық банктен басқа институттар жұмыс істейді: мемлекеттік банктер және арнайы функциялы органдар, Қаржы министрлігі және қаржы органдары. Олар несие операцияларына қатысады, бірақ ақша айналысын және мемлекеттегі жеке ссудалық капиталдың қозғалысын реттемейді, оларға әсер ете алмайды. Қорыта келгенде, Ұлттық банктің ақша-несие саясаты инфляция деңгейінің төмен қарқының ұстауға бағытталған. Бұл жұмыстарды жасау үшін ақша базасының деңгейін реттейді.

Орталық Банк “қалқып жүретін айырбас бағамы” саясатын жалғастырады. Валюта бағамының қысқа мерзімді және спекулятивті тербелістерін жеңілдету мақсатында ғана валюта бағамының қалыптасуына әсер етеді.

Орталық Банк интегралды қоғамдастықтар шегінде, ЕврАзЭС пен ТМД сияқты, төлем жүйесі мен басқа қаржылық интеграциялау бағытында жұмыстарын жалғастырады, сонымен қатар Бірыңғай Экономикалық Кеңістікті қалыптастыру мақсатында мемлекет және ведомствоаралық топтардың жұмысына араласуды ойлайды.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі — Қазақстан Республикасының орталық банкі және Қазақстан Республикасы банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейін білдіреді. Ерекше құқықтық мәртебесі бар Қазақстанның Даму Банкін қоспағанда, барлық өзге банктер банк жүйесінің төменгі (екінші) деңгейін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 1925 ж. 29 маусымда ^[1] КСРО Мембанкінің Қазақ өлекелік кеңсесі ретінде^[2] ашылды. ҚР Президентінің 2001 ж. 18 сәуірде Жарлығымен ^[3] ҚР Ұлттық Банкінің орталық аппаратының құрылымына мынадай өзгертулер енгізілді:

- банктік және сақтық қадағалау департаменттері біртұтас банктік және сақтық қадағалау департаменті болып қайта құрылды;
- әкімшілік департаменті шаруашылық басқармасы болып қайта құрылды;
- құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасы құрылды;
- банктерді тарату процесін бақылау басқармасы банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату процесін бақылау басқармасы болып құрылды;
- қауіпсіздік қызметі басқармасы қауіпсіздік басқармасы болып қайта аталды ҚР Президентінің 2001 ж.

11 шілдедегі Жарлығымен^[4] ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия таратылды, оның функциялары мен өкілеттіктері ҚР Ұлттық Банкіне берілді. ҚР Президентінің 2001 ж. 21 тамыздағы Жарлығымен^[5] ҚР Ұлттық Банкінің негізгі міндеттеріне бағалы қағаздар нарығының тұрақты қызмет етуіне жәрдемдесу, қамтамасыз ету, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу міндеті жатқызылды. ҚР Президентінің 2002 ж. 17 мамырдағы Жарлығымен^[6] ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қайта ұйымдастырылды, оның жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері ҚР Ұлттық Банкіне берілді.

ҚР Ұлттық Банкі орталық аппаратының құрылымына мынадай өзгертулер енгізілді:

- төлем балансы және валюталық реттеу департаменті, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу департаменті, Ұлттық Банк басшылығының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі басқарма құрылды;
- халықаралық қатынастар және көпшілікпен байланыс басқармасы халықаралық қатынастар басқармасы болып қайта құрылды; валюталық реттеу және бақылау басқармасы құрылымнан шығарылды.

ҚР Президентінің 2002 ж. 15 тамыздағы Жарлығымен^[7] ҚР Ұлттық Банкінің негізгі міндеттеріне қосымша жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін мемлекеттік реттеу және бақылау жатқызылды.

ҚР Ұлттық Банкі орталық аппаратының құрылымына мынадай өзгертулер енгізілді:

1. банктік және сақтық қадағалау департаменті қаржылық қадағалау департаменті болып қайта құрылды;
2. жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін мемлекеттік реттеу және бақылау департаменті мен бағалы қағаздар нарығын реттеу департаменті құрылымнан шығарылды.

ҚР Президентінің 2003 ж. 31 желтоқсандағы Жарлығымен^[8] ҚР Ұлттық Банкі туралы ереже мен құрылымы бекітілді. Ұлттық Банк ҚР орталық банкі болып табылады, ҚР банк жүйесінің жоғары (бірінші) деңгейін білдіреді, ҚР Президентіне есепті. Ұлттық Банкі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өзінің дербес балансы болады, өзінің филиалдарымен,

өкілдіктерімен және ұйымдарымен бірлесіп тікелей бағыну схемасындағы біртұтас орталықтандырылған құрылымды құрайды. Ұлттық Банк ҚР-да және одан тыс жерлерде өздері болатын елдің заңдарын ескере отырып өз филиалдары мен өкілдіктерін аша алады. ҚР Ұлттық Банкісінің негізгі мақсаты ҚР-да бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. ҚР Ұлттық Банкіне мынадай міндеттер жүктеледі:

- мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;
- төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру;
- қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

ҚР Ұлттық Банкі төменнен жоғарыға қарай бағыныстағы біртұтас орталықтандырылған құрылым құрайды. Ұлттық Банктің органдары басқарма және директорлар кеңесі (директорат) болып табылады. Ұлттық Банк құрылымына департаменттер мен басқа да бөлімшелер, филиалдар, өкілдіктер мен ұйымдардан тұратын орталық аппарат кіреді. Ұлттық Банктің жоғары органы басқарма болып табылады. Ұлттық Банктің оперативті басқарма органы ҚР Ұлттық Банктің директорлар кеңесі Ұлттық Банктің оперативті басқару органы болып табылады.

Негізгі функциясы

Ұлттық Банк өзінің құзыреті шегінде басқа елдердің орталық банктерімен және банктерімен қарым-қатынастарда, халықаралық банктерде және өзге қаржы-несиелік ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді.

Ұлттық Банк өзінің міндеттерін орындау кезінде пайда алу мақсатын басшылыққа алмауы тиіс.

Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Президентіне бағынышты, бірақ өз қызметін жүзеге асыруда оған заңнамада берілген өкілеттіктер шегінде тәуелсіз.

Ұлттық Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметімен үйлестіреді, өзінің қызметінде Үкіметтің экономикалық саясатын ескеріп отырады және егер өзінің негізгі функцияларын орындауға және ақша-несие саясатын жүзеге асыруға қайшы келмейтін болса, оны іске асыруға жәрдемдеседі.

Ұлттық Банк сатылап бағыну схемасы бар біртұтас орталықтандырылған құрылымнан тұрады. Ұлттық Банктің жоғары органы Басқарма, ал жедел басқару органы Директорлар кеңесі болып табылады.

Ұлттық Банктің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Негізгі мақсатын іске асыру үшін Ұлттық Банкке мынадай міндеттер жүктеледі:

- мемлекеттің ақша-несие саясатын әзірлеу және жүргізу;
- төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру;
- қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

Ұлттық Банк өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай негізгі функцияларды орындайды:

- Қазақстан Республикасында мемлекеттік ақша-несие саясатын жүргізеді;
- Қазақстан Республикасының аумағында банкноталар мен монеталардың эмиссиясын жүзеге асырады;
- банктердің банк функцияларын жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасының Үкіметі және келісімдері бойынша басқа да мемлекеттік органдар үшін банк, қаржы жөніндегі кеңесші және Үкіметтің агенті функцияларын жүзеге асырады;
 - төлем жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастырады;
 - Қазақстан Республикасында валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асырады;
 - Ұлттық Банктің алтын валюта активтерін басқарады;
 - қаржы ұйымдарының қызметін бақылауды және қадағалауды, сондай-ақ олардың Ұлттық Банктің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша қызметін реттеуді және басқасын жүзеге асырады;
 - Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады.

Ұлттық Банктің құрылымына мыналар кіреді:

- 11 департаменттен (1 департамент Астана қаласында), 10 жеке басқармадан және 1 жеке бөлімнен тұратын орталық аппарат
 - 16 аумақтық филиал және Алматы қаласындағы екі филиал — Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы және Ұлттық Банктің қызметін қамтамасыз ету орталығы
 - Ұлттық Банктің Ресей Федерациясындағы өкілдігі
 - 4 есеп беретін ұйым:
 - «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны
 - «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктік сервис бюросы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны
 - «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны
 - «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны
- Ұлттық Банк:
- «Қазақстанның салымдарға кепілдік беру қоры»
 - «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры»
 - «Қазақстанның ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры»
 - «Қазақстан Ақтуарлық орталығы»
 - «„Q-BRO“ Қазақстан Ұлттық Банкі Резервтік Орталығы» акционерлік қоғамдарының құрылтайшысы болып табылады.

Ұлттық Банк «ГНПФ» жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы акционерлерінің бірі болып табылады

ҚР Ұлттық Банкі орталық аппаратының құрылымы:

- зерттеу және статистика департаменті;
- төлем балансы және валюта реттеу департаменті;
- заң департаменті;
- монетарлық операциялар департаменті;
- бухгалтерлік есеп департаменті;
- ақпараттық технологиялар департаменті;

- ішкі аудит департаменті;
- қызметкерлермен
- жұмыс департаменті;
- қолма-қол ақшамен жұмыс басқармасы;
- халықаралық қатынастар басқармасы;
- төлем жүйелері басқармасы;
- Ұлттық Банк басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы;
- операциялау басқармасы;
- монетарлық операцияларды есепке алу басқармасы;
- бюджетті жоспарлау және бақылау басқармасы;
- автоматтандырылған банк ақпарат жүйелерін енгізу басқармасы;
- қауіпсіздік басқармасы;
- құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасы;
- шаруашылық басқармасы;
- үйлестіру басқармасы (Астана қаласы);
- бірінші бөлім.

ҚР Президентінің 2003 ж. 31 желтоқсандағы Жарлығымен^[9] ҚР Ұлттық Банкі қайта ұйымдастырылды, одан ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі бөлініп шығарылды. ҚР Президентінің 2004 ж. 10 желтоқсандағы Жарлығымен^[10] ҚР Ұлттық Банкінің орталық аппаратының құрылымына мынадай өзгертулер енгізілді: қолма-қол ақшамен жұмыс және төлем жүйелері басқармалары департаменттер болып қайта құрылды; монетарлық операцияларды есепке алу басқармасы құрылды.

СӨЗДІКТЕР

Ақша – кез-келген тауар құнын өлшеу үшін қолданылатын жалпыға ортақ эквивалент.

Ақша айналысы – тауар айналысы процесіндегі қолма қол ақша қозғалысы және төлемақыны жүзеге асыру кезінде қызмет көрсету, сонымен қатар кәсіпорындар мен қаржы-несие мекемелерінің арасындағы ақшалай қаражаттардың алмасуы.

Ақша жүйесі – жалпы мемлекеттік заңдармен реттелген елдегі ақша айналысының ұйымдастырылу формасы.

Ақша бірлігінің атауы – ҚР ақша бірлігі ретінде 100 тиыннан құралған 1 теңге болып табылады.

Ақша реформасы – ұлттық валютаның ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мемлекетпен жүзеге асырылатын шаралар жиынтығы.

Айлық есептік көрсеткіш – зейнетақы, жәрдемавқы және басқа да төлемақыларды есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салық төлемдері мен басқа да төлемдерді қолдану үшін республикалық бюджет туралы заңда жыл сайын белгіленетін көрсеткіш.

Акциздер – акцизделетін тауарларға және қызметтің акцизделетін түрлеріне салынатын, олардың бағасына қосылатын және сатып алушы төлейтін жанама салықтардың түрі.

Акционерлік қоғам – жарғылық қоры акционерлердің арасында таратылған акциялардың белгілі бір санына бөлінгензани тұлға, акциялардың саны олардың пайдадан өзінің үлесін (дивидендтер) алу құқығын куәләндырады.

Акция – акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысуға, ол бойынша дивиденд және акционерлік капиталына қатысатын және иеленушісіне қоғам таратылған жағдайда олның мүлкінің құқықтарды куәләндыратын бағалы қағаз.

Арнаулы салық режимі – салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін белгіленетін және жекелеген салық түрлерін және жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемді есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептемесін берудің оңайлатылған тәртібін олдандуды көздейтін бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібі.

Аудит – аудитордың келісім шарт негізінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің бухгалтерлік (қаржы) есептемесін, төлем есеп айырысу құжаттамалар, салық мағлұмдамаларын және басқа қаржылық міндеттемелер ведомстводан тыстәуелсіз тексерулерді жүзеге асыру жөніндегі кәсіпкерлік қызмет түрі.

Банкроттық – ұқаржылық күйреу, жұтау, жоспардың күйреуі.

Бекітілген бюджет - тиісті қаржы жылына арналған, Қазақстан Республикасының Парламенті немесе тиісті малихат бекіткен құжат.

Бөлшек сауда – тауарларды тұтынушыларға олардың жеке пайдалануы үшін сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет

Банк – бұл банктік қызметті жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға.

Брокер – қор және тауар биржаларында, валюта нарықтарында таураларды, бағалы қағаздарды, валюталар мен басқа да құндылықтарды сатып алушылар мен сатушылар арасында мәміле жасау кезінде арада жүретін делдал.

Бюджет – мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржымен қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры.

Бюджет жүйесі – бюджеттердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік процестер мен қатынастардың жиынтығы.

Бюджет профицитін пайдалану - қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге бюджет профицитін, қарыздар қаражатын, бюджет қаражатының қалдықтарын жұсау. Бюджет профитин пайдалану көлемі қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу сомасының алынған қарыздар және бюджет қаражаты қалдықтарының қозғалысы сомасынан асып түсуі реінде белгіленеді.

Бюджет тапшылығы – таза бюджеттік кредит беруді және қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдоны шегеріп тастағанда операциялық сальдоға тең тапшылық. Теріс белгімен алынған шама – бюджет тапшылығы, оң белгімен алынған шама бюджет профициті болып табылады.

Бюджет кірістері - салық және басқа да міндетті төлемдер, ресми трансферттер, мемлекетке қайтарымсыз берілетін және мемлекеттің қаржы активтерін сатуға байланысты емес, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес бюджетке есептелуге тиіс ақша.

Бюджеттік шығындар – қайтымсыз негізде бөлінетін бюджет қаражаты.

Валюталық саясат – бұл елдің ағымдық және стратегиялық мақсатына сәйкес, халықаралық валюталық және басқа экономикалық қатынастар аумағында жүзеге асырылатын шаралар жиынтығы.

Валюталық реттеу – нормативтік құқықтық актілерді жасау және бекіту, ақпараттар жинау, валюталық заңдылықтардың орындалуына бақылау жасау, заңмен көзделген санкцияларды қолдану шаралары.

Диверсификация – зейнетақы активтерінің жоғалып кету қатерін азайту мақсатында оларды уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес қаржы құралдарына орналастыру.

Дивиденд – акционерлерге қолында бар акцияларының құндылықтарына қарай жыл сайын төлеп отыратын және акционерлер арасында бөлінетін акционерлік қоғам пайдасының бір бөлігі.

Дисконт – қор биржасында сатылатын бағалы қағаздардың бағасы мен оның ағымдағы биржалық бағамының арасындағы айырма.

Жалпы табыс – кәсіпорынның, фирманаң өнім, тауарлар өндіру мен сату, қызметтер көрсету нәтижесінде алынған ақшалай есептелген жиынтық табысы.

Жалпы ұлттық өнім – кеңінен таралған макроэкономикалық көрсеткіштердің бір, ол елдің бір жыл бойына өнідірілген дайын өнімнің нарықтағы бағамен есеителге құны болып табылады.

Жалпы ішкі өнім – аса маңызды микроэкономикалық, жалпылама көрсеткіштердің бірі, ол осы елдегі де сондай –ақ басқа елдердегі де өндіріс факторларын пайдалана отырып, ел ішінде бір жыл бойына жасалған түпкі өнімнің нарықтық бағамен есептелген жиынтық құнын білдіреді.

Инвестициялар – лизинг шартын жасаған кезден бастап лизинг заттарын, сондай – ақ оларға құқықтарды қоса алғанда заңды тұлғаның жарғылы капиталына

инвестор салатын мүліктің барлық түрлері немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді ұлғайту.

Қазынашылық міндеттеме – ерікті негізде халық арасында таратылатын мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі, ол иелерінің ақшалай қаражатты бюджетке аударғанын куәләндырады және осы бағалы қағаздарды бүкіл иелену кезеңінде тіркелген табыс алуына құқық береді.

Қаржы – ақша құражатын, қаржы ресурстарын олардың жасалуы мен қозғалысы, бөлінісі мен қайта бөлінісі турғысынан алып қарайтын, сондай – ақ шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы өзара есеп айырысуларға, ақша айналысына байланысты туындайтын экономикалық қатынастарды білдіретін қорытындылаушы экономикалық термин.

Қаржы менеджменті – кәсіпорында инвестицияларды қоса барлық қаржы процестерін қалыптастыру және реттеу, жоспарлау, шешімдер қабылдау, өкімдер әзірлеу және бақылау сатыларын қамтиды.

Қаржылық саясат – экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі; мемлекеттің өз функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін қаржыны ұйымдастырып, пайдалану шараларының жиынтығы; қаржы ресурстарын жұмылдыру, оларды тарату нысандары мен әдістерінде қаржы заңнамасында мемлекеттік кірістер мен шығыстар құрылымында көрініс табады.

Қор биржасы – бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушылары құратын акционерлік қоғам нысанындағы өзін - өзі реттейтін коммерциялық емсе ұйым.

Конверсиондық операциялар - сол елдің қолма-қол және қолма-қолсыз ұлттық валюталарына қолма-қол және қолма-қолсыз шетел валюталарын сатып алу және сату мәмілелері.

Қаржы лизингі – бұл уақытша пайдалануға берген лизинг затының мерзімі ішінде өзінің толық амортизациялық құнын төлеп шығаруымен немесе өзін өзі өтеуімен байланысты ұзақ мерзімді лизинг.

Материалдық емесп активтер – жылдық жиынтық табыс алу үшін ұзақ мерзімді кезең ішінде пайдаланылатын активтер.

Мемлекеттік бюджет – араларындағы өзара өтелетін операцияларды есепк алмағанда, республикалық және жергілікті бюджеттерді біріктіретін, талдама-лы ақпарат ретінде пайдаланылатын және бекітуге жатпайтын жиынтық бюджет.

Мемлекеттік кредит – кредит қатынастарының жүйесі, бұл қатынастарды мемлекет өз органдары арқылы қарызгер, алд жеке және заңды тұлғалар кредиторлар болып табылады. Мемлекеттік кредит арқылы қайтарымдылық негізінде мемлекеттің шығындарын қаржыландыру үшін ақшалай қаражаттар шоғырландырады.

Негізгі құралдар – қызмет ету мерзімі бір жылдан асатын материалдық активтер.

Облигация – шығару кезінде айналыс мерзімі алдын-ала белгіленген, оны шығару шарттарына сәйкес облигацияны шығарған тұлғадан ол бойынша сыйақы алу және оның айналыс мерзімінің аяқталуы бойынша облигацияның ақшалай немесе эзге де мүліктік балама түріндегі нақты құнын алу құқығын куәләндыратын бағалы қағаз.

Сақтандыру – сақтық ұйымы өз активтері есебінен жүзеге асыратын сақтық төлемі арқылы сақтандыру шартында белгіленген сақтық жағдайы немесе өзге де оқиғалар туындаған кезде жеке немесе заңды тұлғаның заңдылық мүдделерін мүлдіктік жағынан қорғауға байланысты қатынастар кешені.

Салықтар – мемлекеті біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер.

Секвестр – бюджет қаражаттарын жұмсауға белгілі бір шектерде тиым салуды көздейтін арнайы тетік, ол бюджетті атқару кезінде бекітілген бюджетке түсетін түсімдер қысқартылған, соның нәтижесінде бекітілген бюджеттік бағдарламаларды толық көлемде қаржыландыру мүмкін болмайтын жағдайда енгізіледі.

Төлем балансы – төлем түріндегі ақшаның елден елге қозғалуын сипаттайтын кете, тізімдеме. Төлем балансы елдің шетелде белгілі бір кезең бойына төлеген төлемдері мен осы кезең бойына елге түскен төлемдер сомасының арасалмағын сипаттайды тез іске асатын бағалы заттарды немесе бағалы қағаздарды кепілге алып, берілетін несие.

Төтенше мемлекеттік бюджет – республикалық және жергілікті бюджеттердің негізінде қалыптастырылатын және Қазақстан Республикасындағыб төтенше немесе соғыс жағдайларында енгізілетін бюджет. Төтенше мемлекеттік бюджетті бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және Қазақстан Республикасының заңдылығында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітіледі.

Трансферттер – бюджетке және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, сондай-ақ бюджеттен, соның ішінде жеке немесе заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бюджетке төленетін өтеусіз және қайтарылмайтын төлемдер.

Ұлттық қор – Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі шотында шоғырландырылатын, мемлекеттің қаржылық актив түріндегі, сондай – ақ материалдық емес активтерді қоспағанда өзге де мүлік түріндегі активтер.

Хеджирлеу - белгілі бір шетел валютасында активтерді және міндеттемелерді сатып алу барысында бағамдық айырманың пайда болуымен байланысты мүмкін болар зияндардан қорғау (сақтандыру) тәсілі болып табылады.

Пайыз тәуекелі – берілген несиелерге байланысты пайыз мөлшерлемелерінен тартылған қаражаттарп бойынша төленетін пайыз мөлшерлемелерінің артып кетуі нәтижесінде коммерциялық банктер, несиелік мекемелер және инвестициялық ұйымдар қызметі процесіндегі зияндардың пайда болу қаупі.

Резервтік қор – банк қызметінде пайда болуы мүмкін зияндардың орнын жабу мақсатында құрылған ақшалай қаражаты.

Эмиссиялық бағалы қағаздар – заңдылық актілерде көрсетілген белгілерге сәйкес келмейтін бағалы қағаздар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер

1. Кулпыбаев С.К., Интыкбаева С. Ж., Мельников В.Д. Қаржы. Учебник для вузов. – Алматы: «Экономика», 2011
2. Мельников В.Д. Финансы. Учебник для вузов. – Алматы, ТОО «Экономика», 2013
3. Melnikov V.D. Finance. – Almaty, «Издательство «LEM»», 2016
4. Pamela Peterson Drake, Frank J.Fabozzi. The basics of finance. – Wiley, 2010
Dave Ramsey. Complete Guide to Money. By J.D. Roth. 2011

Қосымша әдебиеттер

1. Омирбаев С.М., Интыкбаев С.Ж. , Парманова Р.С. Адамбекова А.А. Государственный бюджет. – Алматы: ТОО РПИК «Дәуір», 2011
2. Омирбаев С.М., Интыкбаев С.Ж. , Парманова Р.С. Адамбекова А.А. Мемлекеттік бюджет. – Алматы: ТОО РПИК «Дәуір», 2012
3. Искакова У.М. Финансовые рынки и посредники : учебник. – Алматы: Экономика, 2012
4. Besley S., Brigham E. F. Principless of Finnance. – Mason: Cergage Learning, 2009
5. Ермекбаева Б.Ж. Салық салу негіздері: оқққ құралы, 2013
6. Сапарова Б.С. Финансовый менеджмент. Учебник. – Алматы «Экономика», 2015
7. Н.К. Кучукова, Р.К. Берстембаева. Управление финансовой стабильностью. – Астана «Мастер По» , 2013
8. Мерзімді басылымдар, нормативтік- құқықтық құжаттар, интернет-ресурстары (www.minfin.gov.kz, www.stst.gov.kz, www.kase.kz, www.investfunds.kz, www.nationalbank.kz және басқалар)